

8

1 2009

200884

М. Балақаев

Тіл
МӘДЕНИЕТІ
ЖӘНЕ
ҚАЗАҚ
ТІЛІН
ОҚЫТУ

М. БАЛАҚАЕВ

Т-сә 12.183
1989

ТІЛ
МӘДЕНИЕТІ
ЖӘНЕ
ҚАЗАҚ
ТІЛІН
ОҚЫТУ

АЛМАТЫ «МЕКТЕП» 1989

ББК 81.2Қаз-7
Б22

Балақаев М.

Б 22 Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту — Алматы, Мектеп.— 1989.— 96 бет.

ISBN5-625-00479-X

Кітапта әдеби тіл мен тіл мәдениетінің өзара байланысы, қазақ тілін оқыту талаптары, сөйлеу мәдениеті мен шешендік туралы сөз болады. Ауызекі сөйлеу тілін меңгеруді жақсарта түсу жөнінде методикалық нұсқаулар беріледі.

Кітап мектеп оқушылары мен филология факультеттері студенттеріне, мұғалімдерге арналған.

Б $\frac{4602020400-035}{404(05)-89}$ 222—89

81.2ҚАЗ-7

Учебное издание

Балақаев Маулен

ШКОЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ И КУЛЬТУРА РЕЧИ

(на казахском языке)

Редакторы **Н. Сапарбекова**
Суретшісі **Г. Сидоров**
Көркемдеуші редакторы **К. Өтебаев**
Техникалық редакторы **Н. Мельник**
Корректоры **Ө. Құрманова**

ИБ № 4384

Теруге 3.10.88 жіберілді. Басуға 23.02.89 қол қойылды. УГ 19044. Пішімі 60×84¹/₁₆. Баспаханалық № 2 қағаз. Әріп түрі әдеби. Шығыңқы басылыс. Шартты баспа табағы 5,58. Шартты бояулы беттаңбасы 5,813. Есептік баспа табағы 6,016. Тиражы 4370 дана. Заказ № 8711. Бағасы 15 т.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап-сауда істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің «Мектеп» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспектісі, 143-үй.

Қазақстан Компартиясы Целиноград облыстық комитеті баспасының, баспаханасы, Целиноград қаласы, Мир көшесі, 25-үй.

ISBN 5-625-00479-X

«Мектеп» баспасы, 1989 ж.

СӨЗ БАСЫ

Тіл мәдениетінің тірегі — әдеби тілдің нормалары мен стильдік жүйелері. Бұлар әдеби тілдің қоғамдық қызметімен астарласып жататындықтан, «тіл мәдениеті» деген ұғымның аясы кең. Өйткені тілдік нормалар мен тілдің стильдік тармақтарының әдеби тілдің қоғамдық қызметі ұлғаю барысында көп жылдар бойы берік қалыптасқандары да, жаңадан пайда болғандары да бар.

«Мәдениет» сөзін бұрын қоғамның материалды, рухани байлықтарының түрлі тарамдарын қамтиды деп қолдансақ, осы күндері оның жұмсалу аясының кеңейгені байқалады, мысалы: еңбек ету мәдениеті, сауда-саттық мәдениеті, егін жинау мәдениеті, мәдениетті дақылдар. Осылардың қатарында «тіл мәдениеті» деген ұғым да жиі қолданылатын болды.

Бұл атаудың пайда болуы тіл жұмсау дағдымызға қойылатын талаптардың күшеюімен, тіл білімі ғылымының ілгері дамуымен байланысты болса, мақсат — жұртшылықты сол мәдениетке баулу болмақ.

Мәдениетті, әсіресе тіл мәдениеті жоғары азаматтар қатарына қосылу әркімнің-ақ абзал арманы. Ол қасиет бір адамға екінші адамнан бірден «жұға» қалмайды, көп оқып, көп ізденіп, ұзақ жылдар бойы халқының, озат елдің асыл мұраларын, өнер-білімін ерінбей меңгеру, үйрену арқылы кемелденеді.

Жастарды мәдениеттілікке тәрбиелеу — совет халқына коммунистік тәрбие беру жүйесінің өзекті саласы. Сондықтан партиямыздың программасында жастарға жан-жақты білім беріп, мәдениетті, жаңа қоғам өмірінің белсенді азаматы етіп тәрбиелеуге ерекше мән беріледі. Тәрбиенің түрі көп: саяси тәрбие, эстетикалық тәрбие, адамды еңбекке, тәртіптілікке... тәрбиелеу сияқты оқушының тіл мәдениетін арттырудың да мәні зор. Оның тәрбие ошақтары, оқушының тәрбие алатын алтын ордалары — семья, мектеп, еңбек коллективтері, баспасөз, телевидение, радио, кино, театр, жиналыс т. т.

Тіл — адамның барлық саналы өмірінің құралы: өнер-білімді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды ол тіл ар-

қылы үйренеді. Тіл, оның ішінде қазақ тілі де, халықтың барлық іс-әрекетінің, қарым-қатынасының құралы болғандықтан, оның мәдениетін жоғары сатыға көтеру әрбіріміздің борышымыз.

Қазақ халқының тіл мәдениетінің мұрагерлері мектеп оқушылары дейтін болсақ, олардың биік мақсат-міндеті — қазақ тілінің байлығына қанық болу, ойын анық, дәл, айқын, әсерлі, ұтымды етіп айта, жаза алатын болу. Мектеп оқушылары ой-пікірін айқын, әсерлі жеткізу үшін сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлем құрылыстарын, морфологиялық тұлғаларды олардың айтылуына, жазылуына сәйкес дұрыс қолданатын болса, осының өзi-ақ оқушының тіл мәдениеті дәрежесінен біршама көрініс береді.

Алайда, кейбір мектеп оқушыларының сөздерін тыңдап, жазғандарын оқып қынжылатын кездеріміз болады. Мысалы, № 6 республикалық спорт мектеп-интернатының 5-класс оқушысы Қ. «Менің қалаға бірінші келуім» деген тақырыпқа жазған шығармасында былай дейді: «Мен жаңадан келгенде тез балалармен достасып ойнап кеттім. Мектеп-интернатқа келіп орналасқандағы жағдайым жеткілікті. Бірінші тоқсанда екі сабақтан үш боп қалдым. Үш тоқсанда да **Ударниктер** қатарына қосылдым»: Ал А. деген оқушының шығармасында мынадай сөйлемдер кездеседі: «Қалаға келе жатқан мақсатымен спорт мектебіне оқуға келе жатырмын», «мен қалаға бірінші рет келгенде, мен кішкентай едім». Бәрінен де Г-ның мына жазғаны қызық-ақ:

«Сонда мені мамам спорт мектеп-интернатына орналастырды. Орналасқанда мен қуанышым қойныма **сыймай кете жаздады**». Әрине, жазуы жатық, сөзі ширақ, сауатты, айқын ойлы жастар да көп, әйткенмен олар да ана тіліміздің мәдениетіне қанықпыз дей алмаса керек. Өйткені кісінің тіл мәдениетінің дәрежесі әлгі айтқандармен ғана шектелмейді, оның биік эстетикалық талғамымен, тіл байлықтарын саналы түрде игеру сапасымен де байланысты. Әр сөздің өз орнында айтылғанын, ойдың айқындылығымен, дәлдігімен үйлесіп жатқанын, тілде бардың асылы мен жасығын, әдебилігін, нормалығын айыра, талғай алған адамның тілге деген эстетикалық сезімінің де күшті болғаны. Бірақ сол биік талаптарға талпыну, оқушыларды соған тәрбиелеу біреу жылдың міндеті емес.

Мектептерде оқылатын қоғамдық пәндердің ішінде қазақ тілі, қазақ әдебиеті елеулі орын алады. Қазақ тілінің программасы бойынша оқушыларға орфография, орфоэпия, грамматика, пунктуациядан тиісті білім берумен қатар, оқушылардың тілін дамытуға да көңіл бөлінді. Бірақ мектеп тәжірибесінде баяғыдан аяққа тұсау болып келген кемшілік — тілдің бүгінгі қоғамдық қызметіне лайық оның жанды, өмірлік табиғатына, тіл мәдениетіне жеткілікті көңіл бөлінбеді. Орта мектепке арналған қазақ

тілі оқулықтары, оларды пайдаланатын мұғалімдер оқушыларға баяғы құрғақ грамматиканы жаттату сияқты схоластика шатқалынан шыға алмай келеді. Оның орнына (тіпті солармен қатар) тілдің қаңқалы құрылысы ғана емес, тілдің өмірлік қызметіне лайық тіл мәдениетіне, стилистикаға қатысты теориялық, практикалық білім беру міндетін елемеуге бола ма?

Тіл байлығын игеру — ана тілін қадірлейтін, тіл мәдениетінің шыңына қол созатын адамның әрекеті. Тіл арқылы айтылатын ой сөзге, сөз тіркесіне, солардан құралған сөйлемдерге негізделеді. Тілдің бас арқауы — сөз. Арқаусыз кілем, алаша, мата тоқылмайтыны сияқты, сөзсіз сөйлем де құралмайды. Сөйлем адам ойын айтудың негізгі формасы болатындықтан, оқушының сөзден сөйлем құрап, өзгелермен тілдесе, жаза білуі — оның ақыл-ойының дамып, сана-сезімінің арта түскенінің белгісі.

Тіл — әлеуметтік құбылыс. Бала ана тілін қоғам мүшесі ретінде пайдалануды табиғи айналадан үйренеді. Балаға дем алу, тамақтану қаншалықты табиғи болса, жастайынан тіл үйренуі де сондай табиғи. Бірақ олардың әрқайсысының тіл үйрену негізі, болмаса, оның себеп-салдары әр түрлі.

Заттың аты мен заттың өзі бір емес, бірақ затты басқа заттардан айырып тануы арқылы бала сол заттың атын, басқа қасиеттерін біледі. Қой, ат, ит, мысық сияқты заттарды ойыншық арқылы, тірі қалпында көріп-біліп тануы баланың ақыл-ойына олардың атымен бірге қалыптасады да, бара-бара ол атаулар да бала үшін өз үйінде, қорасында көрінген заттары ғана болмай, жалпылық қасиеті бар заттардың абстракт аттары болып ұғынылады. Сөз адамның айналадағы объективті болмысты тануының жалпылама аты, сондықтан оқушының сөз байлығы оңайлықпен қалыптаспайды.

Ана тілін жақсы білу — әркімнің азаматтық борышы, қоғамда атқаратын қызметінің тірегі. Сондықтан бастауыш мектептен бастап бала ана тілін білу, үйрену, тіл мәдениетін арттыруды барлық саналы өмірінің әрекеті деп түсінуі керек.

Тулаған толқындай бірде тасып-төгіліп, бірде ыршып түсін кейін шегініп, сапырылысып жатқан жастық сезім көбінесе оқушыны ілгері жетектейді. Ол ана тілінің алтын қорындағы өміріне керекті байлыққа кенеліп, тіл мәдениетін дамыта түседі. Кейбіреулер «ой, қазақ тілі өз ана тіліміз ғой, оған көп қиналудың не керегі бар? Ол ғылымның өмірлік нысанасы бөрікпен ұрып алатындай жерде ғой» деп те түсінеді. Солай ойлайтын ата-ананың ұшқары пікірінің уыты оқушының жан жүйесіне тарап, ол көпке дейін қазақ тілі пәніне немқұрайды қарайтын болады. Дұрысында, мектептерде оқытылатын «қазақ тілі» оқушы-

ның өзі білетін «табиғи», әрі үйреншікті пәні болатындықтан, оған оңай көрінуі де түсінікті, бірақ ол тарихи мұраның заңдылықтарын, ғылыми негіздерін түсіну — адам ойының заңдылықтарын түсіну деген сөз, оларды білу қиын-ақ. Сонымен қатар олар тілдің өмірлік мәселелерін жақсы білу міндетімен ұшта-сып жатады.

Әркімнің, оқушының да сөз білу дәрежесі екі түрлі: кейбіреулер көптеген сөздердің мағыналарын, жұмсалып аясын жақсы түсініп, сөйлеген сөзінде, жазған жазуында емін-еркін пайдаланады. Ондайды «актив қор» дейміз. Ал бірқатарымыз сөздерді басқалар айтып тұрғанда, мағынасын түсінеміз, бірақ өзіміз ол сөздерді емін-еркін пайдаланбаймыз, өйткені оларды жақсы білмейміз. Сондай еміс-еміс естілетін, жадына әбден ұяламаған, бірақ өзің шала білетін сөздерді «пассив қор» дейміз. Мақсат — актив қорды молайту.

Халық тілі сөзге бай. Сол байлықтардың ішінде біз бұрын есітпеген, түсініксіз, мән-жайын білмейтін де сөздер көп. Мысалы, *нәпір, көшет, қарық, тыма, сүдігер* сөздерін екінің бірі біле бермейді.

Сөздердің әдебиетке еніп, жалпы халыққа бірдей түсінікті болғандары бар да, ескіріп қолданудан қалып бара жатқандары, әдебиетке көп енгендері, диалектизмдер, профессионализмдер, түрлі ғылым, өнер, кәсіп саласына тән терминдер де бар. Солардың бәрін білу мүмкін емес. Сонда да көп білуге тырысқан кісі түрлі әдебиетте жиі кездесетін сөздерді жақсы «актив қор» ретінде білуге тиіс.

Барлық тілдің сөз байлығы бірдей емес...

Бір тілде бар сөздердің баламасы екінші тілде бола бермейді. Мысалы, өзбек тілі сөздіктерінде *самай, езу* деген сөздер жоқ, яғни оларды басқаша, өздерінше атамайды. Орыс тілінде гүлдің жүздеген аты бар, қазақ тілінде *қызғалдақ, сарғалдақ, райхан* сияқты он-он бес сөз бар да, шөптің, өсімдіктің мал жейтіні-жемейтінінің саны екі мыңнан асады: *ебелек, жусан, ажырық, күйреуік, ыраң, шытыр, атқұлақ, есекмия* т. т. Орыс тілі сөзге бай, Дальдің сөздігінде 200 мыңдай сөз қамтылған, қазақ тілінің сөз байлығын онымен салыстыруға болмайды (қазақ тілінде көп болғанда 100 мыңдай сөз болу керек). Солай болғанмен жоғарыда аталған шөптердің орыс тілінде бірқатарының аты жоқ, түйе малына қатысты атау орыс тілінде екеу-ақ: *верблюд, верблюжонок*. Басқаларын екі өркешті, бір өркешті еркек, ұрғашы сияқты сөздерді түйе сөзіне анықтауыш етіп айтуы арқылы ажыратады. Ал қазақ тілінде ол жануарлардың өздеріне тікелей және жанана түрде қатысты сөздердің саны 70 шақты, түйе: *нар, інген, бура, атан, тайлақ, үлек, бота* т. б.

Бұл нені көрсетеді? Әрбір тілдің сөз байлығына сол халықтың өміріне, тіршілігіне, тұрмысына керекті, солардың негізінде танымалы болған заттардың аттары енеді де, іс-әрекет, тіршілігінде керегі болмаған, танылмаған заттардың аттары бола бермейді. Қазақ халқы атам заманнан мал шаруашылығымен кәсіп еткен. Сондықтан қазақ тілі төрт түлік малға, олардың жемшөбіне қатысты сөздерге бай, ал өзбек тілі егін шаруашылығына қатысты сөзге бай.

Біраз оқушылар ел арасында, кейбір тілдік мәдениеті төмен кісілер арасында үйренген жаттанды, төмен қол сөздерден көпке дейін арыла алмайды, «әдет — әдет емес, жөн әдет» екені ойына кіріп шықпайды. Үйреншікті, дағдылы нәрселердің бәрінің жатығы білінбей, жақсылықтың нышаны сияқты болатыны да рас, дегенмен диалектизм, жаргон, былапыт сөздерді қолдану жаман әдет екенін түсініп, ондайдан арылу үшін аңдап, ойланып сөйлеу, ана тілінің асыл сөздерін оқып біліп, естіп, көңілге тоқу қажет.

Кейбір оқушылардың тілі қазақша болғанмен, сөйлеген сөзі сылбыр, ынжық, пәлендей әсерлі болмайды, *жаңағы, нетіп* сияқты басы артық сөздерді көп қолданады.

Тыңдаушының ықыласын өзіне аударып, делебесін қоздырып, еліктіре алмаған сөз — жасық сөз. Айтылған ой жігерлі, жалынды жастың аузынан шығып, нысанаға дәл тиіп жатса, ана тілінің құдіреті сонда байқалады.

Орта мектепті бітіргендердің ана тілінен білім дәрежесінің қандай екенін жоғары оқу орындарына түсу алдындағы сынақтарда байқауға болады. Олардың көпшілігінің қазақ тілінен дайындығы жақсы болғанмен, кейбірінің тіл мәдениеті дәрежесінің төмендігі байқалады:

1. Жазуларында бадырайып тұрған стильдік қателер кездеседі, орфографиялық, пунктуациялық қателер самсап тұрады.

2. Көптеген оқушылардың тіл мәдениетінің төмен екенін көрсететін кемшілік — олардың сөздік қорының жарлылығы. Сөздік қордың аздығы — оқушының ой өрісінің тарлығын да байқатады. Олар тілде бар синонимдерді жақсы білмегендіктен кейбір сөздерді орынды-орынсыз қайталайды, кейде сөздерді өз орнында қолданбай, мағыналық үйлесімі жоқ еркін және тұрақты тіркестер құрамында жұмсайды.

3. Оқушылардың әлемге әйгілі, әдебиетте жиі кездесетін термин сөздерді, олардың мағыналарын түсінбеуі де елеулі кемшілік.

Жастар оқып-үйрену арқылы өміріне керекті білім қағидаларына, соның бірі тіл білімі қағидаларына қанық болумен қатар, олардың еңбексүйгіштік, идеялық, моральдық, эстетикалық, мә-

дениеттілік дәрежелері жоғары болуы тиіс. Баланың эстетикалық талғамын, көрікті, көркемдікті, жақсы мен жаманды айыра алу қабілетін тәрбиелеу семьядан, әсіресе, мектептен басталады. Мектепте ол тіл мен әдебиетті оқыту пәндеріне де жүктеледі. Сондықтан да бастауыш, орталау, орта және жоғары оқу орын дарының оқу жоспарында ана тілі мен әдебиеттану ғылымдары елеулі орын алады.

Мектеп реформасының талаптары тұрғысынан оқу орында рында қазақ тілі пәнін оқытудың міндеттері ерекше. Оқушылардың мектептен алатын тәлім-тәрбиесі келешектегі еңбек майданы өмірінің арқауы болса, бірқатарының болашағы жоғары оқу орындарында оқып, өздерін тәлімгерлікке дайындау болмақ. Қазақ тіл ғылымының практикалық және теориялық негіздерін жақсы білу үшін бұл пәнді жалпы білім беру және кәсіптік мектептер реформасының негізгі бағыты талабына лайық оқыту мектеп программалары мен оқулықтарына елеулі өзгерістер енгізумен шектелмейді. Олар ұшқыр ойлылықты, алғыр әрекеттілікті керек қылады. Білімділік, мәдениеттілік, сауаттылық, ұшқыр ойлылық... оқушыларға кәсіптік бағдар беруде, оларды қоғамды еңбекке тартуда елеулі роль атқарады.

Қазіргі кезде қос тілді білу, қостілділік концепциясы уақыт талабына сай жаңа күшпен алға қойылып отырғаны баршамызға мәлім. Бұған әсіресе Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қазақ және орыс тілдерін оқып-үйренуді жақсарту туралы қаулылары соны серіпін бергенін айта кеткен орынды. Қазақстанда бұл қостілділік қана жайып отырғанда, екі тілді жақсы білу әрбір азаматтың абыройлы парызы. Осы бағытта республикамызда айтарлықтай жұмыстар жүргізіліп, қазақ, орыс тілдерін оқытуға қажетті оқу құралдары, сөздіктер мен тілашарлар көптеп шыға бастады. Оның үстіне оқу, оқыту жұмыстарының сапасын жақсарту шаралары қарастырып, тиісті құралдармен қамтамасыз етіп жатсақ, құбақұп.

«Қазақ тілі» пәні мен «қазақ тілі мәдениеті» арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ деп танушылар болып келді. Олардың жеке пән ретінде алшақтығы едәуір болғанмен, тіл жұмсаудағы объектілерінің тұтасып кететіні рас. Сол тұтастық жоғары оқу орындары мен мектеп тәжірибесінде көбінесе еленбейді де. Күнделікті сабақтың, мысалы, фонетикалық, лексикалық, грамматикалық қағидаларына тіл мәдениетіне тән мысалдар кейде қамтылып, кейде сыймай қалатыны болады. Соңғылар көп жылдарға шейін (тіпті қазір де) бірде еленіп, бірде еленбей келді. Бұл екі саланың басын біріктіріп оқыту не біріктірмей дербес пән ретінде, әсіресе арнаулы курс ретінде тыңдаушыға

білім беру көбінесе оқытушының білгірлігімен, методикалық шеберлігімен байланысты. Бірақ оның қолында программа, оқу құралдары болуға тиіс.

Тіл ғылымы онша дами қоймаған кезде, «сөз тіркесі» оқшаланбай, жай сөйлем құрамында, тілдің «сөзжасам жүйесі» — сөз таптары аясында үстіртін қаралып келді. Енді бұлардың әрқайсысы өз алдына отау тіккен дербес ғылым салалары болып отыр. Солар сияқты тіл мәдениеті де ерекше пән дәрежесіне көтерілуі керек.

Қазақ тілін оқытудың негізгі мақсаты — оның барлық салаларының жүйесін, заңдылықтарын оқушыларға, студенттерге білдіру болса, тіл мәдениеті ілімінің ондағы негізгі мақсаты — әдеби тілде барды дұрыс таңдап, талғап сөйлеуге, жазуға, сауаттылыққа үйрету, олардың тіл мәдениетінің сапасын жоғары сатыға көтеру болмақ. «Тіл мәдениеті» деген жаңа ілім қазақ тілімен кездейсоқ байланыста болғаны болмаса, саналы түрде ол екеуінің басын түйістіру мақсаты оқыту процесінде, программаларда, оқулықтарда еленбей келді. Әдеби тілдің қоғамдық қызметі барынша артып отырған қазіргі өмірімізде қазақ тілінің барлық тарамдарын бұрынғыша оқшау қалпында жаттанды догмаға айналдырмай, олардың тіл мәдениеті мен стилистикаға қатысын, өзара байланысын ескеріп оқыту қиын да болар, бірақ соған бет бұру керек.

Жоғары білім жүйесін қайта құру, Мектеп реформасын іске асыру, түптеп келгенде, кадрларды сапалы етіп дайындауға негіз болады. Ол үшін әрбір пәннен жастарға білім беру амал-тәсілдерін қайта қарап, оны өмір талабына сай ету керек.

Жоғары оқу орындарында және мектептерде оқитын жастардың оқып-үйрену белсенділігін арттыру, ол үшін өз бетімен жұмыс істеу, іздену мақсаттары негізгі талаптың бірі болып отырған жағдай. олардың және оқытушылардың қолында көмекші құралдардың болуын керек етеді. Осы орайда қазақ тілі пәнінің тіл мәдениетімен байланысы жөніндегі бұл еңбектің көмегі тиер деп ойлаймыз.

Автор.

І. ӘДЕБИ ТІЛ ЖӘНЕ ТІЛ МӘДЕНИЕТІ

І. ӘДЕБИ ТІЛДІҢ СИПАТТАМАСЫ

Тіл мәдениеті жоғары адамдардың әрдайым көз тігетін жарық жұлдызы — әдеби тіл. Өйткені соңғы — екшелген, сұрыпталған мәдени тіл, белгілі қалыпқа түскен стандартты әрі ресми тіл, халық тілінің шұрайлы байлықтарымен сусынданған, көркем, өткір тіл. Солардың бәрі жалпыхалықтық сипат алып, тілдік нормалар біршама тұрақталып, жаңа нормалар пайда болды, стильдік жүйелері сараланып, қоғамдық қызметі кеңейді. Солардың бәрін игеріп, игілікті іс-әрекетіне пайдалану кісін тіл мәдениетіне жетектейді.

Мәдениетті адамның көп қырлы сырының бір көрінісі — тіл мәдениетінің жоғары болуы.

Әдеби тілдің не екенін, оның халық тілінен айырмашылығын қарым-қатынасы қалай болатынын білмей тұрып, тіл мәдениетінің биік шыңына қол созуға болмайды. Өйткені тіл мәдениетінің қағида, талаптары жазба әдеби тіл мен «ауызша әдеби тіл» дегеннің арақатынасынан пайда болады.

Тақырыбымыздың не екеніне қанық болмай тұрып, тон пішуге болмайды. Оның теориялық та, практикалық та мәні зор. Біздіңше әдеби тілдің қысқаша сипаттамалары мыналар¹.

Ғасырлар бойы жасалып, үздіксіз даму, жетілу процесіндегі тілдің тарихи дәуірлері оны жасаушы халықтың тарихымен ой-санасының даму процесімен байланысты. Сондай даму кезеңінің бірі, әдеби тіл болып қалыптасу дәуірі. Әдеби тіл — халық тілінің жоғары формасы екені, оның басты-басты белгілері өзінен өзі түсінікті сияқты. Дегенмен де әдеби тіл жайындағы көзқарастар әр қилы. Көркем әдебиетке қатысты етіп, «әдеби тіл деп көркем сөз шеберлері шыңдаған тілді айтамыз» (М. Горький) десе, әдебиеттің толып жатқан басқа да салаларындағы

¹ Оның толық түрі «Әдеби тіл және оның нормалары» деген кітабымызда (1985) берілген.

тілдің қоғамдық қызметін ескеріп, кейбіреулер «әдеби тіл — жазба тіл», ал тағы біреулер «әдеби тіл — нормаланған тіл» дейді. Қазақ тіл мамандары мен әдебиетшілерінің әдеби тіл туралы пікір айтпағандары кемде-кем. Бірақ олардың ешқайсысы әдеби тілдің анықтамасы мынау, сипаттамасы мынау деп, соқырға таяқ ұстатқандай пікір айтқан емес. Міне, осылай әдеби тілдің тарихы жайында пікірлердің шым-шытырық болуы әдеби және әдеби емес тілді айыра алмаудан, әдеби тілдің сипаттамасы қалай болмақ, анықтамасы не болмақ дегенге мән бермеуден деп білеміз. Әдетте бір категорияның не екенін білмей, айқындай алмай тұрып, оның басқа мәселелерін дұрыс шешу мүмкін емес.

Расында қазіргі әдеби тіліміз бір қырынан қарағанда халықтың сөйлеу тілінен пәлендей айырмашылығы жоқ болып көрінеді. Сондықтан оны анықтаудың, сыр-сипатын белгілеудің, тарихи кезеңдерін айқындаудың қиын екені де рас. Олар әдеби тілдің құрамын, халық тілі байлықтарын игеру дәрежесін, ол байлықтарды әр алуан әдебиеттің елегінен өткізу тарихын айқындаудың қиындығымен байланысты. Әдеби тілге тән белгілер — оның нормалық сипаты, стильдік тармақтарының салалануы, жұмсалы аясының кеңдігі т. т., әлі күнге дейін зерттеу объектілері болмағандықтан, басқалар олар туралы үзілді-кесілді пікір айтпады деп қынжылуға да болмайды.

Біздің де бұл айтқандарымыз әлгілерді толық зерттеуден шыққан қорытынды емес. Дегенмен солар жайындағы көп жылғы байқауларымызға және әдеби тілдің сипаттамалары жайында орыс зерттеушілерінің пікірлеріне сүйеніп, халық тілі негізінде жасалған әдеби тілдің басты белгілері мыналар деп білеміз.

Әдеби тілге қалыптасқан нормалар тән. Халық тілінің байлығы ұшан-теңіз, әр қилы: онда жалпы халыққа ортақ дыбыс, сөз байлықтары, грамматикалық құрылыстары болумен қатар, диалектілері де, түрліше айтылып, түрліше ұғынылатын сөздер де, бұзылып-құбылып айтылатын грамматикалық тұлғалар да бар, жаргон сөздер де бар. Солардың бәрі бірдей «алтын қазына» емес. Әдеби тіл керекін ауызекі сөйлеу тілінен алғанда, таңдап, сұрыптап, екшеп, әдебиет елегінен өткізіп алады. Олар көркем әдебиетте, газет-журналда, ғылыми-зерттеу жұмыстарында, барлық қарым-қатынас, іс-әрекетімізде дәстүрге айналып, жүйелі қалыпқа түседі, жалпыға ортақ тілдік әдеби нормалар пайда болады. Бұлар тілдің өн бойында — фонетикада, орфоэпияда, орфографияда, терминдерде, төл, басқа да кірме сөздерде, грамматикалық құрылыста бар. Олардың бірқатары тілдің ішкі заңы бойынша ертеден қалыптасып, әдебиеттік сипат алып кетсе, бірқатары тілді пайдаланушы әдебиет майданының қыз-

меткерлері, ғылым қызметкерлері, тағы басқалардың тіл жұмсауы нәтижесінде тіпті қаулы-қарар, оқулықтар арқылы норма ланады. Тілдік нормалардың баяндылығы тіл мәдениетінің де нышаны; тілдік нормалар неғұрлым берік қалыптасып, жалпы халықтық сипат алса, солғұрлым әдеби тілдің дәрежесі ұлғайып мәдениеті арта түседі.

Айтылған сөздің мәнін өз құлағыңмен тыңдағанда, жазғанда, оқығанда білесің. Екі жақты мұндай әрекеттің нәтижесінде тілдік талғам пайда болады. Тілдік талғамы нашар адамның тіл мәдениеті де төмен болады. Әдетте көп адамның тілдік талғамының өлшемі «дұрыс», «дұрыс емес», «бұлай», «бұлай емес» деумен шектеледі. Ал неге дұрыс, неге солай? (немесе керісінше) дегендердің жауабы әр алуан болуы мүмкін. Сондай субъективті көзқарастар барысында «норма», «норма емес» дегенді айқындай қою да оңай емес.

Расында «дұрыс», «бұрыстардың» табан тірейтін негізі болуы керек. Ол «әдеби» (әдеби тілде орын тепкен), «әдеби емес» (әдеби тілге тән емес) болуға тиіс. Осы тезиске салып қараушылардың тілге, әдеби тілге көзқарастары, әдеби тіл туралы түсініктері, «тілдік талғам» қабілеттері әр қилы болғандықтан нормалауды қиынсынып, одан ат-тонын ала қашатындар көп.

Норма — әдеби тіл құрылысының таңдамалы біршама тиянақты бөлшектерінің жиынтығы. Ол тілдік жүйе (система) дегенмен бір емес.

Тілдік тәсілдер жүйесінде жарыса, бірде олай, бірде былай жұмсалатын, таңдау, талғауды керек ететін бөлшектер ғана нормаланады. Сондықтан «тілдік норма» дегенде тілді нормалау, жазушының тілін, стилін, тілдің стильдік тармақтарын нормалау деп түсінбеу керек. Мысалы, септік, жіктік жалғаулар парадигмалары — жүйелі қалыпта. Солардың жүйесінде өзгешенің алған екі, кейде үш түрлі тұлғалар (бірі аз, бірі көп) жарыса қолданылады. Мысалы, келер шақтық есімшенің екі тұлғасы бар: **-(а) тын, -(е) тін және -тұғын**; қалау райының екінші жағының қазақ тілінде үш түрлі тұлғасы бар: **-йық (йік), -лы (лік), -лы**. Осылардың алдыңғылары өзгелерімен салыстырғанда, жалпыға ортақ, тұрақтылық т. б. қасиеттеріне лайық норма деп есептеліп, қалғандары нормадан жөнді-жөнсіз ауытқу орайында қолданылады.

Осындай тайталастық тілдік категориялар жүйесінің бәрін кездеседі, әсіресе лексикада көп. Оның себебі — тілдің сөз байлығы өзгеріске көбірек ұшырайды, құбылмалы болады. Мысалы *түз—дүз, тізе—дiзе, құдағи—құдағай, диірмен—тиірмен, пісті—пысты, ащы—ашты*.

Тілдік норма — тілдегі бірізділік. Тілдік нормалар әдеби тіл

дің әр кезеңінде әр түрлі болып, олар да әдеби тілдің ілгері даму талабына сай өзгеріске ұшырап отырады. Мысалы, Октябрьден көп жылдар бұрын қазақ әдеби тілінің өзара тайталасқан екі түрі болды: бірі — чағатай әдеби тілімен ұласқан кітаби ақындар әдебиеті және оған қарама-қарсы демократиялық бағыттағы әдебиет. Алдыңғы әдеби тілде жазғандар үшін, мысалы, *мехнат*, *миллат*, *ғұмыр*, *мубада*, *ғамал*, *ғакім*, *харам*, *уағда*, *киладұр*, *тоғры*, *сұрадылар*, *бірлән*, *айтылмыш* деген сияқтылар норма болса, демократиялық бағыттағы әдебиет оларды халықтың сөйлеу тіліндегідей, ауыз әдебиеті дәстүрі негізінде өзгертіп, жаңа нормалар орнатты. Сол дәстүрлер Абай, Ыбырайлардың заманымен, іс-әрекетімен ұласып келіп, қазіргі әдеби тіл теңізіне айналды емес пе? Совет дәуірінің алғашқы жылдары қазақ әдеби тілі үшін ерекше бір кезең болды. Сол тұста түрлі себептермен орыс тілінен енген ұғымдарды, интернационалдық терминдерді қалайда қазақша айту керек деген бағыт үстем болды да, *жандарал* (генерал), *алпауыт* (помещик), *жағрапия* (география), *кеңес* (совет), *тегістік* (социализм), *кіндік* (центральный), қазіргі — орталық) сияқтылар нормаға айналған болатын. Кейін ондайлар өзгертіліп, жаңа, ұтымды нормалар орнатылды.

Әдеби тілдің бір саласы — көркем әдебиет тілі. Ол публицистикалық әдебиет тіліндегідей тілдік нормаларды бекем сақтай бермейді. Ол көркем әдебиет тілінің ерекшелігінен туады. Онда шығарма мазмұндары мен көркем образдары және басқа тілдік бояулары авторлардың баяндауларымен ғана емес, персонаждар мен бөгде біреулердің әңгімелері арқылы да баяндалады. Сондықтан оның тіл орамы айқыш-ұйқыш, тіл байлығы қилы-қилы болуы да түсінікті, әрі заңды, осыны ойласақ, көркем әдебиет тілі сірідей сірескен, тілдік нормаларды сақтау жағынан барынша үлгілі, өнегелі дей алмаймыз. Әсіресе, поэзияда тілдік нормалардан ауытқу күшті болады. Мысалы, *ап*, *қап*, *боп*, *тұғын* әдеби нормаға жатпағанмен, поэзияда ондайды ұйқас, ырғақ үшін қолдану нормадан кешірімді ауытқулар болып табылады. Соның өзінде, ақын не жазушының *тізе*, *түз*, *үнемі* (өне бой, әрдайым), *бейнет*, *баспасөз* сияқты сөздердің нормалық тұрқын бұзып, немесе өзінше өзгертіп, *дiзе*, *дүз*, *бойлай*, *мехнат*, *нашират* деп жазуы оның тіл мәдениетінің төмендігін көрсетеді. Сөйлемдегі сөздердің орналасу тәртібі жайында белгілі синтаксистік нормалар бар. Кейбір авторлар өз баяндауларында жөн-жосығы жоқ, ауызекі сөйлеу тілінде кездеседі ғой деген оймен бар нормалардың тас-талқанын шығарып жаза береді. Ондайды мысалы, «Қарағанды» романынан көбірек кездестірген кісіде, роман авторы оның сөйлемдерін неге «Миллионер», «Шығанақ» повестеріндегідей етіп әрі жатық, әрі әсерлі құрмаған деген сұрақ

туады. «Қарағандыда» *шахта, штрек, забой* сияқты сөздердің көп болуы, олардың көркем әдебиет тілі стилінің сөздік қорына жатпағанымен, шығарма мазмұны тікелей өндіріспен байланысты болғандықтан, автордың ондай сөздерді қолдануы өте орынды. Ал «Отыра кетті ол бір тасқа», «келе жатыр ол алыстан» сияқтылар өлеңді сөйлемде не мүкіс тілді персонаж сөздерінде ғана орынды болуы мүмкін.

Көркем әдебиет тілі әр алуан жанр туындыларының бәріне ортақ құрал болатындықтан, оның жұмсалыу аясының кең-тарлығы әдеби процестің даму дәрежесімен байланысты. Абай, Ыбырайлардың көркем сөз шеберлігінің шыңына қазіргі көп ақындарымыз шыға алды ма екен? Сөйте тұра ол кездегі әдеби тілдің тәрбиелік, қоғамдық қызметі, эстетикалық маңызы дәл қазіргідей болды ма екен? Абайдың асыл мұралары 20—30-жылдардан кейін ғана біртіндеп жалпы халықтың рухани көркем сөз игілігіне айналған жоқ па? Сондықтан әдеби тілдің дәрежесі оның «тазалығымен» өлшенбейді (ол — әдеби тілдің сапасы). Қоғамдық қызметі жалпыхалықтық нышандармен өлшенеді. Сол тұрғыдан алғанда, қазіргі қазақ әдеби тілі жалпыға бірдей ортақ қоғамдық құбылыс ретінде біздің жаңа заманымыздың барлық сфераларында жұмсалатындықтан, оның халық тілінің негізінде жасалған әдебиеттік қасиеті дамып, арта түсіп отыр.

Қазақтың ақын-жазушыларының бәрі бірдей сол қазақ тілінде жазғанмен, оны көріктеу, көркем құрал, эстетикалық тәрбие құралы етіп жұмсау мүмкіншіліктері бірдей емес. Оның үстіне әр жазушы алған тақырыбының идеялық-көркемдік мақсат мұратына лайық шығармасының стилін, тілін өзгелерден өзгешелеу етіп құбылтып отыруы мүмкін. Тіпті, сол мақсатпен бір жазушының екі түрлі шығармасының тілі, стилі екі түрлі болуы береді; бір шығармаға лайықсыз сөз байлығы, басқа да тілдік амалдар, екінші, үшінші туындыға өте орынды болатыны сөзсіз. Жазушыларымыз айта беретін дұрыс қағиданың бірі — «көркем әдебиетте қолданылмайтын сөз жоқ...», сөздерді тандап талғап, сұрыптап қолдану керек» дегенді шығарма мазмұнына жанр ерекшелігіне, көркемдік, кескіндеу мақсаттарына лайық тап пішу деп ұғынсақ бір сәрі ғой. Кейбір жазушылардың диалектизм, жалпыға түсініксіз сөздерді жиі қолдануы өзінше тілдік, стильдік ерекшеліктері сияқты болып барады.

Әдетте бір ақын-жазушының қолданған сөздерін басқалау да қолдана береді. Ондайды бәрімізге ортақ қазақ сөздері де қараймыз. Мақсат сол сөздерді әркім өзінше көріктеу құралы етіп жұмсай білуде, тенеу, әсірелеу, метафора, метонимия сияқты орайда жұмсалған сөздер ғана емес, *асау жүрек, тулаған толқын, жібек жел, күлім көз* сияқты поэтикалық жаңа тіркестей

құрастыра білуде. Мұндайлар көркем әдебиет тілі үшін заңды құбылыс, норма.

Тілдің әдебиеттік нышанының бірі — жазу. Халық тілі жазба әдебиет арқылы өзінің нормалық қасиеттерін жетілдіреді және оның жаңа нормалары жасалады. Сондықтан әдеби тіл халықтың жазу мәдениетімен тығыз байланысты. Баспасөз тіл жауапкершілігін арттырады. Әдебиеттің елеулі, әрі күрделі саласы — көркем әдебиет болса, ол алдымен поэзия, проза жанрлары негізінде дамып келеді. Сонымен қоян қолтық, бірақ әр кезеңде әр түрлі дәрежеде дамып келе жатқан басқа әдебиеттер, газет-журналдар, ғылыми еңбектер, ресми іс қағаздары, оқулық, оқу құралдары..., бәрі де айналып келгенде, халықтың жазу мәдениетіне тіреледі. Жазуы жоқ халықтың әдеби тілі жоқ, болса, ауыз әдебиеті болады. Оның тілі шын мәнінде әдеби тіл болып есептелмейді, өйткені жазба тіл — баспасөз тілі, тілдің әдебиеттілігінің басты белгісінің бірі. Баспасөз, халық тілінің байлықтарын екшейтін елегі. Баспасөз әрі тілдің лексикалық, фонетикалық, грамматикалық құрылыстарын жақсартып, нормаға түсіріп, сымбаттылық қасиетін арттыра түседі. Әрине, жазу пайда болысымен әдеби тіл пайда болмайды және де қағазға түскенін, баспаға басылғанның бәрі бірдей әдеби тіл үлгілері деуге болмайды. 1888 жылдары қазақ тілінде «Дала уалаяты», «Түркістан уалаяты» деген газеттер шығып тұрды, бірақ солармен бірге мерзімді баспасөз тілінің стилі қалыптасты дей алмаймыз. Өйткені олар «Егерде кімде-кім оба науқасына ұшырап қалған мезгілде керек-дүр қылмақтық төменде айтылмыш нәрсені» сияқты тілі қотыр мақалалардан көпке дейін арыла алмады. Дегенмен қазақша жатық жазылған материалдар көбейе-көбейе келіп, олардың тілі біртіндеп бөгде сөздерден арылып, ерекше стильдік қасиетке ие болды. Сондықтан оларды публицистикалық әдеби тіл стилінің басы деуге болады.

Әдеби тілге тән белгілердің бірі — сараланған стильдік тармақтарының болуы. Жазба әдебиеттің көп шығып, көп тарауы тілдің қоғамдық қызметін арттыра түседі. Әдеби тіл қызметінің әр алуандығы тілдің қызмет бабына жанасымды стильдік тармақтарын қалыптастырады. Жазба әдебиет тілі өскелең елдің дәстүрінде жұрттың бәріне ортақ, әрі міндетті болады. Ол күллі қоғамға, қоғам мүшелеріне, саяси-тәрбие жұмыстарына... қызмет ететіндіктен, бір есептен, ресми тіл деп те есептеледі. Олай болуының негізі — әдеби тілдің жалпыхалықтығы. Сондықтан Қазақстанның қай облысында болмасын, ресми емес әдебиеттердің бәрі жалпы қазақ еліне ортақ бір әдеби тілде жазылуға тиіс. Мысалы «Орал өңірі», «Оңтүстік Қазақстан» деген атпен шығатын газеттер — сол өңірдің, сол облыстар өмірі-

нің айнасы, коллективтің үгіт-насихат трибунасы. Солардың әрқайсысы өз облыстары халықтарының тіл ерекшеліктеріне бейімделіп, әдеби тілде бар сөздердің орнына жергілікті диалектизм, профессионализмдерді (ондайға мысалдар көп) жазып шығарып жатса, әдеби тілден ауа жайылғандық болар еді.

Әдеби тілдің біртұтастығын тілдегі бірсарындық деп түсінбеу керек. Оның қоғамдық қызметінің әр алуандығы, жұмсалу орталығы, құралдық қызметі шоғырлана келіп мынадай стильдік тармақтар пайда болып отыр: 1. Көркем әдебиет тілінің стилі; 2. Публицистикалық (газет-журнал тілінің) стиль; 3. Ғылыми-техникалық әдебиеттің стилі; 4. Ресми іс қағаздар тілінің стилі; 5. Оқу-ағарту және педагогикалық әдебиеттің стилі.

Олардың әрқайсысының өз ерекшеліктеріне лайық тілдік қорлары бола тұра, бәрінің де өзара қарым-қатынасына қарай ауыстүйісі де болады. Сондай орайда дамыған әдеби тілдің стильдік тармақтары неғұрлым сараланған, жетілген болса, әдеби тілдің де дәрежесі соғұрлым биік болмақ.

Әдеби тілдің басты сипатының бірі — оның қоғамдық қызметінің әр алуандығы. Әдеби тіл — қоғамдық құбылыс. Әр қоғам оны өзінің мақсат-мүддесінің құралы етіп жұмсауға тырысады. Қазақ әдеби тілінің қоғамдық қызметі Октябрь таңы атқаннан кейін бірден ұлғая түсті, ол қоғамдық өмірдің барлық саласында социалистік ілгері дамуға қызмет етті. Әдебиеттің, мәдениеттің, оқу-ағарту істерінің, ғылыми-саяси әлеуметтік жұмыстардың құралы болумен қатар, солардың дамуына ықпалын тигізді. Сол үшін әдеби тілдің ілгері басуына партиялық басшылық күшейді, жазу мәдениеті, терминдер жүйесі реттелді, қазақ тілін зерттеу, оқулықтар жазу және басқа тіл құрылысы мәселелерін шешу жедел қолға алынды. Осы тұста қазақ тілінің ішкі мүмкіншіліктерін пайдаланып жетілдіре түсуге, әдеби тілді байытуға орыс тілінің де игілікті әсері аз болған жоқ.

Әдеби тілдің осылай қоғамдық қызметі артып, оның халық тілімен, халықтың бұрынды-соңғы әдеби мұраларымен байланысы күшейіп, даму нәтижесінде оның екі түрі қалыптасты: бірі — баспасөз тілі — жазба әдеби тіл де, екіншісі — ауызекі сөйлеу тілінің әдеби формалары.

Сөйтіп, қарапайым қазақ тілінің негізінде әдеби тіл қалыптасуы ауызекі сөйлеу тіліне де әсер етті. Жұрт алдында сөйлеу біздің өміріміздің дәстүрлі іс-әрекетіне айналды. Мәдениетті, білімді, сөз қадірін білген кісі съезде, конференцияда, мәжілістерде, аудиторияда, радио, телевидение алдында, өзара диалогтасқанда... әдеби тілде сөйлеуді мәртебе көреді. Солардың сөзі ауызекі сөйлеу тілінің әдеби түрі деп есептеледі. Халықты әде-

би тілде сөйлеуге тәрбиелеу мектептің, жоғары оқу орнының, баспасөздің, радио, телевиденионың, үгіт-насихат, жиналыс және басқа тәрбие орындарының міндеті.

Сонымен, әдеби тіл дегеніміз — жазба әдебиет арқылы нормалық қалыпқа түсіп, стильдік тармақтары сараланған, қоғамдық қызметі әр алуан тіл. Әрине, ондай қазақ әдеби тілінің фонетикалық, грамматикалық құрылысы, негізгі сөздік қоры халық, ұлт тіліндегіден басқа емес, негізі бір. Бірақ әдеби тіл оның сұрыпталған, кемелденген түрі, сондықтан халық тілінің жоғары формасы дейміз. Оның дамуына ат салысу — әрбір саналы азаматтың абыройлы міндеті.

Ал, әдеби тілді жеке кісінің жасауы мүмкін бе? Қазақ тілі жайындағы әдебиеттерде қазақтың әдеби тілі ХІХ ғасырдың екінші жартысында жасалды, оны жасаушы — Абай, Ыбырайлар деген пікір жиі кездеседі.

Абайдың қандай ақын екенін көбімізден де жақсы білген М. О. Әуезов былай дейді: «әдебиеттенген тіл де — халықтың тілі. Бұлай болғанда, әдебиеттік тіл бір дәуірдің бір ғана жазушысымен бірге туып қана қоймайды... Абайдың сөздігі мен әдебиеттік тіл жасаған ізденулерін, табыстарын алсақ, ол тек Шығыс Қазақстан тілімен жазды деу, біздіңше, жеткіліксіз, дәлелсіз... Ол әдебиет тілін бастаушы ғана емес, өзінен бұрынғы әдебиет тілін халықтық әдебиет тілі сапасында өсіре, байыта, сұрыптай түскен және өз шама-шарқынша қазақ әдебиет тілін жасауда белгілі дәрежеде Қазақстанның көп өлкесінің тіл қазыналығын кеңінен пайдаланып, халықтың әдебиет тілін биік белге шығара түскен классик ақын дейміз»¹.

Бұл өте дұрыс баға Абайдың көркем әдебиет тілін дамытудағы алатын орнының ерекше екендігін аңғартса керек. М. О. Әуезов әдеби тілдің қоғамдық құбылыс, оны жеке адамның жасамайтынын жақсы білген. Бірақ Абай сияқты классик, қайраткер-тұлғаның әдеби тілдің қандай негізде, қандай бағытта даму керектігінің жақсы үлгілерін қалдырып, жөн сілтеуі — оның кемеңгер, ұлы екенін көрсетеді, ХІХ ғасырдың екінші жартысында Абайдың озық ойлы ол әрекетіне қанық болған сол тұстағы демократиялық бағыттағы ақын-жазушылар, басқа да қалам қайраткерлері осы өнегелі үлгілерді бетке ұстап, жұртшылықты соған баулады.

Қазіргі әдеби тіліміз еңсесі биік өскелең елдің, социалистік құрылыстың мықты құралына айналды, жаңа дәуірде әдеби тілдің үздіксіз дамуына қолайлы жағдайлар тууы нәтижесінде оның ғылыми негізде түзілген алфавиті, орфографиясы, пунк-

¹ «Коммунист», № 3, 1937, 21—22-беттер.

туациясы, терминдері жасалды, халықтың, баспасөздің тіл мәдениеті артты. Қазақ әдеби тілінің басқа тілдермен, әсіресе ұлы орыс халқының тілімен қарым-қатынасы күшейіп, шарықтап өсіп, өркендей түсуі — қазақ халқының елеулі мақтанышы.

2. ӘДЕБИЕТ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИ ТІЛ БІР МЕ?

Әдебиеттің тарихи желісін әріден тартсақ деген жақсы ниет те, оған жұмсалып жатқан қажырлы, ынталы әрекет те бар. Тамсанып таңдай қақтыратын әдеби деректер де жоқ емес. Бірақ ұзаққа созылған тарих сахнасындағы ол әдебиеттің тілінің «әдеби тіл» деген ұғымға сәйкестігі де, пәлсіздей бетке ұстар сипаттамасы да жоқ. Мұндайда субъективизмнің желмаясына мініп алушылардың көп болатыны бар емес пе, қазақ әдеби тілінің тарихын әдебиеттің тарихымен ұштастырып, біреулер II ғасырды, біреулер V ғасырды, енді бір топ ғалымдар XV ғасырды межелі басталуы десе, XIX ғасырдың екінші жартысы, совет дәуірі дейтіндер тағы бір төбе. Тіл білімінде оқтын-оқтын пікір таласып тудырған мәселелер көп болатын да, көпшілігі дұрыс шешімін таба қоятын. Ал әдеби тіл жайындағы түрлі көзқарастың шпеленіскені сонша, олардың жуыр арада шешіле қоюы екі талай.

Көп жылдар бойы әдеби тілді жазба әдебиеттің даму процесімен байланыстырып, ол қоғамдық құбылыс, халық тілінің екшелген, нормаланған, стильдік тармақтары сараланған, қоғамдық қызметі әр алуан, халық тілінің жоғары формасы деп келдік. Солай болғандықтан, ол халық өмірінің биік белеске көтерілген кезінде, сауаттылық артып, жазба әдебиет тілінің іс басқаруға, экономика және халықтың рухани өміріне (баспасөзге, оқу-ағарту жұмыстарына, мәдениетке, ресми іс атқару жұмыстарына...) қызмет ете бастаған кезде пайда болады деп түсініп біз (ол XIX ғасырдың ол жақ — бұл жағы делінетін). Ал соңғы кезде кейбір ғалымдарымыз оны қосшынып, тарихи халықтың әдеби тіл тарихы да әріден басталуға тиіс деген жалпы сарыммен оны талай саққа жүгіртіп жүр. Тіпті әдебиеттің емес, XV ғасырдағы қазақтардың сөйлесу тілі де, ауыз әдебиеттің тілі де, жазу шыққанда дейінгі ақын-жыраулардың тілі де — әдеби тіл?! Абай, Ыбырай, Сәкендердің, қазіргі әдебиеттің тілі — сөзсіз, әдеби тіл. Сонда тілдің әдеби емесіне не қалады? деген сұрақ қойыламайды. Егер олардың бәрі әдеби тіл болып былығып, өзара араласып жатса, онда бір қазақ тілін әдеби, әдеби емес деп бөлуде қандай мән бар?

Әрине, мән бар, оларды айырып, бөліп таян білу керек. Қазақ тіл білімі де, шынайы өмір де соны талап етеді. Ол үшін

әдеби тілді әдеби емес қарапайым тілден айырып алатындай, оның белгілерін, жалпы мәселелерін айқындап алу керек емес пе? Бізді шатастырып жүрген солардың қайсысы қай топқа жататынының айқын еместігі. Ондайда марксизм-ленинизм классиктерінің қағидаларына сүйеніп, объектіміздің не екенін, сырыпатын біліп алуымыз керек емес пе? Бұл жағынан кемшілік бастан асып жатыр. Ф. Энгельстің мына сөзі дәл қазақ тіл мамандарына арналған сияқты: «Белгілі бір затта болатын өзгерістерді зерттеумен шұғылдану үшін әуелі осы заттың өзінің не екенін білу керек»¹. Қазақ тіл мамандарының көпшілігі әдеби тіл мәселелерін, әсіресе оның тарихын сөз етуден бұрын әдеби тілдің не екенін айқындап алмай, өзінен-өзі түсінікті нәрсе сияқты көріп, оны талай саққа жүгіртіп, қате пікірлерді қазақ тіл білімінің бірден-бір дұрыс табысы деп ұсынады. Бірақ көбі «әдеби тіл» дегеніміз не? дегенге жауап бермейді. Сондықтан әркім өзінше «орақ орады», әркім өзінше жорамал пікірін шындық қағида деп дәріптейді. Әдеби тілдің жалпы мәселелерін сөз етпейді. Осыны айтқанда, В. И. Лениннің мына пікірі де бізге арналған деп ойлайсың: «...кімде-кім жалпы мәселелерді алдын ала шешіп алмай тұрып жекелеген мәселелерді қолға алса, ол әрбір қадам басқан сайын өзінен-өзі еріксіз сол жалпы мәселелерге қалайда тіреле береді»². Осында айтылғандай қазақ тіл мамандарының көпшілігі сүрініп-қабынып жүрген әдеби тілдің жалпы мәселелері бірнешеу:

1) Әдебиет атаулының тілі әдеби тіл бола бере ме? Әдеби тіл мен әдебиет тілінің қарым-қатынасы қалай болады?

2. Егер әдеби тіл халық тілінің екшелген жоғары формасы болса, ол жазба әдебиет арқылы қалыптаспаса, қалай қалыптасады?

3. Тілдің әдеби, әдеби еместігінің жігі қандай белгілеріне қарап айтылады?

4. Әдеби тілдің басы ашық анықтамасы қалай болмақ?

5. Әдеби тілдің өзі мен даму арналары арасында қандай байланыс бар? Осы сұрақтардың шешімін дұрыс таппай, тіпті, оларды ауызға алмай-ақ бірден қазақ әдеби тілі XV ғасырдың бер жағында пайда болды. Оның дәуір кезеңдері мыналар... дегендердің бәрі — негізсіз жел сөз. Сол жез сөз желмаясына мініп алған біздің ғалымдардың біразы өздерінше әр түрлі әдеби тіл тауып жүр. Мысалы, қадірменді ғалымдарымыз: Рәбиға Сыздықова түркі халықтарына ортақ және қазіргі төл жазба

¹ Ф. Энгельс. Людвиг Фейербах және немістің классикалық философиясының ақыры. Алматы, 1986, 39-б.

² В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 15 том, 405-б.

әдеби тілден басқа, XV ғасырда пайда болған «ауызша көркем проза» тілін, А. Ысқақов, Е. Жұбанов, Б. Әбілқасымовтар «ауыз әдебиеті тілін»; тіпті А. Ысқақов XV ғасырдағы «ауызша сөйлеу тілін» де әдеби тіл деп танып, ат қойып, айдар тағып қойды. Бұл неғылған қаптап кеткен әдеби тілдер? Егер осылар рас болса, бұл жағынан, жер жүзіндегі әдеби тілге «бай» халық біздің қазақтар болып шығар еді. Қазақ тілі сөзге бай, қазақ халқы ауыз әдебиетіне бай, шешен деуге болады, ал төл әдеби тілі көп емес, — біреу, біреу-ақ. Соны дұрыс түсіну үшін алдымен «әдеби тіл» дегеннің бар анықтамаларына өзінің пікірін білдіріп, сосын оны өзі қалай анықтайтынын айту керек. Айтатындары қазақ тілі баяғыдан өткір, бай, «ол ешбір әдеби тілден кем емес», ал бұрынғы жыршы, жырау, ақындар және фольклор тілдері жатық, тартымды дейді. Бәрі дұрыс, бірақ ол белгілер әдеби тіл мен әдеби емес тіл арасына өлшем бола алмайды.

Әдеби тілдің барлық даму кезеңдерінің де анықтамасы болуға тиіс. Ал анықтамаға өнген басты белгі-сипаттамаларының жағдаяты, жетілу дәрежесі түрліше болуы мүмкін. Соларын іздестірудің орнына әр дәуірге әр түрлі анықтама іздеу ешқандай нәтиже бермей жүрген себебі содан. «Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары» деген жинақта (жинақтың мазмұны атына сай емес) «Әдеби тілдің ауызекі сөйлеу түрі жалпыхалықтық тілдің ауызекі сөйлеу тілінен жаратылу табиғаты жағынан бір болғанмен, өзіндік сипаттамалары мен қолдану аясы жағынан өзгеше болады»¹ дегеннен басқа «ауызша әдеби тілге» сипаттама да, анықтама да жоқ.

Әдеби тілдің жасалуы күрделі процесс. Ол тұтқиылдан, кейбір ақын-жыраулардың өлең-жырлары дүниеге келісімен пайда бола қалмайды, халық өмірінің, өнер-білімнің, мәдениеттің, әсіресе баспасөздің белгілі дәрежеде биік белеске көтерілген кезінде пайда болады. Оған дейін ардақты ана тіліміз өзінің коммуникативтік қызметінен танбай, өнерге, ауыз әдебиетіне (соның қатарында қазір де аты аян ақындар шығармаларына) қызмет етті. Сол қызметінің арта түсу нәтижесінде әдебиет тілінің кейбір әдебилік белгі нышандары дами келе, кейін XIX ғасырлар шамасында, одан кейін де, жазба әдеби тілді жасаудың, дамытудың қайнаркөзі, нәрлі бұлағына айналды. Әдеби тілдің жасалу процесін осылай түсінбей, ертедегі ауызекі тілді де, авторлары белгілі-белгісіз ауыз әдебиетінің тілін де кейбір ғалымдарымыздың әдеби тіл дегеніне сеніп, өзгелерді солай оқытып тәрбиелейтін болсақ, ол шындық болмайды, бұл бір,

¹ Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. Алматы, 1981, 5-6.

екіншіден, солардың жасалу арналарын (истоки) таба алмай дал боламыз және де оларды әдеби тіл деп уағыздасақ; онда әдеби емес тілге не қалады? Ол әдеби тілді де, халықтың сөйлеу тілін де соған қоса салғанда, ондай жасанды «әдеби тілді» неше дәуірге бөлуге болады? Әрине, болмайды. «Жібекті түте білмеген жүн қылады» дегенді осындайда да айтуға болады.

Қ. Өмірәлиев, Р. Сыздықова соңғы жылдары XIX ғасырдан бұрынғы қазақ өлең-жырларын, олардың тілін зерттеуге көп күш салып келді. Олар авторлары белгілі жырларды көркем поэзия деп бағалап, олардың стильдік ерекшеліктерін, кейбір көркемдік сапаларын, ауыз әдебиетіне ұқсастық-айырмашылықтарын, тіл тазалығы мен ала-құлалығын, өзара ауыс-түйісін сөз етеді. Өлең жолдарында кездесетін кейбір тіл орамдарына тамсанып, таңдай қағады. Солардың бәрі орынды, авторлардың зерттеулері мардымды, олар өз дәрежесінде ескі әдеби мұралар тілін зерттеуге қосылған елеулі табыстар екені даусыз. Ол еңбектердің дау туғызатын жері — о баста хатқа түспеген өлең-жырлар тілін «әдеби тіл» деп тануы. Мақсат оларды айырып тану болмай, әйтеуір әдеби тілдің тарихын әріден бастап, оның желісін сіңірдей созып, XV ғасырға қарай тарту керек болған тәрізді. Соған сәйкес, Қ. Өмірәлиев «әдеби тіл дегеніміз — әдебиеттің өзі»¹ деп таныса, Р. Сыздықова XV ғасырдан XIX ғасырдың екінші жартысына дейінгі әдебиеттер тілін «ауызша әдеби тіл» деп таниды (бұған ауыз әдебиетінің тілін қоспайды). Бұрын оны «жазуға дейінгі әдеби» деп бірнеше мақала жариялаған болатын. Оған айтылған сыннан кейін атын «ауызша әдеби тіл» деп жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралына енгізіпті².

Автордың ойынша, XV—XVIII ғасырлар арасында «ауызша әдеби тіл» болған да, одан бергі жерде жазба әдеби тіл болған. Бұл екі әдеби тілдің жігін айыру үшін емес, алдыңғының әдеби екенін дәлелдеу үшін оның бірнеше ерекше белгілері саналады. Бірақ олары тілдің әдеби екенінің белгілері емес, әдебиетке, әдебиет тіліне қатысты жайттар ғана.

Тілдердің және тілдегілердің жалпы сипаттамасы әр түрлі болуы мүмкін, бірақ олардың анықтамасы, көбіне ортақ болады. Мысалы, бастауыш, баяндауыш, зат есім, сын есім, сан есім... барлық тілде бар, бірақ олардың грамматикалық сипаттамалары ерекше болғанмен, анықтамасы бәріне ортақ. Рас.

¹ Қ. Өмірәлиев. «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және әдеби тіл» / Қазақ ССР Ғылым академиясының хабаршысы, 1982, № 3, 55-б.

² Р. Сыздықова. XVIII—XIX ғғ. қазақ әдеби тілінің тарихы, Алматы, 1984.

кейбір категорияларға берілген анықтамалар әр түрлі болуы мүмкін. Мысалы, «сөйлем деген не?» сұрағына тіл ғылымында 150-дей анықтама бар. Олай болуы анықтама берушілердің оған деген философиялық, субъективтік, тағы басқа көзқарастарымен байланысты. Әдеби тілге де берілген анықтама көп. Соның өзінде, мысалы, II, V ғасырлардағы сөйлемнің, әдеби тілдің анықтамасы мынау, XX ғасырдағысына — мынау деп бөлмейді. Бірақ сыр-сипатында ерекшеліктер бар екенін айтады.

Анықтамада белгілі категорияның басты-басты ерекше, тек соның өзіне ғана тән қасиет, сипаттарының ең негізгілері қамтылуға тиіс. XV—XIX ғасырлар арасындағы әдебиеттің тілі әдеби болса, сол белгілері нелер? Олар да аталған кітапта жоқ. В. И. Ленин тілді (жалпы тіл атаулыны) «важнейшее средство человеческого общения» деп анықтады. Сол анықтаманы ешкім мына тілге келмейді деп айта алмайды. «Әдеби тіл» дегеніміз әдетте жалпыға ортақ халық тілінің, не соның бір диалектісі негізінде жасалады дейміз. Дұрысында ол халық тілінен сөздік қоры, грамматикалық құрылысы мүлде басқа тіл емес,— соның өңделген, жақсарған, жазба әдебиет арқылы жұмсалу аясы кеңейген, жүйелі нормалары біршама тұрақталған бір саласы. Оны жалпы тілден бөліп алып айырып тану үшін «әдеби тіл» деп айтуымыз барынша шартты. Қалай да соның түсінігі, анықтамасы барлық әдеби тілге ортақ деп ұғынып келсек, енді біздің кейбір ғалымдарымыз бір қазақ әдеби тілінің әр кезең, әр дәуірдегі анықтамасы, құбылысы әр түрлі болады деп ойлайды. Мысалы, Р. Сыздықова «әдеби тіл деген ұғым — қазақ тілі үлгісі де тарихи, құбылмалы түсінік»¹ дейді. Мұндағы айтайын дегені — ерте ғасырлардағы әдеби тілдің анықтамасы мүлде басқа. Бірақ өз тарапынан оларға анықтама ұсына алмайды. Өйткені ол айтқан XV—XVIII ғасырлардағы «әдеби тіл» — әдеби тіл емес, ауыз әдебиетінің тілі. Оның сипаттамалары да ауыз әдебиет тіліне қатысты. Ғалымдарымыздың «ауызша әдеби тіл» деп жүргендері және ауыз әдеби тілі де «әдеби тіл» емес, жазба әдеби тілдің пайда болу, ілгері дамуының табиғи бай қазыналары, даму арналары. Ал қазақ әдеби тілінің дами келе біршама қалыптасқан кезі— оның қазіргі совет дәуірі. Бұл дәуірдегі әдеби тіл барлық мүмкіншіліктер мен жазба әдебиеттер арқылы халықтың барлық іс-әрекетіне қызмет ету нәтижесінде жаңа заманның жаңа талаптарына сай жетілді.

Қазақ халқының өмірінде ән-күй, өлеңдерді шығарып, артында музыкалық байлық қалдырған адамдардың орны қалай болса, өлең-жыр, толғау, термелерді шығарып, кейінгілерге әдеби

¹ Р. Сыздықова, XVIII—XIX ғ.ғ. қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, 1984, 11-б.

мұра қалдырған ақын-жыраулардың орны да солай. Олардың бірін қалай мақтан етіп дәріптесек, екіншісін де солай дәріптеп төбемізге көтеруге тиіспіз. Біздің оларға деген сый-құрметіміз еш уақытта солғын тартып, бұлдыр сағымға айналмауға тиіс. Сол үшін ертедегі музыка өнерінің қайраткерлерін профессионалды композиторлар деп (қазіргілерден олардың кейбір артықшылығы болса да) қарауға болмайтындай, ертедегі халықтың ауыз әдебиеті мен кейбір аты-жөні белгілі ақын-жыраулардың өлең-жырларын қазіргідей реалистік «көркем әдебиет», тілін — әдеби тіл деуге болмайды. Әрқайсысы заманының бұлбұлы, әрқайсысы өз халқының қадірмен ұл-қызы. Олардың бұрыннан белгілі атақ-дәрежесіне, аңызға айналған туындыларына кейінгі заманның даму табысын да қоса салып, жоқты бар етіп қолпаштаудың керегі жоқ, оларға шындыққа сүйенген объективті баға берілу керек. Сонда ғана әдебиет тілі мен әдеби тілдің бір еместігі әбден түсінікті болады. Әдеби тіл көлбеген кең теңіз сияқты да, жекелеген ақын-жыраулар тілі тақыр жерге тұрып қалған қак, көлшіктер сияқты. Олардың әрқайсысының сапалық қасиеттері әр түрлі де, ұқсас та болуы мүмкін. Бірақ сол оқшау қалпында көлшіктерден үлкен көл, теңіз сияқты жалпыхалықтық игілікке айналған бір тұтастық болмаған жерде әдеби тіл жасалмайды. Ондай тұтастықты құрастыратын жазу, әр түрлі жазба әдебиеттер. Тек солардың жалпыхалықтық тұтастығынан жалпыға ортақ тілдік нормалары қалыптасады, қоғамдық қызметі артады, стильдік тармақтары сараланады. Осылары айқындалмаған әдебиеттің тілі әдеби тіл деп есептелмейді. Сондықтан біздің кейбір ғалымдардың жазба әдеби тіл алдында оның ауызша түрі болған дегені дұрыс емес. Р. Сыздықова кітабында сол екі әдеби тілдің айырмашылықтарын дұрыс көрсетеді (14—16 б.). Бірақ солардың бәрі «ауызша әдеби тіл» дегеннің жазба әдеби тіл алдындағы, соған жалғасқан түрі деп қарауға болмайтынын дәлелдейді. Ол біздіңше әдеби тілдің ерекше түрі емес, жазба әдеби тілінің даму арнасының бір бөлігі.

Р. Сыздықованың көп жылдан бері ғылыми-зерттеу жұмыстарына объекті болған Асанқайғы, Шалкиіз, Қазтуған, Доспанбет, Жиёмбет сияқты ертеде өмір сүрген ақын-жыраулар өлең-жырларының тілі болатын. Шынында оның бұл салада ерінбей, жалықпай сіңірген еңбегі қыруар. Ол ертедегі жазусыз тіл аласапыранының арасынан жекелеген авторлы өлеңдер тілінің болмысын, стильдік, жанрлық және лексика-грамматикалық тағы басқа ерекшеліктерін сөз етеді. Бәрінен тілдік талдаулары құнды. Соларын автор әлі де биік шыңға көтеру үшін «әдеби тіл» деп дәріптегісі келгені анық байқалып тұрады. Әдеби тілге жанама түрде қатысы бар, көбінесе тіл тарихына қатысы бар тіл-

дік фактілерді «ауызша әдеби тіл» деп дәріптеуі де сондықта болар.

Жазба әдебиеттің елегінен өткізбей, бір сарында ауызша ағытылып, қилы-қилы өзгеріске ұшыраған тек өлеңдер тілінен кетіністі әдеби тіл жасалмайды. Атам заманғы өлең-жырла қаншама мазмұнды болғанмен, олардың тілі қаншама жаты түсінікті болғанмен, жоғарыда көрсетілген белгілері болмағашашыраңқы тілге үстіртін қарап, кестелі тұмар таға салмаймыз: Әр нәрсенің өзіне жарасқылықты өмірде орны бар, өзіне тәерекшеліктері бар. Олардың кейбір жақындықтарына қарап басын біріктіре салмаймыз. Мысалы, бозторғайды ешкім ұқсастығына қарап бұлбұл дей салмайды. Әдеби тіл мен әдеби еметілге де солай қарауымыз керек.

Жоғарыда аты аталған ақын-жыраулар шығармалары ауызша айтылып, талай өзгерістерге ұшыраған қалпында хатк түсіп отыр. Текстологиялық жұмыстардың мұндайда қанда бағытта жүргізілетіні бізге аян емес. Әдетте ондайлардың варианттары көп болады. Тіпті, соларды есепке алмай-ақ жақсыларын бетке ұстап, мақтан еткен күнде де, ондай көркем әдебиеттің тек поэзия бөлімінен жалпы халыққа ортақ әдеби тіл жасалмайды. Басқасын былай қойғанда, әдеби тілдің басты белгісінің бірі тілдік норма болса, оны поэзия атаулы, әсіресе ауызша шығарылған өлең-жырлар дамытпайды, қайта өлеңнің табиғаты тілдік нормалардан көбірек ауытқуларды керек етеді. Өлеңнің буын құрамы, ұйқасы, ырғақты әуені, поэтикалық сөз орамдары кейде сөйлемдегі сөздердің, тұрақты тіркестерді қалыптасқан орын тәртібін бұзып, сөздерді ықшамдап, қысқартып (мысалы, *ап, қап, боп, сап, барад, келед*), қерегінде сөзді тәуелдік, жіктік, септік жалғауларын түсіріп т. т. жұмсау поэзия тілі үшін кешірімді ауытқулар деп саналады. Ондай халық тілі нормасынан ауытқулар жазба әдебиет пайда болмаған кезді күшті болғаны түсінікті.

Ә. Қайдаров пен М. Оразовтың «Түркологияға кіріспе» атты кітабында түркі тілдері жайында көп мағлұмат бар. Соларды қатарында түркі тілдердің әдеби тіл дәрежесінде жұмсалыу тарихына ерекше назар аударуға болады. Рас, онда әдеби тілдің не екеніне сипаттама да, анықтама да жоқ. Сонда да жалпы дәстүр бойынша қазақ әдеби тілінен басқа түркі халықтарының әдеби тілі, олардың қалыптасуы белгілі диалектілер негізінде жазба әдебиет арқылы пайда болғаны айтылады. Солардың бірінде жоқ, «екі құлағы тік шыққан» қасиет қазақ әдеби тілінен тән бола қалады: «халық болып ұйымдасқаннан бастап»¹ қаза

¹ Ә. Қайдаров, М. Оразов. «Түркологияға кіріспе», Алматы, 1981, 146-б.

тілі әдеби тіл дәрежесіне көтеріледі. Ат, түйе, есек мініп, «иір қамшылап» мал соңында жүрген қыпшақтардың біразы ақын-жырау болуы мүмкін, бірақ олардың тілінде ерекше жаратылысының нәтижесінде «тағдырдың мазмұны солай» дейтіндей еш нәрсе байқалмайды. Сонда да кітап авторлары басқаларға еліктеп, сондай дерексіз әдеби тілді қазақ әдеби тілінің алғашқы «көне» кезеңі деп қарайды.

Біздің ғалымдар «әдеби тіл ауызша түрде XV—XVIII ғасырларда қалыптасты», «жазба әдеби тіл XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптасты» дегендерді ойланбай айтады. Әдеби тілдің басын XIX ғасыр деуге болар, бірақ ол бастала салып қалыптаса қоймайды. Қалыптасу — ұзақ процесс. Оның белгілері нормалық жүйелерінің бір арнаға түсуі, қоғамдық қызметінің артуы және стильдік тармақтарының саралануы. Бұлар түрлі жанрлы әдебиет тілінің жазба түрде кең өркен жайған, баспа-сөздің, баспаның халық өмірінің орнықты мәдениетіне айналған, ана тілінің жазба әдебиет арқылы және ауызекі түрде халықтың барлық күрделенген іс-әрекетінің құралы болып орнығып, орын тепкен кезінде кемелденеді, біршама қалыптасады. Ол — совет дәуірі.

Қалайша күрделі құбылыс деп танылатын әдеби тіл қазақ «халық ретінде қалыптаса бастасымен», «халық болып ұйымдаса» салып оның тілі бірден әдеби тілге айналады? Қисыны жоқ, дерегі жоқ, көзбен көріп, қолға ұстайтындай тілдік фактілері жоқ. Ондай «әдеби тіл» — қияли тіл. Ол XV ғасырда қалыптасты деу буынсыз жерге пышақ ұрғанмен бірдей. Алайда ұшқыр ойлы кісілердің солай дейтіні де рас. Ғалымымыз Рәбиға Сыздықованың оған табан тірер «дәлелі» — сол тұстарда ақын-жыраулардың болғандығы, бірақ солардың өлең-жырларының тілдерін Б. Әбілқасымовтың «көне әдеби тіл» деп атауына қандай негіз бар? Бұл сұраққа дұрыс жауап болатындай пікір Ә. Қайдаров, М. Оразовтардың «Түркологияға кіріспе» деген кітабында айтылыпты: «...қазақ әдебиеті тарихында XV—XVIII ғасырлар арасында Сыпыра, Қазтуған, Асан Қайғы, Балмағамбет, Шалкиіз, Жиембет, Марғасқа, Ақтамберді, Тәтіғара, Үмбетай, Бұхар, Көтеш сияқты ақын-жыраулардың өмір сүргені мәлім. Бірақ олардың қазақ әдебиеті тарихына бергені мол болғанмен, қазақ тілі тарихы үшін бергені өте аз. Себебі бұл ақын-жыраулардың өлеңдері жазба түрде емес, халық арасында ауызша таралып, кейінгі ұрпаққа өзгеріп жеткен. Әр ұрпақ олардың мазмұны мен ұйқас түрін сақтай отырып, өзі өмір сүрген дәуірдің талабына бейімдеп өзінше жырлап, келесі ұрпаққа жеткізіп отырған. Түпнұсқадағы бірен-саран тіркестер мен көнерген сөздер (архаизмдер) және тұлғалық ерекшеліктер

ғана сақталынбаса, басқа дыбыстық, грамматикалық ерекшеліктердің көпшілігі сақталынбаған». Дұрыс-ақ. Солай бола тұра, жоғарыда аталған ақын-жыраулардың өлең-жырлар тілдерін бірнеше ғасырға бөліп, оларды әдеби тілдің үлгілері деуге бола ма? Әрбір ғасырдың (XIV, XV, XVI, XVII, XVIII) тілдік сипаттамасын айтып бере алмайтын болсақ та, оның оқулыққа, оқу құралдарына енгізілуін тек ғылыми гипотеза (болжам) деп түсіну керек болар.

Адам тамақ жеу үшін өмір сүрмейді, өмір сүру үшін тамақ жейді. Сондай-ақ өлең-жыр үшін әдеби тіл пайда болмайды, өлең-жыр әдеби тіл үшін пайда болады. Соның өзінде әдебиет тілі мен әдеби тіл бір емес. Оларды қалай болса солай ұштастыра салуға болмайды. Өйткені әдеби тіл талай өткелден өтетін күрделі қоғамдық құбылыс болатындықтан, оның қызметі надандықтан цивилизацияға бет бұрған, мәдениеттің жаңа белесіне шыққан халықтың соған сай қарым-қатынас құралы болумен қатар, экономикаға, өнерге, баспасөзге, оқу-ағарту, саяси т. б. жұмыстарға қызметі болмақ. «Халқым надан болған соң қайда барып оңайын» деп бармағын тістеген Абайдан бірнеше ғасыр бұрын өткен замананы қанша мақтағанмен, әдеби тілі шарықтап өскен совет дәуірінен асып-түсіп, дәл сондай айдарлы із қалдырған дей алмайтын шығармыз. Шындықты бұрмаалап, өткенді ескі-құсқыға құндақтау қазіргі табыстарымыздың құнын төмендетпей ме? Қазіргі қазақ әдеби тілі қазақ халқының орасан мол табыстарының бірі емес пе? Әдеби тіл не үшін керек? Мемлекеттік, сауда-саттық қарым-қатынас үшін, баспасөз, оқу-ағарту жұмысы үшін, әдебиеттің, мәдениеттің, өнер-білімнің ерекше күш алып дами түсуі үшін... керек. Ал XV—XVIII ғасырлар арасында сөз өнері өлең-жырмен, ән-күймен қосақталып, синкритизм жолымен өмір сүріп жатқан кезде оқымаған сауатсыз елге «әдеби тіл» дегеннің керегі де болған жоқ. Өлең-жырды, ән-күйді, ойын-сауықты... сөзбен ұштастырып, керегінде тілін безеп жұрт алдына шығып, елден ерекше көзге түскен ақын-жырау, әнші, күйші, шешендері бар елдің ол кезде әдеби тілге мұқтаждығы да болған жоқ. Завод-фабрикасы болмаған елдің жұмысшы табы болуы мүмкін емес қой, сол сияқты баспасөзі, жазба әдебиеті болмаған елдің дербес әдеби тілі болуы да мүмкін емес.

Сонда да кей ғалымдардың табан тірейтін дәлелі «XIV—XV ғасырларда Сыпа жырау, XVI ғасырда Тәтіғара (?) болып..., ...олар суырып салма ақын-жыраулар екен. Ауызша әдеби тілді солар жасапты...» сияқты болып келеді, бірақ солардың дәл аузынан шыққан сөздері мынау еді дегенді ешкім айта алмайды. Ол түсінікті де. Сонда да ол ақын-жыраулардың әрқайсысы

шон тұлғалар болғандықтан Абай сияқты әдеби тілді «жасаушылар» деп, жақын арада хатқа түскен өлең жолдарын мысал етеді.

Музыка өнерінің ғалымдары ертедегі қазақ күйлерін «төкпе күй», «шертпе күй» деп саралап, Құрманғазыны төкпе күйдің шебері, Тәттімбетті шертпе күйдің шебері, ал Дәулеткерейді лирикалық күйдің ұстазы деп дәлелдейді. Кісі атына телінбейтін авторсыз күйлерді «халықтық» деп қарастырады. Солардың көбін Қазақ ССР халық артисі А. Затаевич нотаға түсіріп қазіргі музыкалық өнердің алтын қорына қосты. Ертедегі көшпенділердің ұзақ жылғы өмірінде ел арасында көп тараған ән-күйдің нотасы қағазға түскеннен кейін қазақ халқының ең дәулетіне айналды, олар ешқашан ұмытылмайды.

Ерте замандағы, кейін қазақ болып аталып кеткен ру, тайпалардың, бертінде халықтың тіл өнері де ән-күй өнері сияқты барлық өмірінің жансерігі болғаны даусыз. Бірақ солар хатқа түспегендіктен тарихи өзгерістерінің сипатын дәл басып айта алмаймыз. Сонда да ел аузында, өлең-жырда сақталған байлық нұсқаларына ертедегінің мирасқоры — қазіргі қазақ тілі қанық екені байқалады: оның фонетикалық, грамматикалық құрылыстары, негізгі сөз байлықтары сол қазақ тілінде сөйлеген адамдардың ой жұмыстарының жемісі, ұзақ жылдар бойы, ғасырдан ғасырға ұласып, өсіп, жетіліп, өзгеріске ұшырап әдеби тілдің негізгі даму арнасы болғаны мәлім. Соларға ой жіберіп ауыз әдебиетінде, басқа да өлең-жырларда сақталғандарын есепке алғанда, көз алдында мыналар тұрған сияқты: тілдің асқан өнер екендігі (сондықтан халық оны «өнер алды — қызыл тіл» деп сипаттайды), оған керекті тілдік құралдардың молдығы: мақал-мәтелдер, идиома-фразалар, сөзді көріктеу тәсілдері (тенеу, әсірелеу), поэтикалық сөз қолданыстары т. б.

Кең далада көсіліп шырқап, ән, өлең айту қазақтар үшін қаншалықты үйреншікті, табиғи болса, айқын ойлы шешендік соншалықты дәстүрге айналған. Соңғы еш уақытта ауызша әдеби тілді жасамайды, — сөйлеу тілінің жоғары формасы ретінде кейін пайда болған жазба әдеби тілге өз үлесін қосады. Ол бұрын солай болған.

Қазіргі шешендік қарапайым ауызекі тілдің де, жазба әдебиеттің ауызша түрінің де құрамында жұмсалуы, оның өмір талабына лайық ерекше қызмет атқаруы әдеби тіл дәстүрімен ұласады.

Қазақ халқының әр алуан ауыз әдебиетінің тілі — халықтың парасатты ой елегінен өткен, тіл өнерінің інжу-маржандарымен кенелген байлық. Бірақ оның тілі әдеби тіл емес, әдебиеттің тілі. Онда тілдік норма болмайды деген бекер, бірақ жалпыға

бірдей ортақ модификацияланған, тенестірген нормалар емес сондықтан жалпыхалықтық нормалардан жөнді-жөнсіз ауытқулары көп болады. Соларды ауыз әдебиетінде жиі кездесетін варианттарынан байқауға болады. Мысалы, «Қозы-Қорпеш — Баян сұлудың» қазақта 16 варианты бар екенін айттық. Сондай, әдебиеттегі варианттылық тілдің белгілі әдеби тіл дәрежесінде емес екенін көрсетеді.

Рас, варианттылық әдеби тілде шыққан шығармаларда да болады. Мысалы, Л. Н. Толстой «Анна Каренина» романын жеті рет қайта көшіріпті. Сонда оның жеті варианты болғаны. Сәбит Мұқановтың «Ботагөз» романының алғаш «Жұмбақ жалау» деген атпен шыққан варианттарын «Ботагөзбен» салыстырсаңыз, елеулі айырмашылығы бар екені байқалады. Сондай варианттылық «Абай жолы» романының жетілу тарихында да бар. Алишер Навоидің шығармаларының бірнеше варианты бар...

Ол варианттар — көркем сөз шеберлерінің әрқайсысының өз туындыларын жетілдіру, көркемдік тағы басқа сапаларын арттыра түсудің әрекеті ғана болады. Солар арқылы әдеби тіл де шыңдала түседі.

Ондай процесс ауыз әдебиетінде де ішінара болып отырады (мысалы, «Қобыланды батыр», «Қыз Жібек»). Бірақ әр жерде әр түрлі, әр нақыш, білгірлікпен жырланған ауыз әдебиетінде бірізділік, тілдік тұтастық, нормалау талаптары елене бермейді. Оның үстіне ауыз әдебиеті тілінің функциялық стиль қызметтері, қоғамдық қызметтері мәдениеттенбеген, натуралық дәрежеде қалып қояды. Ал олардың кейбіреулерінің (мысалы, «Қыз Жібектің») көркем әдебиет, өнер сахнасына шығу арқылы, сөз шеберлері арқылы өңделген тілінің жазба әдебиет арқылы әдеби тілдің қорына қосылуы — ауыз әдебиетінің жаңа заманда жаңаша өмір сүруінің айғағы.

3. ОҚУШЫНЫҢ ӘДЕБИ ТІЛДІ ОҚЫП ҮЙРЕНУ ДАҒДЫСЫ

Тілді білу қандай қиын болса, тіл маманы болу одан да қиын. Тек ойы айқын, тілге жетік адамдар ғана қиыннан қиыстырып, әсерлі де дәлелді етіп сөйлей алады, жаза біледі. Тілді жақсы білу, оны дұрыс қолдану талаптары, анау-мынау ғана емес, цивилизация, прогресс, алдыңғы қатардағының бәрін оқып-үйрену арқылы, халық тілі байлықтарына, тілдің ғылыми негіздеріне біршама қанық болу арқылы жетіледі.

Қазіргі заманның білімді, мәдениетті ұлдары мен қыздары тілдік алғашқы тәлім-тәрбиені семья «мектебінен» алады. Онда ананың ақ сүтімен бірге нәрестенің сана-сезімін оятатын үн,

әуен, дыбыс, сөз, сөйлемдер біртіндеп оның есіту, көру, сезіну қабілетіне әсер етіп, бойын билейді. Баланың біртіндеп тілі шығады. Тілі шыққан бала ата-ананың, туған-туысқандарының және басқалардың пікір алысу, «әңгіме дүкенін құру» коллективінің тең праволы мүшесіне айналады. Оның сана-сезімі артып, тілдік «мағлұматы» кеңейіп, басқалармен түсінісе алатын кезде, балалар бақшасына барады. Ол да тәрбие берудің үлкен мектебі, онда да баланың тілі ширап, ой-пікірін еркін айта алатындай азамат болады.

Сол «азаматтардың» ендігі алтын ұясы — бастауыш мектебі болса, олардың алдынан «Қазақ тілі», «Ана тілі» деген пәндер шығады да, қолдарына солай жазылған оқулықтар беріледі. Осыдан былай кейбір жоғары оқу орнын бітіргенше «қазақ тілі» пәні оқу жоспары бойынша оқушының алдынан шығады да тұрады, оның көптеген салаларының мән-жайы түрлі орайда, әр түрлі мақсатпен жан-жақты білім берудің объектілері етіп оқытылады.

Солай болатын себебі — тіл, соның бірі қазақ тілі, адамның ұзақ сонарлы ой жұмысының нәтижесі болатындықтан, жалпы дәстүр бойынша пікір алысып, өзара сөйлесіп жүрген қарым-қатынас құралы практикалық мәнінің ерекше екендігімен қатар, оның заңдылықтарын игеріп түсіну қиын.

Қазақ тілі пәні қоғамдық ғылымға жатады. Ол ғылымға қойылатын талаптар ресми басшы орындардың нұсқауларында жақсы айтылған. Қазақ тілін мектептерде, филологиялық факультеттерде оқыту мақсаты әр түрлі. Соған лайық ол пәнді оқыту программасы да әр түрлі. Соның өзінде, мысалы, орфография ережелері, сөз таптары, сөйлемнің құрылысы барлық кезеңде, барлық орайда оқытылатын сабақтардың объектілері болады, бірақ оқыту мақсаттары басқа: бастауыш мектептерде бұлар жайында алғашқы мағлұматтар оқушылардың білім, жас мөлшеріне лайықтап оқытылса, орта мектептерде оның толық түрінің жүйесін, жұмсалу заңдылықтарының негіздерін оқушыларға білдіру мақсаты, оқушылардың сауаттылығын арттыру кезделсе, солардың жалғасы училище, жоғары оқу орындары студенттеріне қазақ тілін оқытумен ұласады.

Солардың бәрінде тілдегі жаттанды қағидаларға бой ұру күшті де, ана тілінің құдіретті күшін жастардың санасына сіңіру, олардың тілдік сана-сезімін ояту, тілдің күнделікті өмірдегі қызметін білдіру сияқты талаптар жөнді қолға алынбайды. Басқаша айтқанда, оқушы-студенттердің тіл мәдениетін арттыру, тілдік категориялардың стильдік қызметтерін аңғартып отыру, сөйлеу, жазу шеберлігін күшейту көбіне елеусіз қалып қояды.

Тіл — адамның барлық өміріне аса қажетті қарым-қатынас

жасау құралы, оның байлықтары адам өмірінің алтын қоры, өшпес дәулеті. Олардың қызметі әр алуан, тек қана сөйлеу, сөйлеу құралдары емес, эстетикалық, эмоциялық, көркемдік күші бар байлықтар.

Сол байлықтарды дұрыс игерудің басты талабы — қазақ тілін оқытуда жастардың тіл мәдениетін арттыру. Мақсат — тілде барды оқушы, студенттерге жаттату емес, олардың жұмсалып заңдылықтарынан пайда болатын стильдік, әлеуметтік, тағы басқа эстетикалық қызметтерін білдіру.

4. ӘДЕБИ ТІЛДІҢ МӘДЕНИЕТІ ТУРАЛЫ

Қазақ тілінің қоғамдық қызметі арта түсіп отырған қазіргі кезде оның үздіксіз даму процесін терең ұғынып, өмірлік проблемаларын жан-жақты зерттеуге ерекше мән беріліп отыр. Солардың қатарында теориялық, практикалық биік талаптар деңгейінен қарайтын сала — тіл мәдениеті мәселелері болмақ.

Бұл — қазақ тіл білімінің енді-енді өзінің даму жолына түскен жас саласы. Тіл мәдениеті халқымыздың жалпы мәдениетімен астарлас дамуға тиісті болатындықтан, бұл ғылым саласы алдымен тіл мәдениетінің дәрежесін арттыруды, тілдің қатынас құралдық қызметін жетілдіру үшін оның күнделікті өмірлік мәселелерін ғылыми тұрғыдан дұрыс шешіп, жөн сілтеуді көздейді.

Еңсесі биік еліміздің барлық іс-әрекеті мәдениетінің, әсіресе тіл мәдениетінің дәрежесін көтеру халыққа қызмет ету мүддесімен ұштасып жатса, әрине, ондай іске тілшілер ғана емес, көп болып көмектесу талабы қойылады. Тіл қоғамдық құбылыс болғандықтан, тілді жасаушы, тілді өмір құралы етіп жұмсаушы қоғамның саналы өкілдері, көзі ашық тіл ұстартушылары тіл мәдениеті мәселелеріне әрдайым көңіл бөліп, игілікті істерге ат салысуы тиіс. Тіл мәдениетінің басты талабының бірі — тілдің халықтық қасиетін дамыту, ана тілінің байлықтарын талғам елегінен өткізіп молынан әдеби тілге енгізу. Халық тілі, Қ. Д. Ушинский айтқандай, оның рухани өмірінің ең жақсы, еш уақытта солмайтын және әрдайым гүл-гүл жайнап тұратын қоры, оның өмірі тарих шекарасынан әлдеқайда әріден басталады. Халық тілінің осынау ұшан-теңіз мол байлығы сарайының қақпасы қазақ жұртшылығының игілігі үшін әсіресе Октябрьден кейін кең ашылды: көп жанрлы көркем әдебиет, баспасөз, оқу-ағарту, үгіт-насихат жұмыстары... — бәрі халық тілінің байлықтарымен сусындап, оның ішкі мүмкіншіліктері негізінде жана ұғымдарға лайық соны сөздер, синтаксистік орамдар жасалды. «Қен байлығы — жерде, сөз байлығы — елде» екенін жақсы

білетін ақын-жазушылар және басқа қалам қайраткерлері сол байлықтарды әдебиетке емін-еркін ендіріп келеді. Енді әдебиеттің, ең алдымен көркем әдебиеттің, көп табысының бірі — халық тілі байлықтарына кенелгендігі дей аламыз.

Өз өмірінің аса қымбат «дәулеті» — ана тілінің байлықтарын талғап, дестелеп, пайдалану үшін адам алдымен сол тілді қастерлеуі керек қой. Сол сезім ақын Ә. Тәжібаевтың аузына мынандай сөз салыпты:

Туған тілім — тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.
Өссе тілім, мен де бірге өсемін,
Өшсе тілім, мен де бірге өшемін.
Тілсіз хайуан — бишара
Бишараға не шара?..

Ана тілін тірлігінің тірегі етемін деген ақын-жазушылар үшін ол тек қарым-қатынас құралы ғана емес, — сонымен қатар көрікті, көркем нақышқа толы туындыларының да бірден-бір құралы. Сөз шеберлерінің жасампаздық қабілеті мен шабытына үйлесе дүниеге келіп, игілік қорына қосылған шығармаларынан кестелі тілдік бояуларын да көреміз. Абай, Ыбырай, Сәкендерден бастап жібi үзілмей келе жатқан осындай тіл жұмсалудағы «мәдениет» деген терминді бұрын қоғамның оқу-білім, ғылым, өнер, тағы басқа рухани табыстарының жиынтығы деп қана түсінетінбіз. Бұл күнде мәдениеттің, әсіресе социалистік мәдениеттің әр алуан салаларына, мазмұнына ерекше оң кіріп, қарқыны даму жолына түсумен қатар «мәдениет» деген сөздің де ұғымы барынша кеңейіп отыр. Белгілі білім, шаруашылық, басқа да іс-әрекеттерді игеру дәрежесін меңгеру үшін де, дақылдарды, өсімдікті өсіру шараларын да, биология, микроорганизмдер мен тканьдарды өсіру де «мәдениет» сөзінің қатысымен айтылатын болды. Соңғылардың қатарында тіл мәдениеті деген атау да жиі қолданылатын болды.

Жеке кісінің мәдениеттілігі қоғамда алатын орнымен, білім дәрежесімен, өнерге қанықтығымен өлшеніледі. Оқымысты, мәдениетті кісінің білім, ғылым, өнер дәрежесі ғана бийік болмайды, солармен қатар оның жүріс-тұрысы, басқалармен қарым-қатынасы, әсіресе тіл жұмсау дағдысы ерекше болады.

Тіл мәдениетінің екі түрі бар: баспасөз тілінің мәдениеті және сөйлеу тілінің мәдениеті. Бұлар өзара тығыз байланысты. Қазақ елінің қазіргі әдеби тілі жалпыхалықтық ауызекі сөйлеу тілі негізінде қалыптасқан. Әдеби тіл сөйлеу тілінде бардың бәрін емес, оның құнарлы, жалпыға ортақ, әрі тиімді байлықтарын бойына сіңіреді де, керісінше сөйлеу тіліне ықпалын тигізеді, әдеби тілдің дәстүрлі, жаңа-жана нормалары сөйлеу тіліне

ауысады. Осыдан келіп әдеби тілдің екі түрі пайда болады: біріншісі — әдеби тілдің жазба түрі, екіншісі — әдеби тілдің сөйлеу түрі. Бұлар өзара тығыз байланыста дамиды. Жазба әдеби тіл жасалмай тұрып, ауызша әдеби тіл жасалмақ емес.

Біздің қазіргі әңгімеміз де әдеби тілдің соңғы, екінші түрі жайында болмақ.

«Сөйлеу тілінің мәдениеті» дегенде, жұртшылықтың алдымен әдеби тілді игеру дәрежесінің қандай екеніне қараймыз. Сөйлеушілердің өздеріне тән тілдік ерекшеліктері болумен қатар, ол бүкіл халыққа ортақ әдеби тілдің де байлықтарын бойына сіңіруге тиіс. Оның толып жатқан қиын-қыстау, ұзын сонар жолдары бар: мектеп, институт, кітап, журнал, газет, радио, телевидение, театр... бәрі тіл мәдениетіне де баулитын орындар. Қазіргі адам солардан, өнегелі тәрбиешілерден үйрену, оқу арқылы тіл мәдениетіне қанық болады.

Сөйлеу тілі мәдениетінің жоғары формасы — шешендік. Өнер алды — қызыл тіл» екенін білген адам сол шешендік өнерін үйренуге құлшынады, бірақ жұрттың бәрі бірдей даңқты шешен бола алмайды. Әркімнің білім дәрежесі, ақыл-ой парасаты әр түрлі болатынындай, жалпы тіл мәдениетінің, әсіресе шешендік өнерінің дәрежесі де әр түрлі болады. Соның өзінде, тіпті, ел бастайтын көсем де, жұртты аузына қарататын шешен де бола алмасын деген сауатты, мәдениетті кісінің де қоғамда атқаратын қызметіне сәйкес шешендік өнері болуға тиіс. Әрбір совет азаматы — өз орнында әрі қоғам мүшесі, әрі қоғам қайраткері. Олар үшін қарым-қатынас құралы — тілдің өмірлік қажеттігін айтпасақ та болар.

Әрбір азамат — халқының тіл мәдениетінің де мұрагері. Еңбектеген сәби де, еңкейген қарт та ана тілінің ғана емес, сол тілде дүниеге келген туындылардың бәрін иемденушілер болып есептеледі. Ана сүтімен ауызданбаған, ана сөзімен ұйқылы көзін ашпаған сәби жоқ. Оның құлақ құрышы ана сөзімен қанады. Қуаныш, қайғы, қасірет, іс-әрекет, бәрі де сол ана тілі арқылы айтылады, адам сол ана тілінде білім алады, өнер үйренеді.

Ана тілінің барлық асыл да мол қоры жазба әдебиеттің майданына ойысып, сонда шындалып, «құдіретті күшке» айналады. «Кен асылы жерде, сөз асылы елде» дегенді негізгі қағида деп түсіне отырып, ел аузындағының бәрін бірдей асыл қазына деуге тағы болмайды. Әсіресе әдеби тілге сіңбеген жергілікті ерекшеліктерді жұмсау кісіге қаншалықты үйреншікті болғанмен, тілдік талғам талабы тұрғысынан өрескел қате деп есептеледі. Сонда да ұзақ жылдар олардан арыла алмай келеміз. Егер олардың тамыры тереңде болмаса, мұншалықты ұзақ өмір сүрер ме еді? «Әдет әдет емес, жөн әдет» екенін білген кісі әдеби тіл-

дән жөнсіз ауытқуды қойып, тез арада ықыласын әдеби тіл нормаларына қарай бұрады. Өз елінде «жүдә» сөзін өте, аса, тым, мүлде сөздерінің орнына жұмсау, тамақтаңды, ас ішті, тамақ ішті дегендердің орнына «ауқат ішті» деу қаншалықты үйреншікті болғанмен, тіл мәдениеті жоғары, әдеби тілді жақсы білетін кісілер мұны қолданбайды. Кей жерлерде тұз—дұз, маңдай—маңлай, түндік—тұңлік, тыңдады—тыңлады, таңдай—таңлай, теңдік—теңлік, таңдап—таңлап дегендер жарыса айтылады. Алдыңғыларының ғана дұрыс екенін түсінген кісі «мен орта мектепті жігірма тоққызыншы жылыда пітірдім» деп сөйлеуді мәдениетсіздік деп түсінеді.

Әр жерден келіп, бас қосып сөйлесе кеткен кісілердің әрқайсысы өз жерінде айтылатынды ғана қазақша деп мақтан ететіні де белгілі. Ол түсінікті де, әркімнің жастайынан көкейіне қонған, айтыла-айтыла әбден үйреншікті болған сөздері ғана табиғи, ең дұрысы сияқтанады да, олардан өзгеше ауытқулардың бәрі құлаққа тосаң естіліп, жат көрінетіндіктен, «қазақша емес» деген тұмар тағылады. Әрине, дұрыстықтың нысанасы ол емес, қай елдің болса да айтып жүргендері әдеби тілге тән, тән еместігінде. Осыны түсінген кісі өзіне-өзі сыншы болып, тек әдеби тіл нормаларын сақтап сөйлеуді мақсат етеді, өзін соған үйретеді.

Әдеби тіл халық тілінің ең жоғары формасы болғанмен, сөйлеу тілінің онда қамтыла бермейтін бірнеше артықшылығы бар: алдымен, дидарласа сөйлескен кісілердің бет пішіні, көңіл күйі, өзара қарым-қатынасы, екіншіден, сөйлеу әуені, үш еш уақытта жазуда дәл сол қалпында беріле қоймайды. Олардың қандай екенін авторлық комментариймен де, тыныс белгілерімен де дәлме-дәл қағазға түсіру мүмкін емес, өйткені сөйлеу тілінің бұл жағынан толып жатқан қатпарлы, күрделі де нәзік, тіпті жазып жеткізе алмайтын елеусіз нақыштары көп. Мысалы: «Оның айтқаны түсінікті» деген қып-қысқа сөйлемді кемінде он түрлі вариантта түрліше құбылтып айтуға болады. Сонда әуеннің, дауыс ырғағының, екпінінің әр түрлі болуынан сол бір сөйлемнің білдіретін мағынасы әр түрлі болмай ма? Сөйлемнің айтылу интонациясын құбылтып, оны хабарлы да, сұраулы да, лепті де етіп айтуға болады. «Оның» сөзіне ой екпінін түсіріп, басқаның емес, оның айтқаны түсінікті екенін аңғаруға болады, «түсінікті» сөзін бөліп, созып айту арқылы сөйлемге өзгеше өң беруге де болады.

Сөйтіп, әрбір сөйлемнің өз орайында әр алуан ырғақты үн тиісті әуені, музыкалық сазы болады. Сондықтан айтылған сөз бен жазылған сөз тепе-тең бола алмайды. Әрбір сөзді, сөйлемді, сөз тіркесін айтылмақ ойдың мазмұнына сәйкестендіріп айту сөйлеу тілі мәдениетінің басты талабының бірі болмақ. Өйткені

сөйлеген, сөйлескен кісінің үнінде адам ойының нақышты бедері ғана емес, ойдың өзі көлбеп көлденең тартылады. «Бал тамған тілден у тамар» демекші, сөйлей білген кісіге оның ырғақты әуені шексіз. Соны білмей әйтеуір сөздерден сөйлем құрай салып, қалай болса солай айта салу — олақтық. «Олақтың сөзі — орынсыз жамау сияқты» дегенді қазақ халқы осындайларға арнап айтса керек.

Тіл — адам ойының айнасы. Адамның тіл жұмсау дағдысы нан, тіл мәдениетінен оның кім, қандай адам екенін аңғару да қиын емес. Әдетте ойы айқын кісінің сөзі де анық, дәл болады. Ойы таяз, пікірі күңгірт кісінің сөзі де берекесіз болады. Осыған қарап сөйлеу де ұшу сияқты демекпіз. Ұшудың да ұшуы бар, қыран да ұшады, шыбын да ұшады. Сөйлеудің де сөйлеуі бар, шешен көмеккейі бүлкілдеп, көсіле, біліп сөйлейді, ойсыз адам кібірткітеп, күңгірт сөйлейді. Мәдениетті, білімді азаматтар аңғару тілінің қыраны сияқты биікке самғайды. Жұрт оларды асқан шешен деп дәріштейді. Бірақ оның да сүрінетін жері болады: «ине көзінен сынады, шешен сөзінен сынады» демекші, алды артын барламай, ойламай сөйлегендер сәтсіздікке ұшырайды. «Андамай сөйлеген ауырмай өледі», «Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле» дегендер тегін айтылмаған.

Қазақ халқы тіл өнерін жоғары бағалаған. Ол өнердің ұшақ биігі де, қонар жайсаңы да — біздің қазіргі өміріміз. Өйткені социалистік жаңа өмірдің құлашы сонау биікке сермеліп жатқанда, оның құрылысшылары, барлық совет азаматтары айқын ойлы, сауатты, тіл мәдениеті жоғары болуға тиіс. Сол өнерді үйренуге талаптану әркімнің-ақ рухани қажеті болатыны сөзсіз. Бірақ оған жеңіл-желпі қарамау керек. Атақты Цицерон айтқандай, адам «ақын болып жаратылып, шешен болып кейін қалыптасады» («поэтами рождаются, ораторами становятся»). Оған еш уақытта іштен, анадан туа шешен бола қалмайды, — оқиды үйрену арқылы жетіледі. Шешеннің шешендігі оның тілдік стилінен, ой өрісінен, жалпы білім дәрежесінен белгілі болады.

Әбден үйреншікті, айтыла-айтыла ығыр болған сөйлемде мен сөз тіркестерін, жаттанды фразаларды мүдірмей, сыдырты көпірте сөйлеу жақсы қасиет емес, әрине *кең дала, жазық дал* дегеннен гөрі *мидай дала, көлбеген кең дала* дегендер күшті, әр үйреншікті. Ондай үйреншіктілердің ұтымдыларын талғап сөйлеу қажет. Ал өз ойынан шықпаған жаттанды тіл орамдары пайдаланушылардың творчестволық әрекеті босаңсып, «жұмыс тілі» ғана жұмыс істейді, біліміне сүйенбейді, тілі мен жағын сүйенеді. Ми жұмысының ойлау қабілетіне қозғау салмайды, қызыл тілдің қимылына қозғау салады. Мысалы, *байлық, тарш тәртіп, малшы* сөздеріне үкі тағып, бедерлі етіп сөйлеу үшін ға

зеттерде көп жазыла берілетін «барынша байлық», «тарихи таразы», «темір тәртіп», «майталман малшы» тәрізді тіркестер қаншалықты үйреншікті, қалыпты норма болғанымен, оларды шешендіктің тұздығы етуде пәлендей нәр болмайды. Чехов айтқандай, интеллигент адамның татымсыз, нашар сөйлегені — сауатсыз адамның оқи, жаза алмауымен бірдей.

«Оны іскерлікпен жүзеге асыруды қамтамасыз етеміз», «Шопан жүз саулықтан 114 қозы алуды қамтамасыз етті» дегендей құлаққа тосаң естілетін штамптар газет-журналдарда көп жазылады. Орысшадан аударудың дәлме-дәлдігін көздейтін журналистер үшін ондайлар үйреншікті қолөнері сияктанып та барады. Ауызша баяндамада, бетпе-бет сөйлеуде сондай дайын орамдарды айта салу өз әйеліне қарап: «жолдас қатын» дегенмен бірдей.

Адамға ойлай білу қаншалықты керек болса, орнымен керегінше сөйлеу соншалықты керек. Кейбіреулер көпірме, бөспе сөзге әуес. Ондайды сөйлеткенде, он тиын беріп жырлатып, бір сом беріп қойдыра алмағандай боласың. Сондай көкмылжын болуды адам екі-үш жылда үйрене алады, ал ол жаман әдеттен көпке дейін арыла алмайды. Сондықтан ең дұрысы — көкмылжын, бөспе болудан сақтану керек.

Ақылды алды-артын ойлап сөйлейді. Ақылдылық ашу үстінде сыналады ғой. Ашуға мінген кезде біреуге артық сөз айтып, кінә тағып, балағаттап, артынан ұятты болғанын байқамай қалатындар болады. Әсіресе осындайда кісінің ойын кеңірдегі билемей, ақылы билеуге тиіс.

Әр нәрсенің кезегі бар, көзі бар. «Айтылған сөз атылған оқпен тең». Кезінде атылмаған оқ нысанаға дәл тимейтініндей, өз кезінде айтылмаған сөз де далаға кетеді. «Тисе — терекке, тимесе — бұтаққа» деп нысанасыз сөйлеу мезгілсіз шақырған қоразбен бірдей. Онан да сөйлемеген жақсы. Бұл қағида қай халықтың да тіршілік талабы болса керк. Біздің дәуірімізге дейінгі V ғасырда өмір сүрген философ, әрі ағартушы Конфуций мынандай өсиет айтқан екен: «Сөйлеу керегінде сөйлемей қалған — кісіден айырылады. Сөйлемей керегінде сөйлескен — сөзден айырылады» («Суждения и беседы» деген трактаттан). Орнымен үндемей қалу — афоризмнің ең қысқа түрі дегеннің де жаны бар.

«Көп сөз — бос сөз», «Көп сөз — күміс, аз сөз — алтын» — өмірден алынған данышпандық нақылдар. Баппен сөйленген байсалды сөзге не жетсін. Қуанышқа тасып, өкінішке ашына сөйлемеске болмайды, соның өзінде ашуға мініп қызарандамай, алып-ұшып аптықпай, айқай-ұйқайға бой ұрмай, анық, ұстамды бола сөйлеу — асқан мәдениеттіліктің белгісі.

Сөз атасы — құлақ. Мазмұнды сөзге құлақ қойып, ықыласпен тыңдай білуге де дағды керек. Орамды тілдің эстетикалық әсеріне, айтылған ойдың мазмұнына қанық болу үшін кісінің «көкірегі сезімді» болуға тиіс. Абай ақыл сөзді кімнің қалай ұғынатыны туралы былай дейді: «Қарны тоқ қаса маңғаз ұқпас сөзді, сөзді ұғар көкірегі болса көзді...». Солай болғандықтан сөзді әркім әр түрлі ұғуы, әр түрлі тыңдауы мүмкін. Айтылған ғибратты асыл сөз бір құлақтан кіріп, бір құлақтан шығып жатса, одан не пайда? Сондықтан кісіні тыңдай білу де — мәдениеттілік. Көбіміз басқа біреудің айтқанын тыңдай білмейміз, оның сөзін орынсыз бөліп, жөн-жосықсыз бірдеңелерді қыстырмалап білгішсінетіндер де болады. Бәрінен де ойсыз, есалаң сөзге есеңгіреген жаман. Орыс халқының «Қто молчит, тот не грешит», «Умный молчит, когда дурак ворчит» деген мақалдары да сөйлеудегі ұстамдылықты уағыздаса керек.

Өз кезінде айтылмаған сөздің өкініші жаман. Адам тамақтың дәмін татқанда біледі, сөздің дәмін айтқанда біледі. Татымды, дәмді етіп, қысқа сөйлеп көп нәрсені айта алу — шешендік өнерінің бір шарты.

«Жасыңда қылжың болсан, өскенде мылжың боласың» дегенді ескеріп, жастарды тіл мәдениетіне ерте бастан баулу қажет. Ертедегілер айтқандай адамның аузы біреу, құлағы екеу болатындықтан мылжындап көп сөйлемей, көп тыңдай білу де керек. Сөйлей білу адамға қаншалықты керек болса, тыңдай білу де соншалықты керек.

5. ЖАСТАРДЫҢ ТІЛ МӘДЕНИЕТІН ДАМУЫНА АТА-АНА ҚАМҚОРЛЫҒЫ

«Біз мектеп жасындағы баланың барлық өмірі мектепке ғана тиісті десек, жаңылысқанымыз. Баланың табиғи дамуына уақыт, табиғат және семья өмірі анағұрлым көбірек ықпал жасайды» (К. Д. Ушинский).

«Ана тілі — бүкіл ақыл-ой дамуының негізі және бүкіл білімдердің қазынасы» (К. Д. Ушинский).

Ана сүтін қылқ-қылқ жұтып жатқан нәрестенің екі езуі бүлікілдеп, әлсіз саусақтарымен ана кеудесін аймалап, көзін бір ашып, бір жұмып, рахатқа бөленеді емес пе? Еміренімпаз анасы да тасып-төгіліп, «о, жаным», «айналайын», «қалқам», «қозым», «кұлыным»... деп, шын жүрегімен, адал ниетімен қатты тебіренбей ме? Осындай сөздерден басталатын ана тілі ана сүтімен сәбидің «бойына тарап», ақыл-ойын, сана-сезімін оятады. Өсе келе бөбектің өз ана тіліне тән дыбыстар тобын, әлі қалыптаспаған «сөздерді» айтып, қуаныш аңсаған үй ішіне жайдары жас әуен

енгізеді. Сол баланың талпыну, еңбектеу әрекеттері қаншалықты қуаныш болса, тәтті тілімен сөйлей бастауы соншалықты кісінің емірену сезіміне қозғау салады, жаңа бір қуаныш нұрын шашқандай болады, балалы үй базарға айналады.

Сөйтіп өсірген ұлық мен қызыңның бүгінгісі де, болашағы да әрі қызықты, әрі бақытты болса екен дейсің. Қызықты, бақытты өмірдің өлшеуіші адамның қоғам өмірінен алатын орны, іс-әрекеті нәтижелеріне негізделсе керек. Тек білімді, мәдениетті, талапты, еңбек сүйгіш азаматтар ғана ата-ананың сол арман биігінен көріне алады. Сол үшін ата-ана балаға қамқоршы болуды бір жақты түсінбей, жан-жақты тәрбие, әсіресе, тілдік тәрбие, білім беруді естен шығармауы керек.

Атақты сөз зергерлерінің өсіп, жетіліп қалыптасуына ата-ананың тілдік тәрбиелерінің ерекше әсері болғанын білеміз. Мысалы, А. С. Пушкиннің өмірінде анасындай тәрбиеші Арина Родионовнаның ерекше қызмет атқарғаны мәлім. Өзі оған арнап «Няне» деген өлең де жазған. Пушкин одан көп нәрсе, әсіресе, тіл үйренген. Сондай өнегелі үлгілер де аз емес. Осыны айтқанда, басқа да мысалдар көз алдында тұрғандай болады. Алдымен ата-аналар еске түседі.

Ата-ана дегеніміз әке мен шеше ғана емес, сол екеуінің маңындағылардың бәрі деп түсінеміз. Солардың ішінде балаға әкешеден гөрі әжесі, атасы «баланың баласы оттан да ыстық» дейді де, бар білгенін, бар өнерін немерелеріне үйретуден жалықпайды. Абайдың даналығына, сөз зергері болуына айналаның, әжесі мен анасының, ақын мен жыраудың ерекше ықпалы тиген. Оны жазушы М. Әуезов былай суреттейді:

«Ол (Абай) атқа мініп жүруге жарағанымен, үйден көп шықпайды. Өзге баладан гөрі басқа бір ермек, бөлек бір дос тапты. Онысы,— әсіресе, әжесі. Одан қала берсе — шешесі. Бұның әжесі бір түрлі шебер әңгімеші еді. Қызық сөйлейді. Әңгімесінің барлық жерін дәмді ғып, қызықтырып айтады. Абай... бір күні кешке ұйықтай алмай жатып, әжесінен әңгіме айтуды сұрады. Сонда, ол ойланпай отырып:

— Е, е... Бұлдыр-бұлдыр күн өткен. Бұрынғыдан кім өткен?— деп кішкене тақпақтап бастап еді. Абай соны ұғып қапты. Келесі жолы әңгіме сұрағанда, әжесін тізесінен ақырын қағып:

— Е, е... Бұлдыр-бұлдыр күн өткен. Бұрынғыдан кім өткен?— деп тағы да әңгіме тілегенін білдіруші еді. Әжесі әуелде көп-көп ертектер айтқан. «Еділ—Жайық», «Жұпар қорығы», «Құла мерген»— бәрі де айтылды. Оның әңгімелерін түсте де, кеште де, тіпті көш бойы да Абай айтқыза беретін болды...

Тағы бір күндер Мамыр, Еңліктей қыздардың қайғыларын да айтып берді. Абай қажымай, жалықпай, ылғи ғана ынтыға

тындайтын. Кейде әжесі шаршап айтпай қойса, өз шешесіне жабысатын. Ұлжан да көп әңгіме білуші еді. Және ол өлеңді сөзді көп айтады. Нелер ескі заман жырларын, айтыс, өсиет, әзілдерін де көп айтып берді. Екі анасын көңілдендіріп тағы айтқызу үшін кейде өзі де қаладан әкелген кітаптарының ішінен «Жүсіп—Злиха» сияқты қыссаларды оқып береді.»

Осындай жолдар арқылы жазушы Абайдың алдағы өміріне керекті рухани азықты қалай алғанын, халқының тіл байлығын қалай меңгергенін, соларға ықыласының ауғанын, қарапайым әжесі мен анасының ұмытылмас ұстаздық құпиясын жай, үйреншікті іс қалпында баяндаған.

Содан әрі қарай романда жас бала Абайдың Барлас пен Байкөкше ақындармен кездескені суреттеледі.

«— Ал, балам, әжең екеумізді қажай беруші едің, әңгіме-жырдың дүкені, міне, жаңа келді. Мына кісі Барлас деген ақын. — деді (шешесі)...

— Е, балам, «шешенің судай төгілсін, тыңдаушың бордай егілсін» дегендей, сөйлеуді де, тыңдауды да сүйген ел — ел-дағы. Тыңдауға өзің жалықпасаң, айтуға Байкөкше жалықпас, — деп, жас жолдасына қарап күліп қойды...»

Мұхтар Әуезов Абайдың ақын сөздері мен жырларын тыңдағаннан алған әсерін былай тұжырымдайды: «Тілі ұғымды, өмірі таныс болғаннан ба, немесе Барлас пен Байкөкшенің кезектеп айтқан жырларының кейде шырқаған, кейде қалқып баяулаған, кейде лекітіп соқтырып, ескектете желген әнінен бе? Бебеу қаққан қоныр, майда баяу домбырадан ба? Қалайда болса Абай бұл күнге шейін өмірінде дәл осы Барлас, Байкөкше баян еткен дастан, жырларға бара-бар еш нәрсе есітпеген сияқты болды.»

Әрине, біздің заманымыздағы әрбір жас өспірімнің тілге, әдебиетке деген ынтызарлығы, оқу-үйрену мектебі, оның айналасы, тіпті жаратылысы дәл осы үлгілермен пішіле бермес. Бірақ Абайдың әжесі мен шешесінің әңгіме, ертегі сияқты халық мұраларын айтып, тілдік те тәрбие беруі қазіргі ата-ана, туған-туысқандар үшін де өнегелі жайттар емес пе?

* * *

Адамның қоғамдық өмірі қарым-қатынассыз болмайды. Сол қарым-қатынаста біреуге біреу ойын айту, пікір алысу тілдік қарым-қатынасты тудырады. Адамның тіл жұмсауы — оның қоғам мүддесіне лайық көптеген іс-әрекетінің бір бөлігі. Совет азаматы барлық өмір салаларында еңбек етеді. Оларға социалистік жұртшылығымыз ерекше тілдік талап қояды. Ол білімді, мәдениетті, өз ісіне шебер, саяси идеология жағынан шыңдал-

ған бір сырлы, сегіз қырлы қоғам қайраткерлерінің мінез-құл-қын қалыптастыру міндеттерімен ұштасып жатады. Бұл қасиет-терге не болуға тиісті жастардың тіл мәдениеті де жоғары бол-сын деген талап — социалистік қоғам талабы, дәуір талабы. Өйткені көп ұлтты совет халықтарының тілдері, соның бірі қа-зіргі қазақ тілі, Отанына қажырлы еңбек етудің, білім берудің, социалистік құрылыс процесіне басшылық етудің, халыққа саяси тәрбие берудің құралы болып отыр. Баланың тілі шыға бастауына ата-ана қалай қуанатын болса, өскенде халқының тіл мәдениетіне, тіл байлығына жетік болғандығын одан да бе-тер қастерлейді, мақтан етеді.

Тіл мәдениетінің шыңына жету жолы ұзақ әрі тарам-тарам. Оның негізі семьяда, балалар бақшасында қаланады да, бастауыш мектептен бастап ана тілін жүйелі оқып үйрену, тіл да-мыту, сауатты жазу, грамматикалық құрылыстардың жүйеле-рін, заңдылықтарын білдіру мақсаты қойылады. Мектептерде тілден білім беру — баланың тіл мәдениеті жоғары болуының да қамы. Оқушының мектептен алатын тіл сабақтары семья мен айналаның, әдебиет пен театрдың, кино мен теледидардың, ра-дио мен жиналыстардың тіл «сабақтарымен» ұштасып жатады. Құлағы тұрулі, ойы сергек, білімге, мәдениетке, тілге, әдебиет-ке ықыласы ауған жастарға халқының, елінің рухани байлық-тарын да, ғылым-техниканың табыстарын да тіл арқылы үйрену жолдары әр алуан. Соларды пайдаланып, елінің мақтанышына бөленген, «көкірегі сезімді, тілі орамды» жастар да, әбден ке-мелденген сөз шеберлері мен шешендер де аз емес. Олармен әңгімелесу де, сөздерін тыңдау да бір ғанибет. Ал «аузынан сөзі, қойнынан бөзі» түсіп тұрған ынжық, тілге шорқақ жастар аз ба? Солардың тілінде жиі кездесетін орашолақтықтар мы-налар:

1. Кейбіреулердің өз ойын айту үшін қолданатын сөздері-нің саны өте шағын болады. Өзі білетін, айтыла-айтыла әбден жауыр болған сөздерді жиі қолданады; сөз көркі — мақал-мә-телді, идиома, фразалық тұрақты тіркестерді аузына алмайды. Ондай өз ісіне де олақ, тек жүрдім-бардыммен қалт-құлт өмір сүретіндердің тіл мәдениетінде қандай береке болмақ?

2. Басқаға өз ойын түсінікті, жатық, әсерлі етіп жеткізудің бір шарты — өз әуенінің дұрыс болуы. Музыкадағы барлық ән-күй, ірілі-ұсақты басқа да музыкалық шығармалардың ар-қауы *до, ре, ми, фа, соль, ля, си* деген тондар гаммасы (жиын-тығы) тәрізді болмағанмен, әрбір ойға лайықты дұрыс құралған сөйлемдегі сөздердің, жеке сөйлемдердің өздеріне сай ырғақты үні болады; сөздерді дұрыс айту, дұрыс жазу нормалары бола-ды. Соларды білмей, білсе де елемей, қалай болса солай айта,

жаза салатындар аз ба? Мысалы, *Орта мектепті жігірма дөр жасымда пітірдім* дегенді есіткенде, оны айтушыға іштей қын жыласын. Дұрысында жнырманы — *жігірма, жерма*, төртеуді — *дөртеу*, бітірдіні — *пітірді*, Төрегелдіні — *Төрекелді* деп айт «Елім-ай» әнін бұзып айтумен бірдей. Қазіргі балалардың көб осыны білмейді, сөйлесе қалсаң, мектепте мұғалімнің сұрақта рына қағырған жауаптары әуенімен сөйлесседі. Сөзді сазына кел тіріп сөйлеу үшін әр уақытта тақпақтап, булығып, ашынып сөй леу шарт емес. Сөздердің, сөз тіркестерінің, әр ойдың ерекшелі гіне лайық құралған сөйлемдердің айтылу үні, әуені, ырғағы болатыны — тауып сөйлеген сөздің сәні ғана емес, мәні де.

3. Бәрінен де сөйлесудегі ынжықтық, ұялшақтық яаман Жыл сайын біздің алдымыздан жүздеген оқушылар өтіп жата ды, солардың кейбіреулері ойлап сөйлемей, сөйлеп барып ойла нады. Олар сөз қиюын келтіріп, байланысын дұрыс тауып жа туды да керек қылмай, ұялмай-қызармай төпеп сөйлей береді «Сөйлей-сөйлей шешен боларсың» деген мәтел ондайлар үшін айтылмаған болар. Кейбіреулер, әсіресе қазақ қыздарының бір қатары, инабаттылық, ізеттіліктің бір белгісі — үлкеннің алдын да көпіріп, айналасын шарпып, қатты дауыстап сөйлемей кере екенін білгені жақсы, бірақ оны барлық жерде, басқа срайда естен шығармайтын ереже деуге бола ма? Әрине, жиналыстар да, аудиторияларда, кейде сахнада да ақырын, күмілжіп сөйлег адамның титығына тиетіндер болады. Біздің екпінді өмір жас тарының сөзінде салмақ, қажырлы жігер лебі, айқын ой бір ден байқалатын болу керек емес пе!?

Мәдениетті адамның өзі де, сөзі де, ойы да барынша жинақы болуы тиіс. Адамның сырт көрінісі, іштей жинақылығы, сөзі, ой өрісі, ізеттілігі, мәдениеттілігі — бәрі жиналып жұрт жүре гінің құлпын ашатын алтын кілт.

Жеке адамның хал-жайы, іс-әрекеті социалистік қоғам өмі рімен біте қайнасып жатқан жаңа заманда, оның тіл жұмсау дағдысының жалпыхалықтық қасиеті арта түспек. Қоғамдық сибек, межелі мүдде бірлігі тіл бытыраңқылығын тежеп, оның біртұтастығына, жүйелі қалыпта қолданылуына кең жол ашып отыр. Қазіргі әдеби тіліміздегі тілдік нормалар жүйелері жеке кісілердің ойдан шығарған «жаңалықтары» емес, тілдің табиға тына тән жүйелілік және ол — тіл жұмсау саясатымыздың та лаптарына бейімделген заңды құбылыс. Халықтың тіл мәдениеті жоғарылаған сайын, тілдік нормалар дәрежесі де биік болуға тиіс. Сондықтан тілдің нормалану процесіне немқұрайды қа рауға болмайды. Оның қиындығы мынада: тілдік нормалар әдеби тілдің әр кезеңінде әр түрлі болуы ықтимал, екінші жа ғынан ол — әдеби тілдің белгілі бір дәуірінде біршама тиянақ

тылықты керек ететін, біртіндеп, әдеби тілдің даму барысында қалыптаса түсетін процесс. Тілдің өн бойында — оның дыбыс, буын, сөз, тұлға, сөз таптары, сөз тіркестері, сөйлемдер жүйелерінде бірізділік болмаса, ол тілді өткір құрал ретінде жұмсау ісінде не береке болмақ? Біздің міндетіміз солардың қасиеттерін арттыру, оқушыларға үйрету болмақ. Грамматика оқулықтары да сол мақсат орайында жазылады.

Тіл мәдениетіне жетік адамдар тіл байлықтарын меңгерумен қатар, тілдік нормаларды да жақсы білуге тиіс. Бұл да қиын міндет. Мектеп те, ата-ана да баланы сол қиындықтарды жеңуге баулиды. Осы күнгі бала көп білуге әуес. Екіншісі техниканың тетігін, радионың, электр жүйесінің сырын білуге тырысады. Бұл — бүгінгі өмір талабы, баланың келешегіне жол ашу үшін баулудан туған заңдылық. Сол сияқты баланы тіл өнеріне тәрбиелеу «өнер алды — қызыл тіл» болғандығынан ғана емес, ол өнердің қуатты құрал болуы басқа да іс-әрекеттермен астарлас заңдылық екенін көрсетеді.

Бала оқып-үйренуде, еңбекте ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүріп өсетін болса, оның келешек өмірінен көп үміт күтуге болмайды. Тек жаны қиналып, қиындықтан тайсалмай әрекет еткенде ғана, баланың ақыл-ойына күш-қуат қосылады. Бала тіл үйренуі үшін, атақты ақын-жазушылардың шығармаларын да көп оқуы қажет. Әдепкіде ол оқығанының біраз жерін, кей сөздерін түсінбеуі де мүмкін, бірақ соның бәрі ақырында білмегенін білуге, түсінбегенін түсінуге әсер етеді.

Тіл мәдениетінің мектебі — көркем әдебиет.

Көркем әдебиет үшін тіл — эстетикалық, көркемдік құралы. Сол құралды жазушыларымыз дәстүрлі нормалар негізінде пайдаланады. Әр жазушының тіл жұмсауда өзіндік үні, стильдік, көріктеу тәсілдері болады дегеннің өзінде, ол жалпыхалықтық тілдік дәстүр аясынан шықпайды. Әдетте сол нысанадан көп ауытқымай, ауытқу болса, одан белгілі мақсатқа лайықты сөз өрнегін құрайтын атақты ақын-жазушылар жалпыға ортақ әдеби тіл нормаларынан әрі аттап кете алмайды. Сонда да көркем әдебиетте бұл жағынан болатын еркіндік нормадан жөнді-жөңсіз ауытқулар жиі болса, оның себебін көркем әдебиет стилінің ерекшелігі деп білеміз.

Бір жағынан, көркем әдебиет қайраткерлері халық тілінің байлықтарын жан-жақты пайдаланып, әрқайсысы өзінше «күй шертуге» тиісті болса, екінші жағынан халыққа тілдік тәрбие беретін де, тіл мәдениетінің де озат қайраткері болуға тиіс. Осы екеуін ұштастыра білетін ақын-жазушыларымыз аз емес.

XVIII—XIX ғасырларда қазақтың әдеби тіліне араб-парсы сөздері көп енгені белгілі. Қазіргі қалам, қағаз, мектеп, кітап,

Отан, мәлім, мәдениет, өмір тәрізді мыңдаған араб-парсы тілінен енген сөздер қазақ тілін едәуір байытты. Ондай сөздерді қазақ тілі өзінің фонетикалық ерекшеліктері негізінде, бастапқы қалпын өзгертіп қабылдап, нормаға айналдырған болатын. Соның өзінде өздерін ерекше жандар деп есептеген «кітаби тіл» өкілдері — діни ақын, молда, ишандар қарапайымдыққа қарсы «жоғары стиль» құрамында араб-парсы сөздерін бастапқы нұсқасына жақындатып, өздерінше «мәнерлеп» айтуды сән көрген.

Ата-ананың сөйлеу тілі әр уақытта әдеби тілмен үйлесе бермейді. Онда қарапайым сөздер, диалектизмдер, әдеби тілден жәнсіз ауытқулар көп болады. Сондықтан жастар әдеби тілдің жақсы үлгілерін, көркем әдебиеттегі (диалогта), сөйлеу тіліндегі нормадан ауытқуларды айыра білуі тиіс.

Кейбір жастар айтайын деген пікіріне керекті сөздерді ұмытып, олардың орнына «жаңағы», «сөйтіп», «нетіп», «неғып» сияқты бұралқы сөздерді көп қолданады. Әдепкіде бұлар білмеген сөздерінің баламасы болып айтылғанмен, бара-бара үйреншікті жаман әдетке айналып, тілді бұзады. Баланың ерте бастан ойы сергек, өткір тілді болуын, сөз пернесін дәл басып, әр сөзді мүдірмей өз орнында қолданып сөйлеуін келешекте тіл мәдениеті жоғары болуының шарты деп білеміз.

Ана тілі сабақтарын оқытуда тек тіл жүйелерін, құрғақ грамматиканы оқушыларға білдіруді ғана көздемей, оқушының тіл жұмсау әрекеті басқа іс-әрекетінің бір бөлегі деп түсініп, оларды дұрыс сөйлеуге, көрікті ойды көркем, ұтымды, шешен етіп айтуға, мәнерлеп оқуға, қатесіз, әдемі жазуға баулу керек. Жастарға тілдің коммуникативтік қызметін дұрыс түсініп, оған қоғамдық өмірдің жоғары талаптары тұрғысынан қарап білім бергенде ғана, олардың тіл мәдениетін арттыруға көмектескен боламыз.

II. ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ТАЛАПТАРЫ

1. ТІЛДІК НОРМА — БИІК ТАЛҒАМ

Тіл мәдениетінің басты талабының бірі — тілдік нормаларды қалыптастыру. Олар халық тілінің, әдеби тілдің даму барысында қалыптасады, кейбіреулері (жазу нормалары, терминдер, пунктуация нормалары) қолдан жасалады да, басқалары тілде бұрыннан бар жүйелер негізінде баспасөз арқылы қалыптасады. Сондайда ерекше еске алынатын мәселелер мыналар.

Қазақ тілінде әр түрлі дублет сөздердің бар екені бұрын да белгілі. Бірақ 30-жылдары олар жайындағы ұсыныстар жедел қолға алынып, тез шешілмеді. Оның себебі мынау: «Сөз асылы елде, тас асылы жерде» деген бар емес пе? Асыл сөздер көп тарамды әдебиеттің таңдау-талғау сарабына түсіп барып әдеби нормаға айналып, жалпыхалықтық қасиетке ие болуға тиіс. Сол уақытта әдеби тілдің сөздерді игеруінің дұрыс бағыты да айқындала түсетін болады. Оны білмей тұрып термин қабылдаудың да, дублет сөздердің бір сыңарын, не екеуін де әдеби нормаға айналдырудың принциптерін де дұрыс бағдарлай алмаған болар едік. Бұл арада әдеби тіліміздің жастығы, халық тілін әдеби тілдің игеру дәрежесі ескерілді. Ал енді көп жылдан бері түрлі-түрлі стильдік тармақтары бар әдебиеттің талғам гаразысында болған әдеби тілді жас деуге болмайды.

Әдеби тіл деп — жазба әдебиет арқылы жүйелі қалыпқа түскен, стильдік тармақтары сараланған, қоғамдық қызметі әр алуан тілді айтамыз. Көркем әдебиет тұрғысынан алғанда, М. Горький айтқандай, «Әдебиет тезіне түспеген «шикі» тілді халық тілі дейміз де, көркем сөз шеберлері шындаған тілді әдеби тіл дейміз». Осылардай қасиетке ие болған тілді әлі де ширата, іргесін бекемдей түсудің орнына «халықтық мұра» дегенді теріс түсініп, сөйлеу тілінде бардың бәрін жаза беретін авторлар аз ба? Әсіресе бірде олай, бірде былай айтылатын сөздер мен грамматикалық тұлғалардың әдебиетте жұмсалыуында талғам аз.

Т. Қордабаев «Лениншіл жас» газетіндегі мақаласында тайталасқан дублет сөздерді елеусіз ету үшін «Ол тек жөке адамдардың сөйлеуіндегі ала-құлалық қана. Тілдегі дублет дегенді тек осы мағынада ғана түсіну керек» — дейді де, басқаларын синонимге телігісі келеді. Ал фонетикалық айырымы бар *маңдай—маңлай, диірмен—тиірмен, бенде—пенде* тәрізділерді бірде «дублет деу логикаға сыймайды» десе, сәлден кейін оған, дәл солар сияқты *әне—әні, ажуа—әжуә, доп—топ, абжылан—әбжылан, бәйге—бәйгі* тәрізді көптеген сөздер жатады» дейді.

Біз мәселеге дублеттердің қай сыңары негізгі, әдеби норма болуға тиіс деген тұрғыдан қараймыз. Мүмкін, кейде екі сыңарын да норма деп есептеуге тура келер, оны әдеби тілдегі бұлардың жұмсалып заңдылығына қарай айқындауға тиіспіз. Мысалы, осы күнгі *халық, қазір, және, үшін, жиі, өйткені* сияқты сөздер бұрын басқа да вариантта жазылатын еді ғой. Осы күні ол варианттар (қалық, кәзір, хазыр, жана, жиы, ұшын, үйіткені) сөйлеу тілінде бар да, баспасөзде норма ретінде жазылмайды. Солар сияқты ондаған, тіпті жүздеген сөздер әдебиетте тайталасып, былығып жатса, оған енжар қарай алмаймыз, яғни олардың әдебиетте жиі қолданылуға, нормалауға тиісті нұсқалары мынау деп көпшілікке бағдарлама беруге тиіспіз. Мысалы, *қазір бәйге—бәйгі, ырза—риза, разы, жарты—жарым, есеп—қисап, мәлім—мағлұм* әдебиетте жөн-жосықсыз жарыса қолданылып жүр. Тіл мәдениеті жоғары халықтар мұндайлардың бір сыңарын негізгі деп есептейді де, басқаларын ретіне қарай қолданады. Мысалы, *жарты* дегенді нормаға жатқызсақ, *жарым* мүлде қолданылмасын деген ұғым тұмайды. Ол «жарымес», «екі жарым» сияқты құрамда жазыла береді, *есеп* негізгі әдеби норма деп есептелгенде, *қисап* қос сөз құрамында (есеп-қисап) жұмсалмасын деген ұғым тұмайды. Мұндайды әдеби тілдің қабылдайтынына көз жеткен тұста, сол ізбен *бау—бақ, суару—суғару, мысалы—мәселен* сияқты көптеген жарыспа сөздерді синоним деп бетімен қоя бермей, әр сыңарын белгілі мағынаға ие етуге әбден болады.

Әдетте *бет, жүз, келбет, пішін* сияқты синонимдер еш уақытта дәлме-дәл бірінің орнына бірі айтылмайды. Мағыналары сыбайлас болғанмен, әрқайсысының ерекше стильдік мәні болатыны белгілі. Ал біздің лексикалық дублет дегендеріміз дәл солай ма? Оған жататындар — мағыналары тепе-тең, көбінесе, диалектизмдер. Мысалы, бір затты бір өлкеде бір түрлі, екінші бір жерде екінші түрлі сөзбен атаса, не бір заттың бірнеше аты болса, әдебиетте солардың бірі нормаға айналуға тиіс дейміз. Оларды синоним қатарына жатқызу — жұмсалып аясы бірдей дегенге тіреледі. Біз оны жөн көрмейміз. Біреулер қантты «біздің ауыл-

да шекер, секер дейді» деп, солай жазса, әдебиетте *қамыр, нан, іңкәм, құлақ нан...*, *шырпы, сіріңке, шақпақ, күкірт* т. т. бірінің орнына бірі қолданыла берсе, оларға «синоним» деген айдар таққанда, «баяғы жартас — бір жартас» болмай ма? Мәселенің қойылуы, тіпті, синоним мен дублеттің бірлігінде, алыс-жақындығында емес, тіл мәдениеті тұрғысынан көптеген дублеттер сыңарының баспасөзде әдеби норма деп танылуында. Сонда да ғылыми тұрғыдан біреулер ақты қара деп жатса, оған да төзу қиын. Әрине, лексикалық, семантикалық дублет дегенге қарсы тұруға болмайды. Егер бір ұғымды, не бір заттың атын әркім баспасөзде дәлме-дәл әр түрлі айтатын болса, оны лексикалық дублет демей не дейміз? *Леген* деп оңтүстікте ет, палау сияқты тағам салатын ыдысты айтса, солтүстікте қол жуатын шылапшынды, ал батыста самаурынның астына қоятын ыдысты *леген* (лэген) дейді. *Ерсі* сөзін біз жаман мәнде түсінсек, Семейдің Мақаншы, Үржар аудандарында «жақсы» мәнде түсінеді, *там* оңтүстікте — *үй*, батыста, солтүстікте — *мола, қабыр* мағынасында қолданылады. Бұлар синоним емес, біздіңше — семантикалық дублеттер. Рас, кейбір ғылыми атаулардың әдебиетте екі түрлі аталатыны бар, мысалы, *семантика—мағына, субъект—бастауыш, объект—толықтауыш, предикат—баяндауыш, лингвистика—тіл білімі*. Мұндай дублетті синонимдердің жұмсалып аясы кең болғанмен, біз практикалық оқулықтарда *мағына, бастауыш, толықтауыш, баяндауыш, тіл білімі* деген варианттарын қолданып жүрміз. Ғылыми әдебиеттерде ол терминдердің халықаралық нұсқаларын да қолданамыз. Сонда оларды шартты түрде синоним деуге болатын себебі тек жұмсалып орайларының ерекшелігінде емес, ептеген болса да стильдік айырмашылықтары бар. Мысалы, бізде *субъект* — мағыналық, *бастауыш* — грамматикалық термин. Екеуі бір емес. Бұларды *қораз — әтеш, тана — тайынша, қант — шекер, секер, қала — шаһар, кент* дегендермен тең қоюға болмайды. Қазір осылардың алдыңғылары негізгі вариант ретінде нормаға айналып қалды. Біз сол норманы бұзуға қарсымыз. *Әтешти* кейбір жолдастар айтқандай «бала қораз» дейтін болсақ, оның жөні бір басқа, *кент, шекер, тайынша* егер сөз тіркесінің, біріккен сөздердің құрамында айтылып келсе, оларды ешкім «жою керек» демейді.

Тілдік норманың екі жағы бар: бірқатары, тілдің ішкі заңы, тіпті бізге аян емес те заңы бойынша ғасырлар бойы даму барысында келіп әдебиетке еніп, әдеби нормаға айналады. Мысалы, тіліміздің негізгі сөздік қоры, үндестік заңы, септік жалғаулар парадигмасының жұмсалып жүйесі, сөйлем мүшелерінің орын тәртібі т. б. Енді бірқатары жасанды болады. Мысалы: Түркияда «жаңа тіл құрылымы» бағыты үстем болғаннан бері

бұрынғы шетел, интернационалды терминдерді түрік тіліне аударып, соларын нормаға айналдырды. Ағылшын тілі орфографиясының қиындығы сонша, тіпті, Иванов деп жазып, Петров деп оқиды. Бұнда ешқандай заң жоқ, тек тарихи дәстүр бойынша орныққан норма бар. Қазақ тілінде *жұмысшы*, *ауышша* — сөйлеу нормасы. Бұл дыбыс заңына құрылған. Ал *жұмысшы*, *ауышша* — жазу нормасы. Мұнда ондай тілдік заң жоқ, тек сөздің түрін сақтап жазайық деген келісім, қаулы бар. Біз біріккен сөздердің бірқатарын бірге, бірқатарын бөлек жазамыз. Қырғыздарда оларды бөлек жазу дәстүрі бар. Олар соны нормаға айналдырып отыр, бірақ онда ешқандай заңдылық жоқ. Заңға жүгінетін болса, біріккен сөзді тілде орнаған қалып, сөз тудыру қағидасы бойынша, мысалы *итаяқ*, *есекмия*, *қолғал*, *біріділік* сияқтыларды бірге жазуы керек қой.

Сөйтіп, норма мен тілдің ішкі заңы деген бір емес, норманы ойдан шығаруға болады, ал заңды ойдан шығармаймыз, айқындаймыз, ашамыз. Оның үстіне тілдік заң көрінгеннің икеміне көніп өзгеріле бермейді, норманы орайына қарай өзгертуге болады.

Тілдік норма — тілдің әдебиеттілігінің бір белгісі. Біз халықты әдеби тілге баулитындықтан, халықтың, баспасөздің тіл мәдениетіне көз жібергенде, олардың әдеби тіл нормаларына қаншалықты сақтау-сақтамауы еленеді. Ол тіл мәдениетінің бір жағы. Оған одан басқа сыпайы сөйлеу, ойды дәл, айқын айту, сөзді орынды қолдану, ой мақсатына лайық сөйлемді дұрыс құру сияқтылар да енеді. Сондықтан тіл мәдениетінің негізі — норма дегені де, онымен тілдік заң бір дегені де қате. Біз норманы заң деп түсінбейміз.

Бұл мәселенің қиын жағы — нормалаудың принциптерінде. Бұл жайында орыс ғалымдарының арасында әр түрлі пікір айтылып жүргені белгілі. Біздіңше, ол нормалау принциптерінің негізгісі әрбір әдеби тілдің дәрежесімен, нормалау объектілігінің ерекшелігімен байланысты. Мұнда да нормалау бағытын көп жылғы тілдік тәжірибе көрсетуге тиіс.

Қазақ әдеби тілінің әр түрлі даму кезеңінде әр түрлі нормалар болды. Мысалы, XVIII ғасырдағы «кітаби» ақындар тілінде, хандар жарлықтарында ескі өзбек әдеби тілінің нұсқалары норма болса (бірлан, барадұр, айтылмыш, ұшбу, міллат, харакат, уағада, һәм т. б.), Абайлар тұсында әдеби тілдің өлең-жырлардан басқа да нұсқалары халықтық қасиетке ие болғанда, араб-парсы сөздерін, чаготаизмдерді өзгертіп қазақша айту, қазақ тілінің дыбыс заңына лайықтап қолдану бағыты күшті болды. Ескі норма бірден жойылып, жаңа норма аз күннің ішінде орнай қалмайды. Абай сөздігіне қарап отырсаң, оның алғаш-

қы жылдардағы шығармаларында, әсіресе қара сөздерінде, бірқатар араб сөздері, мысалы, *хаким, ғыззат, ғұмыр, ғарап, ғадалат, ғанимат, ғамал, ғалам, ғайып* түрінде қолданғаны байқалады. Бірақ Абай өзінен бұрынғы әдебиеттің ондай нормаларын кейін бұзып, әлгіндей сөздерді *әкім, іззет, өмір, арап, әдет, ғанибет, амал, әлем, айып* түрінде жиі қолданды. Сол нормаға айналды.

Әдетте әдеби тілде болуға тиісті прогрессивті құбылыс оның белгілі даму кезеңінде қылаң беріп, бой көрсетеді. Біздің мамандардың мақсаты — жоқты жону, барды місе тұту емес, тілдің әлгідей бір ұшы көрінген даму процесін тани біліп, соларын ұштай, жетілдіре түсу. Нормалаудың басты принципі осы болу керек.

Нормалау дегенді бір жақты түсінбеу керек, баспасөзде нормадан ауытқу бола береді. Сол ауытқуда стильдік, тағы басқа мән болса, оны біз жөнімен ауытқу дейміз. Біз әйтеуір нормадан ауытқуға емес, тек жөнсіз ауытқуға қарсымыз. Бір-екі мысал келтірейік: қалау райының екінші жағының нормативі, грамматикаларда көрсетілетін тұлғасы **-йық**, (бара-йық). Сол мағына кейде **-лық** (бара-лық), кейде **-лы** (бара-лы) түрінде де жұмсалды. Сондай-ақ әдеби нормаға айналған диалектизм, кірме сөздер кейіпкерлердің диалогінде қолданылса, ондайдың жөні басқа.

Тілдік норма да — тарихи құбылыс. Әдеби тілдің бір кезеңіндегі норма кейін басқаша түрде жалпыхалықтық қасиетке ие болған болса, сезімтал, әдеби тілге талғам мұнарасынан қарайтын жазушы бұрынғысын өзгертуді ар көрмейді. Рахманқұл Бөрдібәев «Стиль сыры» деген жинақтағы мақаласында Мұхтар Әуезовтің «Абай жолының» 1942 жылғы басылуындағы ескі норманы 1961 жылғы басылуында жаңаша өзгертіп жазғанына мынандай мысалдар келтіреді: *терең ғазап* — терең азап, *лапкені аралау* — дүкенді аралау, *түңлік* — түндік (155-бет). Бір кезеңде жұмысшы сөзі — *жұмыскер*, орталық — *кіндік*, совет — *кеңес*, генерал — *жандарал*, социалистік — *социалды*, помещик — *алпауыт*, философия — *палсапа...* түрінде қолданылды. Октябрьден бұрынғы әдебиетте *мағлұм, мехнат, ғұмыр, ғалам, ғимарат, ғазап, уағда...* сөздері осы қалпында зиялылар арасында көп жұмсалатын. Халық тілі ондай араб-парсы тілдерінен енген сөздерді өзгертіп, жатық түрінде игерген болатын да, кейін *мәлім, бейнет, өмір, әлем, имарат, азап, уәде* сияқтылар әдеби тіл нормасына айналған-ды. Соған қарамастан кейбір жас жазушы-ақындар осындай сөздердің ескірген нұсқасын қолдануға әуес. Оларда пәлендей стильдік өң, мағыналық не эстетикалық талғам байқалмаса, дұрысты бұзып, басқаша айтудан

не пайда? Мысалы, Жақан Сыздықовтың «Октябрь таны» деген мазмұнды өлеңінде мынандай жолдар бар:

Келеміз біз Октябрьдің жолымси,
Орын алдық Октябрьдің төрінен.
Өмірдің де, ғұмырдың да арқауы —
Қарап тұрмыз Октябрьдің өрінен.

Осында бір сөз әрі *өмір*, әрі *ғұмыр* түрінде, бірыңғай мүше қызметінде екі рет айтылған. Мүмкін, *ғұмыр* авторлық қолданыста «тіршілік» сөзінің орнына жұмсалған болар, бірақ өлең ырғағының ойнақылығы болмаса, ол сөзден пәлендей бал тамып тұрған жоқ. Мұзафар Әлімбаев «Ана тілінің ақ сүті» деген өлеңінде былай дейді:

Ана тілі —
Ананың құнар сүті ғой,
Ғұмыр бойы сен еметін.
Ана тілі —
Халқыңның ырыс-қуаты ғой,
Игілігіне кенелетін.

Жақсы айтылған. Бәрі дұрыс. Бірақ осы арада халықтық қалыптан ауытқуда қандай мән бар? Автордың өзі қастерлеп отырған ананың лебізіне лайықтысы «өмір бойы» емес пе? Тіл мәдениеті тұрғысынан әлгі өлең жолдарының «елеусіз» ақауы сол бір сөздің ескіше жұмсалуды ғой деймін. «Ананың құнар сүті» — ана тілінің халықтық табиғатына үйлеспеген бір сөздің тегін көп қазбалап жатқан себебіміз — тілдегі ала-құлалықты елемеу, оларға жол беру жақсылықтың нышаны емес, тілдегі ауа жайылушылық — тіл мәдениетінің жауы. Сондықтан мұнда да «қатал тәртіп» орнатуға алдымен тіл жұмсаушылар мұрындық болу керек. Әдетте дұрыс қолданылмаған сөздер шығарма тілінің құтын қашырады. Рымғали Нұрғалиевті сөзшең, тілі жатық деп білеміз. Оның сол қасиетіне «Өнер алды — қызыл тіл» деген кітабының алғашқы беттеріндегі *жаралмыш*, *көзі қарақты*, *тәрік етіп*, *кемшін* («кемдеу» мағынасында), *ғайбаттаушылар машһур сыншы* сияқты сөз қолданыстары үйлеспейді-ақ. Кейбіреулер осылай етсе, сөзіміз үкілі бөрік, оқалы тон сияқты сәнді болады деп ойлайды. Тілде мен мұңдалап тұратын даңғыл жол тұрғанда, оқушыларын шатқалаңды жұмбақ түбекке қарай сүйреуден көркемдік шыға қояр ма екен? Жазуда ой айқындылығы сөз дәлдігімен қабасып жатуы керек емес пе? *Айтылмыш*, *машһур*, *барадүр*, *есіткіл*, *жаннан әзиз көргүші* сияқтылар ертедегі әдеби тілде кездесетін, бірақ олар қазіргі әдеби тіліміздің халықтық қалпына сай емес қой. Осындайды сән көріп, сөзін түрлендіремін деп, тілін шұбарлап жаза салуға, араб-парсы тілдерінен енген сөздерді бұрынғыларша айтуға аға буын — Сәкен,

Бейімбет, Сәбит, Мұқтар, Ғабит, Ғабидендер емес (олар -мыштарды... білсе де қолданбайды), жас жазушылар әуес. Шамасы, ертедегі өткінші, қазір тілден ысырылып шығып қалған, ерекше бір орайда, стильдік нәрі бар деген тұста жұмсалуға тиісті сөздер олар үшін жаңалық шығар. Бірақ жаңалыққа әуестік мода қуған сылқымдар тәрізді болмағай да.

Тілдік тәсілдер адамның ойын тек бір қалыпты күйінде емес, әр алуан ерекшеліктері мен нәзік, әрі экспрессивтік құбылыстарын білдіру құралы ретінде де жұмсалады. Мағына мен ұғым, ой мен пікір бірдей болмайтынындай «көрмедім» мен «көргенім жоқ», «айтпаймын» мен «айтпан» дегендердің мағыналары, жұмсалып аясы, қызметі тепе-тең емес. Егер *бет, жүз, дидар, тұмсық, келбет, нұсқа, ажар, рең* сияқты сөздер тізбектеліп, керегінде алдыңа көлденең тартылмаса, тіліміз сірідей сірескен икемсіз, тынысы тар, жарлы тіл болған болар еді. Таңдауы, талғауы болмаған тілдің байлығын арттыру да, стильдік мүмкіншіліктерін дамыту да мүмкін емес. Сондықтан тілдегі варианттылықты мүлде керексіз құбылыс демей, олардың бірқатарын, ой-пікірді дәлме-дәл айтуға керектілерін пайдалануға тиіспіз. Олар — синонимдік қатарлар, мағыналық, стильдік айырмашылықтары бар дублеттер (өкімет — үкімет, өкіл — уәкіл т. б.), түрі-түрпаты өзгеше тілдік тәсілдерді стильдік орайда, көріктеу амалы ретінде басқаша айтуға болатын сөздердің, грамматикалық құбылыстардың орнына жұмсау т. б. Сонымен қатар таңдау, сұрыптау елегінен өткізіп тілде бар кейбір құбылыстарға шек қоюға болады. (Мысалы: диалектизмдер, қарапайым сөздер мен грамматикалық тұлғалардың жұмсалуды.) Бірқатар жолдастар «Тілде барды халық жасайды», «Халық айтса қалт айтпайды» дегенді негізге алады да, жарыспалы сөздерді, дыбыс ауытқуларын т. т. қызғыштай қорғайды. Олар «норма» дегенді дәріптейді де, өздері нормалауға қарсы шығады. Осы арадағы түсінбестіктің себебі неде? Вариант, дублет, жарыспалы тұлғалар дегендердің иесі — халық дей салу оңай, бірақ солай ма? Оларды «халық жасайды» дегеннен гөрі, олар қалай пайда болады? деген дұрыс. Олар тілдегі жаңа мен ескінің, сөйлеу тілі мен әдеби тілдің, біртұтас ұлт тілі мен диалект, говорлардың, тілдің төл байлығы мен кірме сөздердің, ескі әдеби тіл мен жаңа әдеби тілдің т. т. араларындағы қайшылықтардан пайда болған. Мысалы, есімшенің өткен шақ көне түрі **-тұғы**. Қазіргі жаңа түрі — **(а) тын, (е) тін**, сөйлеу тіліндегі *дүз, жігірма, піркәншік* әдеби тілде *жүз, жиырма, приказицик*, ескі әдеби тілдегі *мағлұм, мехнат, ғұмыр, газета, учитель, атпекет...* қазіргі әдеби тілде — *мағлім, бейнет, өмір, газет, мұғалім, адвокат*. Әрине, осындайлардың бір сыңарын тілге тиек етпей, қазіргі әдеби тілдің дамуына

жөн сілтемей, кім қалай айтса, солай жазсын, кім қалай сөйле солай сөйлесін деп қоя берсек, тіл мәдениетінде қандай бере болмақ? М. Горький әдеби тілді сөз шеберлерінің талғамын өткен тіл деп таниды. Солай болған соң оның еңсесі биік, ке кем, стильдік тармақтары сараланған, сөздік, грамматикал жүйелері де жіптіктей тіл болу керек қой. Сол үшін сөй: тіліндегілердің құнарлыларын, жалпыхалықтық сипаттағы та дамалыларын көркемдіктің арқауы, сұлу сөздің түрлі тү бояуы етуге болады. Жазушы ел аузында бардың бәрін, тө қол сөз орамдарын да, ұсқынсыз қара дүрсін әшекейлердің өзгелерге әсерін білуге тиіс. Таңдап, сөйлемді дұрыс құрап, ма сатты ойын айта білуден басқа сауаттылықтың бастауыш ма тептен басталатын көрінісі емле, тыныс белгілерінің ереже мен шектеледі. Ол ережелер талаптары жазу нормаларын ы лыптастыруға бағытталған, әрі оларды дұрыс қолдану жұртт бәріне бірдей міндетті.

2. САУАТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ БІРІККЕН СӨЗДЕРДІҢ ОРФОГРАФИЯС

Сауаттылық — тіл мәдениетінің де, мектепте қазақ ті оқытудың да басты талабының бірі. Бұл екі міндет өзара ты байланысты екені сонша — бірін айтсаң, екіншісі өзінен өзі т нікті бола қалатын сияқты. Бала әліппені қолына алып, ата, отын, нар сияқты сөздерді дұрыс оқып, дұрыс жаза бастаған да, қазақ тілінің фонетикалық, лексикалық, грамматикал жүйелерін оқып біле бастаған тұста да, орта мектепті, тіпті ғары оқу орнын бітіргенге дейін де сауатты азамат болуға т пынады. Олардың көпшілігі сол тұстарға зейін қойып, ықыл пен оқу нәтижесінде біршама сауатты болып оқу бітірсе, біра шала сауатты болып, орта мектепті бітіреді. Соңғылар, әр тіл мәдениеті төмен жандар қатарына қосылады.

Жазудағы сауаттылық әдетте емле (орфография), тыныс б гілері (пунктуация) қателерінің аз-көптігіне қарап белгілені Солардың мән-жайын жақсы білмейінше мұғалім де, оқу студенттер де жаттандылықтың құлы болады. Одан құтылу үі жазу ережелерінің заңдылықтарын жақсы білу керек.

Орфографиялық ережелер дұрыс қабылданып баянды нор ға айналуы үшін олар тілдің фонетикалық, лексикалық, грам тикалық ерекшеліктеріне сәйкес болуы керек. Қазақ жазуы әдепкі кездерінде әріптер дыбыстар негізінде таңбаланып, та мал болатындықтан, қазақ тілінің дыбыс ерекшеліктері ал мен көзге түсетіндіктен жазу ережелерін қабылдауда фонетт лық ерекшеліктерге көбірек көңіл бөлінді, ал қазақ тілінің құрылысы, сөз құрамы ғылыми негізде зерттеліп айқындал

ғандықтан ба, әлде олардың орфографияға қатысы шамалы ғой дегендіктен бе, әйтеуір онша еленбеді. Мысалы, 1929 жылы латын графикасы негізінде қабылданған алфавит тұсында емле ережелерінің басты принципі фонетикалық болды да, біріккен сөздің емлесі ерекше аталмады. 1938 жылы ресми органдардың қаулысы бойынша «Қазақ тілінің емле ережелері (орфографиясы)» жарияланды. Онда орфографиядағы бұрынғы қате-кемшіліктерді жөндеу мақсаты көзделіп және олар жаңа ережелермен толықтырылды. Сол ережелер жинағында біріккен сөздер туралы былай делінген: «2. Екі түбірден қосылып, бір мәнді мағына шығарған, осы күнге дейін тұлғаларын жоғалтып жібермеген біріккен сөздер де өз тұлғаларын сақтап, морфологиялық принципке сүйеніп, қосылып жазылады». Осыдан кейін біріккен сөздерді жұрт дұрыс жаза бастады, сөзді біріктіріп жаңа сөз жасау бағыты күшейді. Бірақ біріккен, бірікпегеннің жігі айқындалмағандықтан, оларды түрліше жазу да жиі кездесетін болды. Сол жағдай біріккен сөздерге ерекше назар аударуды керек етті. Екі сөзді біріктіріп жаңа сөз жасау — ежелден келе жатқан семантика-морфологиялық дәстүр. Солай болатындықтан олар қазақ тілінің лексикалық құрамынан елеулі орын алады. Олардың тілге сіңіскен көнелерімен қатар, бертінде және жаңадан жасалғандары арасында едәуір алшақтық болатындықтан, бірге не бөлек жазуда субъективті көзқарастар күшті болғандықтан 30-жылдардың өзінде олардың орфографиясы көптеген таластар тудырды, біреулер біріктіріп жазған сөздерді енді біреулер бөліп жазу (немесе керісінше) күшейді. Олардың жазуын бір арнаға түсіретіндей орфографиялық ережелер болмай келіп, 30-жылдары жұртшылық оларға көңіл аудара бастады.

30—40-жылдары баспасөзде кездесе бермейтін *өнеркәсіп, халықаралық, келіссөз, арасалмақ, арақатынас, көзқарас, шикізат, өмірбаян, аэрошана, табиғаттану, біртұтас* сияқты сөздердің жазылуы нормаға айналды. Осы тұста бұрынғы синтаксистік үйірінен біржола іргесін аулақ салмаған біріккен сөздерді қай топқа жатқызуды білмей бірде олай, бірде былай жазып та қоямыз. Мысалы, *аяқкиім, баскиім* 40-жылдары біріктіріліп жазылатын, 1963 жылғы орфографиялық сөздікте олардың құрамы ажыратылып жазылған. 1973 жылы Мемлекеттік Терминком *баскиімді* осы біріккен қалпында қабылдап еді, содан бері оны біріктіріп жазып жүрміз, ал *ішкиім* де солай жазылуы керек қой, бірақ емле сөздіктерінде бөлек. Немесе, *бозторғай, қараторғай, тасбақа, есекмия* біртұтас сөздер ретінде баяғыдан бері біріктіріліп жазылатын, 1963 жылы емле сөздігінде бөлек, зоолоттардың еңбектерінде — бірге, басқа әдебиетте де оларды екі түрлі жазу кездеседі. Мұндайды бөліп жазуды ұнататын кісілер

сол құрамдағы әр сөздің, бөлек алғанда, лексикалық мағынасы бар ғой деп түсіндіреді. Рас, бөліп алғанда — бар. Ал біріккен құрамында ол мағыналары күңгірттеніп, жаңа сапалы сөз белгілі заттардың атаулары болып кететіні ескерілді де, соңғы кезде ондай күрделі сөздерді біріктіріп жазатын болдық. Ондай сөздерді біріктіріп жазуға қойылатын негізгі шарт — олардың сол тұтас қалпында белгілі заттардың жалпылама аты — бір тұтас ұғым болатыны. Бұған көз жеткізу үшін оларды сөз тіркесінің құрамында сынау керек. Зоологияда мынадай атаулар кездеседі: бозторғайдың түрлері — *сібір бозторғайы*, *құлақті бозторғай*; қараторғай — *қара қараторғай*, *күлгін қараторғай*, *бозғылт қараторғай*, *Азия қараторғайы*; көкқұтан — *сұр көкқұтан*, *көк көкқұтан*, *ақ көкқұтан*. Мерзімді баспасөзде онкүнді (декада) дегенді біріктіріп жазғанға күмәндана қарап еді кейін «егін орағының бірінші онкүндігі», «шөп шабу науқанының екінші онкүндігі» сияқты сөз тіркестер құрамдарында күмәнсыз дұрыс шешім екені аңғарылды. Солардай-ақ, *жанкүйер*, *бессайысшы*, *егінжай* сияқты жаңа сөздердің біртұтастығы бөлек тұрған қалпындағысынан гөрі «футбол жанкүйерлері», «республикамыздың бессайысшылары», «егінжайдың озаттары» сияқты сөз тіркестерінің құрамдарында біртұтас лексикалық мағыналары көмескіленбей, жандана түседі. Бұндайлар да жүре-бар *бәйтерек*, *бәйшешек*, *қарақат*, *қолқанат*, *есуас* (есі ауыс), *әрбір әрқашан* сияқты біте қайнасқан біріккенге айналады. Ол үшін біріккен сөздердің жазылуын құбылта бермей, қатал нормаға айналдыру керек. Сөйтіп, біріккен сөздің тағы бір белгісі — тұтас күйінде сөз тіркесінің бір сыңары болуында. Мысалы: *жапырақты қозықұйрық*, *қаптесердің іні*, *бозторғайды ұстады*, *қараторғайдың тамағы*, *Абайдың қарасөзі*.

Күрделі сөйлем мүшелері құрамындағы сөздер де, осылайдай, сөз тіркестерінің сыңарлары бола береді, мысалы: *қос өлкекті түйе*, *көп балалы ана*, *қос ішекті домбыра*. Бірақ бұлардың ғана емес, номинация тұрғысынан тұтас сөз деп танылатын *қара көк*, *ақ сары* т. б. сөздердің бөлек жазылуы барынша шартты.

Сөздер түйдегінің біріккен, бірікпеген тіркес екенін айыру үшін оларды оқшау тұрған күйінде емес, сөз тіркесінде, сөйлем құрамында, басқа сөздер қоршауында қараудың тағы бір пайдасы бар. Кейде сөз тіркестері мен біріккен сөздер тобының құрамы бірдей болуы да ықтимал: *ақ сүйек* — *ақсүйек* (ойын), *біртұмсық* — *бізтұмсық* (зоол.), *сегіз аяқ* — *сегізаяқ* (зоол., ән), *сегіз көз* — *сегізкөз* (дене мүшесі), *соқыр теке* — *соқыртеке* (ойын), *балық көз* — *балықкөз* (өс.), *ақ сақал* — *ақсақал* (жүррия), осылардай құрамы бірдей сөздер тобының мағыналық ай

ырмашылығын бөлек, бірге жазу арқылы белгілейтін болсақ, сол тәсілдің баяндылығы контексте дұрыс айқындалады.

Сөйтіп, біріккенді біріктіріп жазуымыз — оларды құрамы бірдей басқа сөз тіркестерінен айырудың да тәсілі. Екі сөздің бірігуінен болған жаңа сөздердің көпшілігі бастапқы қарым-қатынастарын мүлде жойып жібермейді. Олардың тігісін жазып, әр сөзді бөліп айтып талдау жасасақ, әрине, әрқайсысының бастапқы мағыналары айқын ұғынылады. Біріккен құрамда ол мағыналары (әсіресе грамматикалық мағыналары) күнгірттенеді де, жаңа ұғым, жаңа мағына пайда болады. Біріккеннің тағы бір белгісі осы.

Сөз тіркесінің арасы ашық, алшақ болады, біріккен сөздің арасы бітелген, тұйық болады. Сондықтан біріншілердің арасына басқа сөз қосып не басқа сөзбен орын ауыстырып айтуға болатын болса, екіншілердің арасына басқа сөз не морфема қосуға, басқа сөз қоюға, орын ауыстыруға болмайды. Мысалы, қарлы тау: *қарлы биік тау, биік қарлы тау, биік-биік қарлы таулар*. Ал, *адалбақан, жарғанат, шекара, итаяқ, тасбақа* сияқты сөздерді тілге қиянат жасаудан тайынбайтын «батырлар» ғана, слардың құрамындағы сөздердің әрқайсысының дербес мағыналары бар деп, бөлек жазу мүмкін. Солай еткенде, біртұтас бір сөздің тең жартысын бөлшектеп айырып, екі сөз деп тану — білместік болса, тілдік өмірдің жаңа талабына сай прогрестік құбылысқа бөгет жасау болмақ. Өйткені бүтін сөздің құрамындағы жанды бөлшегін суырып алып, біріккен сөзді екі айырғанмен, ол екі сөз болмайды, құрамдағы сөздік қажетін жояды. Сондықтан сөзден сөз құрастыру, айналып келгенде, орфография проблемасы емес, лексикология проблемасына жатады. Мұндағы заңдылыққа сүйеніп, әдеби тілде дұрыс жазылу заңдылығын іздеу — орфография проблемасы.

Жалпы ұғымнан нақты ұғым тумайды, нақтылықтан (дәлмедәлдіктен) жалпылық туады. Сондықтан В. И. Ленин айтқандай «қай сөз (сөйлеу) болса да тұжырымдайды»¹. Осыны біріккен сөздерден анық байқауға болады: *тасбақа* белгілі тас та, бақа да емес, тастай қатты брони бар, бақа тәрізді мақұлық; *өнеркәсіп* — дәл өнер де, белгілі кәсіп те емес, орысша «промышленность» дегеннің абстракциялы баламасы. *Қубас, құралақан, адалбақан* сияқтылар метафоралық тіркестерден жасалғандықтан, қазіргі білдіретін мағыналары да ауыс, мүлде басқа ұғымға ие болып кеткен.

Сөйтіп, біріккен сөз дегеніміз жеке-дара сөздердің өзара шо-

¹ В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 29-том, 258-б.

ғырлана тұтасуынан жасалған, дербес лексика-грамматикалық мағыналары бар туынды сөздер.

Екі сөздің бірігуінен жасалған метафоралардың үш түрі бар:

1. Поэтикалық метафора, мысалы: *ақсақал, алаяқ жанталас, нақсүйер, маубас, әңгіртаяқ*.

2. Терминдік метафора: *бесжылдық, халықаралық баспасөз, шетел, қызылотау, қылтамақ, өнеркәсіп, келіссөз*.

3. Атауыш метафора: *ақжауын, аққұтан, жарқабақ кәріқыз* (өс.), *қылкөпір, соқыртеке* (ойын), *төсағаш, тоқымқағар* т. б.

Біріккен сөздердің біразы бейнелі эпитеттер орайында жасалады. Мысалы:

1. Ұқсастық. Заттың аты басқа бір затқа не дене мүшесіне ұқсас екеніне қарап аталады, мысалы: *қарғатұяқ* (өс.), *ат құлақ* (өс.), *мысыққұйрық* (өс.), *бұзаубас* (зоол.), *кемпірауы* (абс.).

2. Тәндік заттың сапасы сын, сан есім арқылы аталады да сөз тіркесінің анықтауыш сыңары қызметінде жұмсалады. Мысалы: *ала аяқ ұры, қара бет адам, екі жүзді саудагер, екі қаба әйел*.

Біріккен сөздердің лексикалық салмағы, айналып келгенде олардың мағыналық тұтастығымен өлшенеді. Әрбір сөзге әр лексикалық, әрі грамматикалық мағына тән дейтін болсақ, сон біріккен сөздерге де айтуға болады, мысалы: *Бесарық, Сары өзек, Жаңаарқа, Нұржамал, Егемберді* — жалқы есімдер. Бұлардың географиялық не адам аттарын білдіруі — лексикалық мағыналары да, жекеше, жалқы есімдер екендігі — грамматикалық мағыналары. Сондай-ақ, мысалы, *қылтамақ, есекжез алапес* — ауру аттары; *балықкөз, түйежапырақ, есекмия* — өсімдік аттары; *ашкөз, сөзқұмар, балажан* — адамның сылды сапасын білдіретін сөздер. Бұлардың пені білдіретіні — лексикалық мағыналары болса, қай сөз табына жататыны, жекеше біріккен туынды екендігі — грамматикалық мағыналары. Осылай болатындықтан түркологтар арасында айтылып жүрген талас (сөздер біріккенде, лексикалық мағына білдіре ме, грамматикалық мағына білдіре ме?) — негізсіз¹.

Жана лексика-грамматикалық мағына білдіру үшін біріккен сөздердің бұрынғы мағыналары сақтала ма, жоқ па? деген сұрақталас тудыруы мүмкін. Егер сақталады десек, онда — біріккеніңені, сақталмайды десек, — қаншалықты екенін айқындауға тиіспіз.

¹ Э. В. Севортян. К соотношению грамматики и лексики в тюркских языках. М., 1952; С. Муратов. Устойчивые словосочетания в тюркских языках. М., 1961.

Әрине, екі сыңарының да мағыналары жойылып, жаңа мағына білдіріп кеткендері — олардың мағыналық даму процесінің қалай болатынын аңғартады. Кіріккен, көнергендерден басқа, жаңадан біріккендердің құрамы мөп-мөлдір, айқын, мысалы: *баспасөз, келіссөз, айбалта, балажан, баққұмар*. Мұндайлар семантикалық байланысы үзілмей біріккен болса, мысалы: *біз-тұмсық, қырықаяқ, сасықкүзен*, бірқатары мағыналық байланысы күнгірттелген не мүлдем жойылған құрамдағы сөздерден жасалған, қазір ондай сөздер құрамының пәлендей семантикалық үйлесімі бола бермейді, мысалы: *сегізкөз, соқыртеке, ұлтабар, сарыатан* (июль), *мұзбалақ, маубас, кемпірауыз, қызтеке, адалбақан, көксау, қақбас, қарақұс*. Соңғылардың бұрынғы дәлдігін, мағыналық сәйкестіктерін ұзақ жылдар бойында шел басып, мүлде абстракцияланып кеткен.

3. СӨЗДЕРДІҢ АЙТЫЛУЫ МЕН ЖАЗЫЛУЫ

Тіл мәдениетінің басты талаптарының бірі — сөздердің дұрыс айтылып, дұрыс жазылуы. Дұрыс айтылмаған сөз тыңдаушының құлағына түрпідей тиеді, — сөйлеушінің тіл мәдениетінің төмен екенін көрсетеді. Әрбір сөз халық тілінің өшпес дәулеті ретінде ол тілде сөйлеушілердің бәріне ортақ белгілі дыбыстық құрамда жұмсалып, әбден үйреншікті болғаннан кейін, оны әркімнің өзінше құбылтып айтуына болмайды. Болмайтын себебі әр сөздің белгілі тұтастық құрамы белгілі мағына білдіруіне ұштасады. Мысалы, *бота, буыршын, құлын, құлыншақ, табыс, өнерпаз, жол, жолаушы, көрші, балдыз, жұлдыз, құндыз, студент, ферма* сияқты сөздердің әрқайсысының мағыналық жүгі бұлтаққа көнбейтін тұрақты дыбыстық құрамға, морфологиялық тұлғаларға негізделеді. Сондықтан сөздердің мағыналары мен түр-түрпаттары арасында тығыз байланыс, бірінсіз бірі болмайтын тұтастық болады. Осылардың бәрі — ой дәлдігіне лайықталған тілдік белгілер (знаки). Олардың қалыптасқан құрамдарын бұзбай, «сөздің майын тамызып, тыңдаушының құлақ құрышын қандырып», дұрыс сөйлегенге не жетсін! Дұрыс айтылған сөз, сөйлемдердің өздеріне тән «музыкалық» әуені, ырғағы, үні болады. Соларды сазына келтіріп сөйлей білу, тілдің жан тербетер сәнділігін, табиғи терең сырларын ашып сөйлей білу — үлкен өнер, мүмкін ол өнер қиыннан қиыстыратын ақындарға, дикторларға, сахна шеберлеріне тән қасиет болар. Жұрттың бәрі бірдей тілінен бал тамған, жез тандай, күміс қоңырау үнді сөз шеберлері болмағанмен, әрбір қарапайым азамат сөзді дұрыс айтудың мәнін ұғына білуі, дұрыс сөйлеуге дағдылануы керек.

Кейбіреулер сөздің әдеттегі үнін, әуенін сақтамай, «басы жарып, көзін шығарып» сөйлейді, асығыс-үсігіс, қақалып, булығып, «жанағы», «мысалы» сияқты басы артық сөздерді көп қолданады немесе әрбір сөзді әдеби нормасы бойынша емес, *пысты* (пісті), *ашты* (ащы), *пітірді* (бітірді), *карауат* (кровать), *парика* (фабрика) сияқты етіп бұзып айтады.

Осындай, тіл мәдениеті төмен адамдар емес, әдеби тілді дағдысына қанық, тілдің құдіретті күшіне сенімі мол адамдар халық тілі байлығының саналы мұрагері бола алады. Балам тіл мәдениетіне баулитын алдымен семья, балалар бақшасы мектебі болса, олардың сыртында баланың айналасы: еңбек майданы, жора-жолдасы, спорт командасы, пионер лагерьлер клуб, театр сахналары, радио, телевидение дикторлары, жинақ топтар болады. Солардың бәрі — есейіп келе жатқан жастық тіл үйреніп, білгеніне білім қосып, сөйлеп дағдыланатын мәдениет даны. Айтқанды дұрыс ұға білу, дұрыс сөйлей білу — баланың ес кіріп, есейіп кемелденгеннің белгісі. Оған жету жолы тек бір жол емес, кедір-бұдыры бар алыс жол, көп біліп, зейін қойып көп оқып, көп үйренуді керек ететін, кісіні өрге ұмтылдыратын тіл мәдениетінің жолы.

Сол жолға түскен бала тіл дамытуды алдымен сөздерді дұрыс айтып дағдыланудан бастауы тиіс. Бұған ерекше мән берілетін себебі мынада:

1. Бала сөздердің дұрыс айтылуының әдеби нормаларын білме бермейді, ата-анадан, өзгелерден естіп, сөзді бұзып айтып үйренген кісіге ол олай емес, былай деген сөз бірден үйреншік бола қоймайды. Мысалы, жібер дегенді *жіпер*, маңдайды *маңлай*, тізгінді — *дизгін*, бейнетті — *мехнат*, *бинет* деп, орта тілінен енген билет, приказшик, вагон, футбол сияқты сөздер *белет*, *пірканшик*, *багон*, *будпол* сияқты етіп, бұзып айту жиі кездеседі, енді балаға солардың әдеби нормаларын айтып төсеп біріу үшін көп уақыт керек болады.

2. Бір класта оқитын көп баланың тіл білу дағдысы, қабылеті әр алуан, өйткені семьядағы тілдік тәрбие дәрежесі әр түрлі болады, семьядағылардың және өзгелердің тіл мүкістігі оқушыға әсер етпей қоймайды. Сол кемшіліктерді жою үшін, ең алдымен, күндегісін күнде кездесіп, дидарласып, сөйлесіп, әңгіме өткізетін, білім беретін, сабақ оқытатын мұғалім-тәрбиешілердің сөздері мүлтіксіз дұрыс, барынша өнегелі, әсерлі болуы тиіс. Оқушы, әсіресе студент, оған еліктемей қоймайды. Осындай айтқанда, менің есіме мына бір жайт орала береді.

60-жылдары М. О. Әуезов университеттің соңғы курс студенттеріне «Абай мұралары» тақырыбынан арнаулы лекция оқытылды. Бір рет сабағын тыңдауға барғанымызда, студенттерінің оны

айтқандарын жым-жырт отырып, зейін қойып тыңдағанына таңданып, таңдай қақтық. Сирек шашты кең маңдайдың іші қазақ сөздеріне лық толғандай, соларды еркін ағытып, жүйелі ойының кестелі сырларын еркін айтып жатқандай. Студенттер Мұхтар сөздеріне құлақтарының құрышын қандырғандай. Осылай сөйлеудің студенттерге әсері күшті болған болу керек, кейін олар да сол мәнерде, сол ырғақпен кестелеп, көсіліп сөйлеуге әуестенді.

Сөздердің жазылу ережелері жиынтығын — орфография дейміз. Ал сөздердің айтылу нормаларын — орфоэпия дейміз. Бұл екеуінің арасында тығыз байланыс болатындықтан ара қатынасында пәлендей алшақтық болмауы көзделеді. Басқаша айтқанда, сөздердің айтылуы мен жазылуы нұсқаларында мүмкін болғанынша жақындық, үйлесім болуға тиіс. Мысалы, *мал, өмір, астар, жақсылық, шаруашылық, терезе, кеңсе* сияқты мыңдаған сөздер әдетте айтылуы бойынша жазылады. Егер тілдегі сөздердің бәрінің айтылуы мен жазылуы арасында осындай ұқсастық болса, ол бір жөн. Егер барлық сөздердің жазылуын айтылуындай етеміз десек, онда жазуда жөнге көнбейтін ала-күлалық күшті болар еді. Бір кезде сондайды бастан кешірдік. Бұлай жазу принципін — фонетикалық (дыбыстық) деп атаған болатынбыз. Сол бойынша сөзді кім қалай айтып, қалай есітсе, солай құбылтып жазу көбейді. Жазуда анархия пайда болды. Сөздердің айтылуы мен жазылуы арасында елеулі қайшылықтар бар екені анықталды. Содан кейін орфографияның негізгі принципі — морфологиялық болып өзгертілді. Ол принцип бойынша сөздердің түбірлері сақталып жазылуға тиіс болды. Бұл да бір жақты, дұрыс бола бермейтіндіктен соңғы жылдары орфографияның принципі фонетика-морфологиялық болып өзгерілді.

Сол бойынша сөздер мен оларға жалғанатын қосымшалардың дыбыс үндестіктерінің ара қатынастары дұрыс белгіленіп, сөздер көбінесе дыбыс үндестігі бойынша пайда болатын өзгерістері сақталып жазылса, кейде, ондай құбылыстардың пәлендей жүйелік күші болмағанда, сөз арасында, сөз ішінде олардың дыбыстары өзгертіліп айтылғанмен, жазуда ондайлар ескерілмей, түбірлері сақталып жазылады деген қағида нормаға айналды. Мысалы: сөз басындағы, оның соңғы буындарындағы жуан, жіңішке дауыстылардың әуенімен қосымшалар да не жуан, не жіңішке дауысты болып, сөздер соңындағы дауыссыздардың қатаң не ұяң болуына еліктеп, қосымшалардың басқа дыбыстары не қатаң, не ұяң болып жазылуы қатал ережеге айналды, мысалы: «темірді қызғанда соқ», жұмыс—жұмысшы, ат—аттандыр.

Ал *ауызша, басшы, тұрмыс, жұмыс, көмір* сөздері — *ауышша, башишы, тұрмұс, жұмұс, көмұр* болып айтылады, бірақ түбірлері сақталып жазылады. Осылардай, айтылуы бойынша емес, одан өзгеше болып жазылатын сөздердің негізгілері мыналар:

1. Егер сөздің бас буындарында еріндік дауыстылар (ө, ұ, о, ү) айтылса, олардың ықпалымен соңғы буындардағы қысаң дыбыстар (ы, і), кейде е дыбысы да еріндік болып айтылады оны ерін үндестігі дейміз, бірақ қысаң дыбыстардың таңбаларын білдіретін әріптер жазылады:

а й т ы л у ы	ж а з ы л у ы
<i>түтүн, түндүк</i>	<i>түтін, түндік</i>
<i>өмілдүрік, көлүк</i>	<i>өмілдірік, көлік</i>
<i>үзүн, тұздүк</i>	<i>үзын, тұздық</i>
<i>орұндық, қосұлды</i>	<i>орындық, қосылды</i>

Сөйлегенде осылай ерін үндестігін сақтап сөйлеу — орфоэпиялық норма, ал жазуда ерін үндестігін сақтамай жазу сөздердің орфографиялық нормасы деп есептеледі.

2. Сөз ішінде және сөз тіркестерінің арасында екі дауысты дыбыстың бірі түсіріліп айтылады, бірақ жазуда сақталады мысалы:

а й т ы л у ы	ж а з ы л у ы
<i>Сарөзен</i>	<i>Сарыөзен</i>
<i>қарәрік</i>	<i>қараөрік</i>
<i>баралмаймын</i>	<i>бара алмаймын</i>

3. Сөз ішіндегі қатар келген екі дыбыстың біріне бірінші әсер етуі нәтижесінде к г-ге, қ ғ-ға айналатыны мәлім. Ол — түбір мен қосымшалар арасында да, сөз арасында да болатын негізгі фонетикалық заңның бірі, мысалы: көк—көгер, ақ—ағар

Осылардың қатарында *Қарагөз, Амангелді, Төрегелді, Төреғожа* сияқты кісі аттары да дыбыс өзгерістері бойынша жазылатын болды.

Ал, *ағ алма, ағ орамал, көг аспан* сияқтылар солай айтылғанмен, жазуда ол өзгеріс еленбей, *ақ алма, ақ орамал, көк аспан* болып жазылады. Бұлардан шығатын қорытынды мынау сөздердің айтылуындағы дыбыс өзгерістері орфоэпиялық норма болғанмен, жазуда ондайлар кейде еленіп, кейде еленбейді, орфографиялық ережелер бойынша нормаланады.

Орфоэпиялық нормалардың ғылыми негізі — сөз құрамының дәстүрлі қалпын бұзбай, дыбыстардың ілгерілі, кейінді үндестік заңдарын сақтап сөйлеу. Мысалы, *кім гелді?, Қарағұлақ Жетіғарақшы, құспегі, Жезғазған, Амангелді, Ботагөз, Күміс пек, Жұмағұл, Ағжар, Сұршағыз, Шәпиғыз, төртөу, түгөл, Дошшан, кел алмады, сар атан.*

Мұндай сөздердің бірқатары емле ережелері бойынша айтылуынша емес, түбірлері сақталып жазылатыны белгілі. Газет, журнал, кітаптарды оқығанда, олардың жазылуындай етіп ежіктеп оқымай, әдеттегі, айтылу заңдылықтарын сақтап айтып, солай сөйлеп әдеттенуі үшін оқытушы оқушының сөздерді дұрыс оқып, дұрыс айтуын әрдайым қадағалап, бақылап, түзетіп отыруы керек. Сонымен қатар оқушының сөйлеу әуені, үні, сөзді айту сазы табиғи, дұрыс қалыпқа түсуі тиіс. Сол үшін:

1. Тексті оқығанда, ауызекі сөзде дауыстың, сөз ырғағының анық болуы көзделінсін.

2. Оқушының есіту, сезу қабілеттерін тәрбиелеу керек.

3. Оқушының сезімталдық, бақылағыштық қабілетін арттыра түсу керек. Нәтижелі сабақтардың бір белгісі осылар болуға тиіс. Қазақ тілін оқытудың қорытындысында оқушы грамматика, емле, орфографияны білумен қатар, орфоэпиялық нормаларды толық игеріп, дұрыс сөйлей алмаса, мұғалім негізгі мақсатмұратына жете алмаған деп есептеледі.

«Бөрі жоқ деме,— бөрік астында» демекші, қате қайда деме,— қол астында. Оқушының жазуында орфографиялық, пунктуациялық, стильдік қателердің көп кездесуінің екі түрлі себебі бар: біріншіден, оқушы жақсы білмей, білгенін құнттамай қателеседі, екіншіден, оқушы жақсы білмей, бірақ білгенсіп қателеседі. Екеуі де оның білім саяздығын көрсетеді.

Әдетте адам ненің де болмасын мән-жайына саналы түрде қанық болса, ондайдан қате жібермейді, ал түсінбей, себепсалдарына ой жүгіртпей, жанама, көлденең қағидаларды қаншама қайталап жаттағанмен олар көпке дейін бойға жұқ болмайды. Мысалы, *мен, бен, пен* (кейде -менен...) грамматикада жиі кездеседі, ол бірде жалғау, бірде жалғаулық қызметінде жұмсалады. Соған сәйкестендіріп, олар «жалғаулық болса, бөлек жазылады, жалғау болса — өзінен бұрынғы сөзге қосылып жазылады» деген ерже қабылдағанбыз. Оқушының соларды дұрыс айыра алмай, қателесе беретіні мәлім. Оқытушы, грамматика авторлары оқушыларды сұрақтарға жүгіндіреді, ол да оның «жұмырына жұқ болмай», қателесе береді. Өйткені мәселенің түйінін сұрақ шешпейді, тек көмектеседі. Айналып келгенде «жұмбақтың» шешілуі аңғарылмайды, кейде тіпті мына ерже айтылмайды да, ескерілмейді де: «*мен, бен, пен* зат есім мен етістікті байланыстырса,— көмектес жалғау болғаны, өзінен бұрынғы сөзбен бірігіп жазылады, ал зат пен затты (бірыңғай, біртектес екі сөзді) байланыстырса,— бөлек жазылады: «Тау мен тасты су бұзар, . . .», «Таспен ұрғанды, аспен ұр».

Сонымен, жалғау жалғанған сөзін етістікке бағындырады, ал жалғаулық бағындырмайды, тең право^{ны} екі сөздің арасына

дәнекер болады. Осыны ұққан адам еш уақытта оның жазылуында қате жібермейді.

Тұрпаты бірдей, қызметтері әр түрлі грамматикалық көрсеткіштер — *да, де, та, те* жұмсалудың заңдылығын білген кісіге қалай жазылуға тиісті екені (бірге, бөлек) ап-анық көрініп тұрады, ал білмеген, білгенсіген кісіге оның жазылуынан машақат еш нәрсе жоқ. Мұның қиындығы жатыс жалғау мен жалғаулықтың тұлғалық бірдейлігінде; ол жатыс жалғау қызметінде көбінесе етістікке бағынса, шылау қызметінде етістікке бағынатын сөздің не мағынасын күшейтеді, не қатар тұрған сөздерді емес «алыптағы» сөздерді байланыстырады: *«мен де келдім, шал да жағылды. Қонақтардың келгенін Амантай да біледі. Төрте төрт кісі отыр»*.

Кейбір методикалық нұсқауларда *да*-ның өзінен бұрынғы сөзден бөлек жазылатынын білдірудің төте жолы деп мынандай қағида ұсынылады: «егер *да-ны (де, та, те)* алып тастағанда сөйлемнің мағынасына зиян келмесе, бөлек жазылады», шамамен, ол — «алып тастай» беруге болатын басы артық бірдеңе болғаны да. Тіпті олай емес. Стилистика ғылымы тұрғысынан сөйлемде басы артық сөз де, қосымша да болмау керек, болса ойдың жүгін ауырлатады. Ал аталған шылау сөйлемде айтылуға тиіс болса,— оның ойға қатысы болғаны, керек болғаны сөйлемде елеулі жүгі бар сөзді алып тастап, мағынасына эксперимент жасау арқылы ол сөздің қалай жазылуын анықтау — теріс болжам, дұрыс емес. *«Анама да барайын, тайыма да әр үйретейін», Бала жылайды да отырады, Ол есікті ашады да жабады* сияқты сөйлемдерде логикалық ой да-ға түсіп тұр. Оны сөйлемнен аластап алып, «е, бөлек жазылады екен» деу — алдамшы ереже ұсынғандық. Оның сөйлемдегі мағынасын, қызметін айқындау орайында айтылған ереже — ғылыми дұрыс ереже болады.

Адам тіл жұмсау әрекетінде сөзді тап-тұйнақтай етіп, дыбыс құрамын бұзбай, нақышын келтіріп өз әуенімен айтуға дағдылануға тиіс. Ал тілдік санасы, тілдік сезімі төмен адам ондайға мән бермейді, сөзді қалай болса, солай айта береді, оның көздейтіні сөздің айтылу мәдениеттілігі емес, тек ойы өзгеге түсінікті болса, болғаны, сөздің құлаққа тосаң, күнгірт, бұлдыр естіліп жатқаны да еленбейді, өйткені соған дағдыланған.

Кейбір сөздердің бірнеше айтылу варианты болады. Соларды басың бар, көзің бар демей, төпеп, кейде онысын, кейде мұнысын айту тіл білгендік емес,— талғамы төмен топастық. Солай екенін сезбей, *ырза — риза — разы, бәле — пәле, пісті — пысты, қария — кәрия, білесіз — білесіңіз* сияқты дублеттерді

кез келгенін айта, жаза салатындар аз емес. Оқушыларды сондайдан сақтандыру керек.

Орфографияда жазылуы әлі де бір ізге түсе қоймаған, көп қиыншылық тудырып жүрген мәселе — біріккен сөздердің жазылуы. Мектеп өмірінде ғана емес, жоғары оқу орындарында да оқушы, студенттер диктант жазғанда біріккен сөздерден қате жіберсе, ондайды қате деп есепке енгізбей жүрген де кездеріміз болды.

Қазір орфографияның бұл күрделі мәселесі біршама реттеліп жөнге келгенмен, әлі де айқындалмаған жақтары көп.

4. СӨЗ ТІРКЕСІНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Ғылым дамыса, оның түр-түрпатына елеулі өзгерістер енеді. Қазақ тіл білімінің ілгері дамуы синтаксистің көптеген мәселелеріне басқаша қарауды керек етсе, олар айтарлықтай ірілі-уақты жаңалықтар болса, солармен қатар синтаксистің бұрын еленбей жүрген жаңа ғылыми саласы пайда болды. Ол — сөз тіркесінің синтаксисі.

1950 жылдан кейін жұртқа танымалы болған бұл синтаксис саласы өзінің жастығына қарамай, біздің ғылыми-зерттеу жұмыстарымызда, монографиялық еңбектерде, оқулық, оқу құралдарында тиісті орынға ие болды. Оқу орындарында сөз тіркестерінің синтаксисі бөлек, өзінше дербестігі бар единица ретінде арнаулы курс қатарында оқылатын болды. Соның үстінде және зерттеу жұмыстарымызда оның кейбір мәселелерін әркім әр түрлі түсінетіні, оқушыға түрліше түсіндіретіні байқалады. Оларды жинақтап айтқанда, ерекше ескерілетін мәселелер мыналар болады:

1. Сөз тіркесінің сипаттамасы. Синтаксистің дінгекті орталығы екеу: сөз тіркесі және сөйлем. Синтаксистік бұл екі единицаның өзара жақындықтары да, елеулі ерекшеліктері де бар. Бұлардың өзара тығыз байланыста жұмсалатындығы тілдің табиғи коммуникативтік қызметі орайында танылады: сөз де, сөз тіркесі де — сөйлем құраудың модельдері, оларсыз сөйлем болуы мүмкін емес. Оның үстіне сөз бен сөздің тіркесуі — оның елеулі грамматикалық ерекшелігі, басқаша айтқанда, бір сөздің басқа сөзбен тіркесуі — олардың табиғи өмір сүруінің шарты. Сонда олар не үшін тіркеседі? «Сөз тіркесі» қандай категория? деген сұрақтар пайда болады.

Орта мектепке арналған оқулықта сөз тіркесін былай анықтайды:

«Тиянақты мағыналы екі я бірнеше сөздің бір-біріне тұлға-

лық, әрі мағыналық жақтан бағына байланысуын сөз тіркес дейміз»¹. Мұндағы «сөздердің... бағына байланысуын сөз тіркес дейміз» дегеннің орнына «...бағына байланысқан тобын...» деп айтылмағаны сөз тіркесінің түсінігіне үлкен нұқсан келтіріп тұр.

Жоғары оқу орнына арналған оқулықта сөз тіркесіне мынадай анықтама берілген: «синтаксистік қарым-қатынасты білдіру үшін кемінде толық мағыналы екі сөздің сабақтаса байланысқан тобын сөз тіркесі дейміз»².

Осылардай анықтамаларды салыстырғанда жеке авторлардың сөз тіркесі туралы түсінігі әр түрлі екені байқалады.

Әдетте сөздер сөйлем құрау, жаңа грамматикалық және лексикалық мағына тудыру үшін тіркеседі. Біздің басқаға айтатын мақсатты ойларымыздың әр алуандылығы сөйлем құрамындағы сөздің, сөз тіркестерінің әр түрлі болуын керек етеді. Соларды сөйлемнен бөліп алып, оқшау қалпында қарастыруымыз олардың тіркесу заңдылықтарын айқындау үшін керек болады. Синтаксистің ғылыми заңдылықтарын терең түсіну үшін алдымен «сөз тіркесі» дегеннің сөйлемнен қандай айырмашылығы ба екенін білу керек. Дұрысында оның сөйлемнен балтамен шауы тастағандай тұлғалық не басқа жігі болмайды. Жігі оларды мазмұнында және сипаттамасында болады.

Дегенмен ғалымдардың біразы сөз тіркесін сөйлемнен былай айырады: «сөйлем — коммуникативтік единица, сөз тіркесі — номинативтік единица». Осы пікірді ұсынған Н. А. Баскаковты мақсаты ол екі синтаксистік саланы араластырмай екі айыры тастау болар. Бірақ «номинативті» (атауыш) деген сөз тіркесінде сонда коммуникацияға (пікір алысуға) қатыспайтын болған ма? деген сұрақ туады. Біздіңше сөз тіркесін сөзге балап «номинативті» деу дұрыс бола бермейді.

Дұрысында сөздерден сөз тіркестері құралғанда, жаңа атауыштар пайда болса, олар — *адалбақан, шекара, балыққөз, тау көмір, қант қызылшасы, жер май, Отан соғысы, партия оқуы социалистік жарыс* сияқты бірігіп, бөлек жазылып жүрген күрделі сөздер болғаны. Анығында күрделі сөздер бірнеше сөздер құралғанмен, «сөз тіркесі» деп есептелмейді. Оның негізгі себебі мынау: сөздер өзара тіркесіп сөйлем құрамына енгенде, жаңа грамматикалық мағына пайда болу үшін тіркеседі дедік. Мысалы: *биік* сөзінің грамматикалық мағынасы — сын есім, *тау* сөзінің грамматикалық мағынасы — зат есім. Осы екеуі тіркескенд

¹ С. Аманжолов, А. Әбілқасымов, И. Ұйықбаев. Қазақ тілінің грамматикасы (синтаксис). Алматы, 1973, 24-б.

² М. Балақаев, Т. Қордабаев. Қазіргі қазақ тілі (синтаксис). Алматы, 1971, 26-б.

(биік тау), анықтауыштық мағына пайда болады. Бұл да — грамматикалық мағына.

Синтаксисте сөйлем мүшелері деп танылатын анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш, бастауыш, баяндауыш деген атаулар — сөйлемдегі сөздердің синтаксистік қызметіне таңулы грамматикалық мағыналар. Сөйлемнен тыс тұрған сөзге пәлендей сөйлем мүшесі деген тұмар тағылмайды. Сонда да зат есімдер, жіктеу есімдіктері — көбірек бастауыш болатын сөздер, етістіктер көбінесе баяндауыш болатын сөздер деп жазамыз, сабақ үстінде солай деп айтамыз. Соған қарап олар өзінен өзі солай бола қалады екен деп ойласақ, қатты қателесеміз.

Сөздер сөз тіркесінің құрамында, белгілі грамматикалық тұлғада айтылып сөйлем мүшелерінің қызметінде жұмсалады. Осыдан кейін сөз тіркесінің анықтамасын талдап түсіну қиын болмайды. Алдымен мынаны ескеру керек: грамматикалық анықтамалар дұрыс болу үшін ол сол категорияның басты-басты қасиет-сипаттамаларын қамтуға тиіс. Сол тұрғыдан сөз тіркесінің өзіне тән өзгеше белгілері қайсылар? деген сұрақ туады. Ол белгілері мыналар: 1) кемінде толық мағыналы екі сөзден құралатындығы; 2) олардың бір сыңары негізгі — басыңқы, екіншісі — бағыныңқы болатындығы; 3) тіркескен сөздердің сабақтаса байланысатыны; 4) солардың нәтижесінде белгілі синтаксистік қатынас — жаңа грамматикалық мағына (мүшелік мағына) пайда болатындығы. Осыларды жинастырып бір сөйлем ішіне енгізіп анықтама бергенде, ол былай болады: кемінде толық мағыналы екі сөзден құралып, сабақтаса байланысын синтаксистік қатынасты білдіретін сөздер тобын сөз тіркесі дейміз.

Осыдан келіп, неге сөз тіркесінің құрамындағы сөздер толық мағыналы және сабақтаса байланысқан болуы керек дегендерді сөз тіркестерін құраудың басты шарты етеміз? Толық мағыналы сөз бен шылау сөздер де тіркеседі, неге оларды да сөз тіркестері деп танымаймыз? Салаласа байланысатын сөздер де тіркеседі, неге тек сабақтаса байланысқан сөздер ғана сөз тіркесін құрайды дейміз? сияқты сұрақтар туындайды.

Осы сұрақтардың дұрыс жауабының түп қазығы — сөз тіркестерінің жаңа грамматикалық мағына беретіндігі: тек сабақтаса байланысқан толық мағыналы сөздердің тіркесу нәтижесінде ғана анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық деген қатынас пайда болады. Негізгі сөз бен шылау сөз тіркесінен, салаласа байланысқан бірыңғай сөздер тобынан ондай жаңа мағыналар пайда болмайды. Соңғылар және күрделі сөздер мен фразалар сөз тіркесінің бір сыңары бола алады да, күрделі сөз тіркесін құрауға қатысады. Өздері күрделі болғанмен, сөз тір-

кестері деп танылмайды. Мысалы: *жыл сайын, шапқан сайын, үдей түседі, қос ішекті, тісін қайрау.*

Сөйтіп, тіркескен сөздердің бәрі сөз тіркесі деп есептелмейді, бірақ сөз тіркесі құрамынан тыс қалмайды. Өз беттерімен дербес қалпында бағыныңқы, басыңқы компоненттері бар, синтаксистік топ құрай алмайтын түйдекті тіркестер сөз тіркесінің бағыныңқы не басыңқы (кейде екеуі де) қызметінде жұмсала береді (мысалы, *қос ішекті домбыра, торы ат шапқан сайын үдей түседі*). Бұл арада әңгіме сөздің санында емес, соларды жоғарыда айтылған тезге салып айыра білуде.

2. Сөз тіркесінің сөйлемге қатысы. Сөйлем адам ойын айтудың негізгі формасы болатындықтан, оны біршама аяқталған ойды білдіру ерекшелігіне қарап танымыз. Сол басты белгісіне қосымша грамматикалық сипаттамаларына мыналар енеді: 1) предикаттілік (бастауыш, баяндауыштық қатынасты білдіру тәсілдері); 2) айтылу интонациясы; 3) модальділігі (айтылған ойға айтушының көзқарасын білдіруі).

Сөйлем, міне, осындай белгілері бойынша танылатын болса, ал сөз тіркестері үшін, бұлар — мүлде еленбейтін белгілер (сөз тіркесінің сипаттамасы мен анықтамасын жоғарыда айттық). Солай екен деп бұлардың екеуі өзара басы қосылмайтын екі дүние деп түсінбеу керек. Сөйлемнің модельдері сөз, сөз тіркестері болатындықтан, олар өзара тығыз қарым-қатынаста, алыс-түйісте жұмсалатыны даусыз. Сонда бір сөз тіркесінен бір сөйлем құралса, ондай сөздер сөз тіркесілік қасиетін жоймайды. Мысалы, *үйге бар, терезені аш, сенің қарындасыңмын* дегендер — әрі сөйлем, әрі сөз тіркестері: сөйлем синтаксисі, сөйлемнің анықтамасы тұрғысынан мұндайларды сөйлем деп те, сөз тіркесі синтаксисі тұрғысынан — сөз тіркесі деп те танып, талдай беруге болады.

Тілде ондайлар — бір нәрсені әр түрлі орайда тану аз ба? Мысалы, дыбыс фонетиканың да, фонологияның да, орфоэпияның да, орфографияның да зерттеу объектісі бола алады. Бірақ мақсаттары басқа-басқа. Сол сияқты, сөз — лексикологияның да, семасиологияның да, сөз табының да, сөйлем мүшелерінің де, сөз тіркестерінің де, стилистиканың да зерттеу объектілері бола береді. Бірақ соңғыларда бұрынғы «сөз» деген қасиет жойылмайды. Солар тәрізді сөз тіркестерін әрі сөйлем деп танығандықтан олар бұрынғы қасиетін (сөздердің өзара тіркесу қабілетін, бағыныңқылық қатынасын, синтаксистік байланыстарын) жоймайды. Сондықтан сөз тіркесінің басыңқы сыңары баяндауыштық тұлғада айтылып, сөйлем жасалысымен оның сөз тіркесі де екендігі шүбә келтірмейді. Сөз тіркесінің тұлғасы сөйлемнің тұлғасындай болмасын (*тауға шығып, тауға шықты* сияқты)

және сөз тіркестерін тек көп құрамды сөйлем ішінен ажыратып тану керек дегендер (мысалы, *ұзын бойлы, еңгезердей қара жігіт атқа мінді*) — ғылыми негізге сүйенбеген, жасанды көзқарастар.

3. Сөз тіркестерін топтастыру принциптері. Тілдік категорияның бәріне ортақ жалпылық та, тек негізгі топтары ортақ жалпылық та сипаттамалары болады. Олардың ара-қатынастарының заңдылықтарын айқындау, түсіну үшін әр нәрсенің топтастыру принциптерін айқындап алу керек. Ол дұрыс айқындалған болса, топтастыру да жүйелі болады, бүтіндердің бөлшектері де сол топтастыру схемасына сыйып кетеді, шеттеп қалып қоймайды.

Сол тұрғыдан сөз тіркесін құраудың басты критерпйі не? Олар сөйлем мүшелерінің тіркесі ме, сөздердің тіркесі ме? деген сұрақ туады. Алдыңғыны қолдайтындар сөз тіркестерін сөйлем мүшелерінің ізімен анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық деп бөледі. Әрине, бұл дұрыс емес, олай еткенде, сөйлемнің синтаксисі мен сөз тіркесінің синтаксисі араласып, жігі білінбей кетеді. Сөз тіркесі синтаксисінің негізгі көз тіккен мәселесі сөз бен сөздің синтаксистік тобын құрау болса, сөздердің теңін тауып тіркесе алу қабілетін, сол тіркесті құрастыруда ерекше қызмет атқаратын сөздердің қайсылар екенін айқындаудың мәні зор. Сол діндекті сөздер — сөз тіркестерінің басыңқы сыңарлары, оларға қатынасты болатын бағыныңқы сыңарлары қандай сөздер екенін айқындау ол категорияның бас арқауы болмақ.

Жастардың грамматикалық құрылыстарды және грамматикалық тұлғаларды жаттап емес, саналы түрде оқып-үйреніп білуі олардың ой өрісін кеңейтеді, сана-сезімін арттырады, тіл мәдениетін игеруіне кең жол ашады. Осыдан келіп грамматикалық, фонетика-лексикалық құрылыстардың тіл мәдениетімен тығыз байланыста болатынын көреміз. Тілдік тәсілдерді дұрыс танып, дұрыс жұмсай білу — адамның тіл мәдениеті жоғары болуының негізгі шартының бірі.

5. СӨЗ ТІРКЕСТЕРІН ОҚЫТУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Тілдің сөз жасау, сөйлем құрау модельдерінің ұйысқан синтаксистік біртұтас тобы — сөйлем. Сөйлем — адам ойын білдірудің ең негізгі формасы. Адам ойының әр алуандылығы, оның ұшы-қиыры жоқ көлбеген кең теңіз тәрізді екендігі сөйлем құрамының әр түрлі болуын керек етеді. Сондықтан сөйлем қалай түрленеді? Әр сөйлем екінші сөйлемнен несімен оқшауланады? Сөз тіркесінің сөйлемнен айырмашылығы қалай болады? деген сұрақтарға бірден жауап бере салу оңай емес. Ол үшін алдымен

екі синтаксистік категорияның құрамдары қалай болатынын анықтап алу керек.

Сөйлемнің құрамын белгілейтін модельдері — сөз, сөз тіркестері. Сөз дара қалпында, сөз тіркестері құрамында сол қызметтерін атқару үшін олардың мағыналары сөйлемнің білдіретін мағыналарымен үйлесімді бөлшектері бола алуына қарай белгілі сөйлемнің моделін құрайды.

Сол орайда сөз тіркесінің де, алаша, кілем токудың арқауы болатынындай бірден бір, аса қажетті модельді бөлшектері болады. Соларды еске ала отырып, екі синтаксистік категорияның бұл жағынан қандай айырмашылығы бар? деп те қараймыз: сөз тіркесі тек сөйлем құрамында түгелімен оның моделі деп танылса, ал ондайда сөз тіркесінің моделі тек оның бағыныңқы сыңары болады. Мысалы, *Жаздың көркі енеді жыл құсымен, Жайраңдасып жас күлер құрбысымен* (Абай) деген сөйлемде мынандай сөз тіркестері бар: *жаздың көркі, жыл құсымен енеді, жайраңдасып күлер, құрбысымен жайраңдасып*. Осылардың бәрі — сөйлемнің модельдері, ал сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарлары — сөз тіркестерінің аса қажетті бөлшектері — оларсыз сөз тіркестері құрылмайтын модельдері деп есептеледі. Басыңқы сыңарлары сөз тіркестерінің мағыналық тіректері, дінгекті таянышы болғанмен, сөз тіркесін құрауда бағыныңқы сыңарлардың синтаксистік қызметі ерекше деп танылады, өйткені олар білдіретін мағыналары, тіркесу тәсілдері мен байланысу формалары, синтаксистік қатынастарды білдіру мүмкіншіліктері — бәрі жиналып бағыныңқылардың сөз тіркестерін құраудағы орны ерекше екенін көрсетеді. Сондықтан ғылыми талдауда оларға көбірек көңіл бөлінуі тиіс. Оның тағы бір себебі мынада: әдетте бағыныңқы сөз басыңқы сөздің ыңғайына, мағыналық үйлесіміне қарай белгіленетін болса, бірқатар сөз тіркестерінің құрамы, керісінше, бағыныңқы сөздің әуенімен басыңқы сыңары ерекше, өзгеше тіркесу қабілеті бар сөздер тобы болып айтылады. Мысалы: *Дүйсеннің қарындасы — Жамалдың сіндісі қойдың қозысы — шошқаның торайы; жылқының қымызы — түйенің шұбаты; иттің күшігі — қасқырдың бөлтірігі*.

Мұндайды ішкі жақындығына қарап ауыстырып айтып, бірінің орнына бірін қолдануға болмайды. Сөз тіркестері құрамының біршама тұрақтылығы — тілде солай айтылып дәстүрге айналғандығының көрінісі, бірақ олар тұрақты сөз тіркестері емес, еркін тіркеске жатады.

Сөз жеке-дара өмір сүрмейді, өзара тіркесу мұқтажы арқылы сөйлем құраудың моделі қызметін атқару үшін өмір сүреді. Ол мұқтаждық, бір жағынан, сөздердің грамматикалық қызмет атқаруына керек болса, екінші жағынан, тілдің комму-

дифференциал және басқа қызметтерін өтеу үшін керек болады.

Сөздердің тіркесуі екі түрлі болады: бірі — тұрақты тіркес, екіншісі — еркін тіркес. «Тұрақты тіркес» пен «сөз тіркесі» деген ұғымдар өзара синоним емес, екеуі екі нәрсе: сөздер тіркесу арқылы сөз тіркесін құрағанмен, тіркескен сөздердің бәрі сөз тіркесі деп есептелмейді, соңғыға идиома, фразалық тұрақты тіркестер енеді. Қазақ тілі жайындағы әдебиетте «тұрақты сөз тіркесі» деген атау жиі ұшырайды. Олай атау екі нәрсенің парқын түсінбей, «соқыр тауыққа бәрі бидай» болып көрінуден болады.

Әр нәрсенің өмір сүру айналасы болады. Сөз бен сөздің тіркесуі — олардың тілде өмір сүруінің табиғи мұқтажлығы. Сөздер тілдегі қызметтерін, қажеттілікті өтеу үшін белгілі мағынада, көбінесе басқа сөздер тобында жұмсалады. Сол орайда олардың мағыналары саралана түсіп, өзара тіркесу мүмкіншілігі артып, белгілі синтаксистік топтары қалыптасады. Мысалы, ол бастағы «күзет» сөзінен «күзетші» пайда болған болса, *мал күзету, үйді күзету* сияқты сөз тіркестерінің ыңғайымен — *қарманды күзету, шекараны күзету* тәрізді сөз тіркестері жасалған. Еркін тіркес дегеннің аясы осылай кеңейе береді. Кейіннен сайын сөз тіркестерінің құрамы түрленіп, жеке сөздердің жұмсалу, тіркес құрау қабілеті арта түседі. Солардың бәрі табиғи байланыс орайында пайда болса, сөз тіркесі құрамында синтаксистік байланыс тәсілдері мен формалары арқылы бекемделеді. Әрине, барлық сөздің сөз тіркесін құрау мүмкіншілігі бірдей емес. Мысалы, «талқы» сөзінің бұрынғы мағынасы теріс илеуге қолданатын құрал болса, кейін сол сөзден *баяндама талқылады, мәселені талқыға салды, жұрт талқысынан өтті* деген сөз тіркестері пайда болды. Ал «жылқы» малының түсі қазақ тілінде *торы ат, жирен ат, боз ат, ақ боз ат* («ақ ат» дегеніміз), *қара ат, шабдары ат* сияқты құрамда айтылса, түйенің түсі — *сары атан, боз інген, қара нар, ақ тайлақ...* сияқты сөз тіркестерін құрайды.

Халыққа тарап, әбден сіңіскен атауларды ұнамағандықтан емес, білмегендіктен ауа жайылатындар болады, мысалы, қой қоздайды, ол төл әдепкіде — *қошақан*, кейін — *қозы*, қозыдан — *арқа*, марқадан — *бағлан*, бағланнан — *кепе*, содан кейін — *арқты* деп аталады. Соларды (тұсақ қойды саулықтан, ісек, құтан, дөнен қойдан айырып тани алмайтын, түйенің бұрасы, іргені, үлегі, нары... қандай болатынын білмейтін) айырып бере алмайтын жастар көп. Ол ол ма, «саулықты» — «аналық қой», «тері кара» дегенді — «мүйізді мал» деп те жазғандарды кездестіреміз.

Тіл мәдениеті төмен адамдар сөз тіркестерін дұрыс, дәлме-

дәл құрай алмайды. Сондықтан қазақ тілін мектептерде, жоғары оқу орындарында оқытуда, сөз тіркестерін оқушыларға дұрыс танытуда оқушының сөз байлығына көңіл бөліп, сөз тіркестерін дұрыс құрауға машықтандыру керек.

Соның нәтижесінде әрбір оқушы сөз тіркестерінің мынадай қасиеттерін мүдірмей айта алатын болсын:

1) бағыныңқы, басыңқысы; 2) олардың қандай сөз таптарынан жасалғаны; 3) сөздердің қалай, қандай амалдармен байланысқаны; 4) сөз тіркестерінің құрамындағы сөздердің қарым-қатынасы; 5) сөз тіркесінің қандай түріне жататындығы. Осылардың бәрін түгел қамтып, сөз тіркестеріне төмендегідей талдау жасай білген оқушы, студентке жоғары баға қоюға болады. Үлгі: 1) *білгенге маржан*; 2) *біздің табысымыз*.

— Бірінші сөз тіркесі қалай жасалған?

— Бағыныңқысы — өткен шақтық есімше, басыңқысы — зат есім, олар барыс жалғауы арқылы меңгеріле байланысқан; толықтауыштық қатынаста айтылған есімді сөз тіркесі.

— Екінші сөз тіркесі қалай жасалған?

— Бағыныңқысы — *біздің*, басыңқысы — *табысымыз*. Олар ілік жалғауындағы есімдік пен тәуелдік жалғауындағы зат есімнен құралып, матаса байланысқан, анықтауыштық қатынаста айтылған есімді сөз тіркесі.

3) *Торы ат шапқан сайын өршелене түседі*.

— Мұнда қандай сөз тіркестері бар?

— *Торы ат*; *шапқан сайын өршелене түседі* деген екі сөз тіркесі бар.

— Олар қандай сөз тіркестері?

— *Торы ат* — сын есім мен зат есімнен құралған, орын тәртібі бойынша қабыса байланысқан, анықтауыштық қатынаста айтылған есімді сөз тіркесі. Ал *шапқан сайын өршелене түседі* деген — күрделі сөз тіркесі. Оның бағыныңқы сыңары өткен шақтық есімше мен демеу сөзден құралып, орын тәртібі бойынша басыңқысы — күрделі етістікпен қабыса байланысқан, пысықтауыштық қатынаста айтылған етістікті сөз тіркесі.

Әрбір сөз тіркесін осылай сөйлемнен бөліп алып талдау жасағанда, морфологияның сөз тіркесі синтаксисімен, сөз тіркесінің сөйлеммен байланысын дұрыс танымыз. Сол үшін де сөз тіркесі синтаксисіне қатысты мына мәселелерге назар аудару керек: 1) сөздердің тіркесе алу қабілеті; 2) синтаксистік байланыстың амалдары мен формалары (түрлері); 3) сөз тіркестерінің құрамдары; бағыныңқы, басыңқы сыңарлары, олардың дара, күрделі болатындығы, күрделі сөз тіркесінің құрамында түптекті тіркес болатындығы.

6. ГРАММАТИКАЛЫҚ ТАЛДАУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Қазақ тілі пәнінің міндеті оның заңдылықтарын оқушыларға білдіру арқылы олардың ой өрісін дамытатын, сезімін оятып, тілдің орасан зор қоғамдық қызметін де өз өмірінің мықты құралы етіп пайдалана алуына даңғыл жол ашу болмақ. Ол үшін оқушыларға тілдің фонетика, лексика, грамматика салаларынан жан-жақты білім беру оқытушы мен мектеп оқулықтарының басты міндеті болмақ.

Әрбір тақырып бойынша оқушыларға жүйелі түрде берілген білімді баянды ету үшін де, оқушының білімін сынау үшін де тілдік единицаларды іс жүзінде, көптеген мысалдар негізінде, қалай танып біледі-екен? деген сұрақ әрдайым ескерілетіні белгілі. Соның бір жолы — грамматикалық талдаулар.

Грамматикалық талдау — сөйлемдегі сөздердің грамматикалық тұлғалары мен мағыналарын сипаттау арқылы олар жайындағы оқушының білімін баянды ететін практикалық жұмыс. Бұның ғылыми негізі тілдің практикалық қажеттілік табиғаты болмақ. Тілді адам тұтас қалпында судай сіміре салмайды, оның бөлшектерін тұтастыру негізінде тілді үйренетін болады. Тілдегі үйреншікті тұтастық адам ойына қызмет ететіндіктен, олар белгілі заңдылыққа сәйкестеніп құралады. Сондықтан тілде ол жалпыға ортақ заңдылықтан оғаш, оқшау қолданатын, тілдің қоғамдық, коммуникативтік қызметін өтеуге қатынаспайтын элементтер болмайды. Табиғаттағының бәрі өзара сәтті де әнді, жымдаса байланысқаны сияқты, тілдегінің бәрі — оның алуан бөлшектері мен тұтасқан топтары өзара тығыз байланыста болады; бүтіндері бөлшектерден құралады, бөлшектері үтін единицалар құрау үшін жұмсалады: дыбыстан сөз, сөзден өз тіркесі, сөз тіркесінен сөйлем, сөйлемнен сөйлеу құралса, лардың осылай шиыршықтануы да әрқайсысына тән тағы басқалып жатқан тұтастану заңдылықтары болады. Тілдеріге талдау жасағанда, сол заңдылықтан пайда болған дыбыс, буын, сөз, сөз тіркесі, сөйлемдердің табиғатын танып, олардың бөлшектерінің әрқайсысына тиісті баға берілуге тиіс. Ол бағалар белгілі, жалпыға ортақ тұрақталған аттарымен аталып, жүйелі түрде талдануға тиіс.

Морфологиялық талдаудың негіздері сөздердің грамматикалық топтарының зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, ұсәеу, еліктеуіш, одағай болып аталуы — олардың номинативтік сипаттамасы, олардың бәрі бірдей сөз бола тұрып, әр тобының басқаларынан айрықша, өздеріне тән ерекшеліктері барлығын көрсетеді. Сондықтан сөйлемдегі сөздерді сөз таптары орайында талдап бере алу олардың әрқайсысына тән ерекшеліктерін білудің бір көрінісі.

кестері деп танылмайды. Мысалы: *жыл сайын, шапқан сайын, үдей түседі, қос ішекті, тісін қайрау.*

Сөйтіп, тіркескен сөздердің бәрі сөз тіркесі деп есептелмейді, бірақ сөз тіркесі құрамынан тыс қалмайды. Өз беттерімен дербес қалпында бағыныңқы, басыңқы компоненттері бар, синтаксистік топ құрай алмайтын түйдекті тіркестер сөз тіркесінің бағыныңқы не басыңқы (кейде екеуі де) қызметінде жұмсала береді (мысалы, *қос ішекті домбыра, торы ат шапқан сайын үдей түседі*). Бұл арада әңгіме сөздің санында емес, соларды жоғарыда айтылған тезге салып айыра білуде.

2. Сөз тіркесінің сөйлемге қатысы. Сөйлем адам ойын айтудың негізгі формасы болатындықтан, оны біршама аяқталған ойды білдіру ерекшелігіне қарап танимыз. Сол басты белгісіне қосымша грамматикалық сипаттамаларына мыналар енеді: 1) предикаттілік (бастауыш, баяндауыштық қатынасты білдіру тәсілдері); 2) айтылу интонациясы; 3) модальділігі (айтылған ойға айтушының көзқарасын білдіруі).

Сөйлем, міне, осындай белгілері бойынша танылатын болса, ал сөз тіркестері үшін, бұлар — мүлде еленбейтін белгілер (сөз тіркесінің сипаттамасы мен анықтамасын жоғарыда айттық). Солай екен деп бұлардың екеуі өзара басы қосылмайтын екі дүние деп түсінбеу керек. Сөйлемнің модельдері сөз, сөз тіркестері болатындықтан, олар өзара тығыз қарым-қатынаста, алыс-түйісте жұмсалатыны даусыз. Сонда бір сөз тіркесінен бір сөйлем құралса, ондай сөздер сөз тіркесілік қасиетін жоймайды. Мысалы, *үйге бар, терезені аш, сенің қарындасыңмын* дегендер — әрі сөйлем, әрі сөз тіркестері: сөйлем синтаксисі, сөйлемнің анықтамасы тұрғысынан мұндайларды сөйлем деп те, сөз тіркесі синтаксисі тұрғысынан — сөз тіркесі деп те танып, талдай беруге болады.

Тілде ондайлар — бір нәрсені әр түрлі орайда тану аз ба? Мысалы, дыбыс фонетиканың да, фонологияның да, орфоэпияның да, орфографияның да зерттеу объектісі бола алады. Бірақ мақсаттары басқа-басқа. Сол сияқты, сөз — лексикологияның да, семасиологияның да, сөз табының да, сөйлем мүшелерінің де, сөз тіркестерінің де, стилистиканың да зерттеу объектілері бола береді. Бірақ соңғыларда бұрынғы «сөз» деген қасиет жойылмайды. Солар тәрізді сөз тіркестерін әрі сөйлем деп танығандықтан олар бұрынғы қасиетін (сөздердің өзара тіркесу қабілетін, бағыныңқылық қатынасын, синтаксистік байланыстарын) жоймайды. Сондықтан сөз тіркесінің басыңқы сыңары баяндауыштық тұлғада айтылып, сөйлем жасалысымен оның сөз тіркесі де екендігі шүбә келтірмейді. Сөз тіркесінің тұлғасы сөйлемнің тұлғасындай болмасын (*тауға шығып, тауға шықты* сияқты)

және сөз тіркестерін тек көп құрамды сөйлем ішінен ажыратып тану керек дегендер (мысалы, *ұзын бойлы, еңгезердей қара жігіт атқа мінді*) — ғылыми негізге сүйенбеген, жасанды көзқарастар.

3. Сөз тіркестерін топтастыру принциптері. Тілдік категорияның бәріне ортақ жалпылық та, тек негізгі топтары ортақ жалпылық та сипаттамалары болады. Олардың ара-қатынастарының заңдылықтарын айқындау, түсіну үшін әр пәрсенің топтастыру принциптерін айқындап алу керек. Ол дұрыс айқындалған болса, топтастыру да жүйелі болады, бүтіндердің бөлшектері де сол топтастыру схемасына сыйып кетеді, шеттеп қалып қоймайды.

Сол тұрғыдан сөз тіркесін құраудың басты критерийі не? Олар сөйлем мүшелерінің тіркесі ме, сөздердің тіркесі ме? деген сұрақ туады. Алдыңғыны қолдайтындар сөз тіркестерін сөйлем мүшелерінің ізімен анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық деп бөледі. Әрине, бұл дұрыс емес, олай еткенде, сөйлемнің синтаксисі мен сөз тіркесінің синтаксисі араласып, жігі білінбей кетеді. Сөз тіркесі синтаксисінің негізгі көз тіккен мәселесі сөз бен сөздің синтаксистік тобын құрау болса, сөздердің теңін тауып тіркесе алу қабілетін, сол тіркесті құрастыруда әрекше қызмет атқаратын сөздердің қайсылар екенін айқындаудың мәні зор. Сол дінгекті сөздер — сөз тіркестерінің басыңқы ыңарлары, оларға қатынасты болатын бағыныңқы сыңарлары қандай сөздер екенін айқындау ол категорияның бас арқауы болмақ.

Жастардың грамматикалық құрылыстарды және грамматикалық тұлғаларды жаттап емес, саналы түрде оқып-үйреніп білуі лардың ой өрісін кеңейтеді, сана-сезімін арттырады, тіл мәдениетін игеруіне кең жол ашады. Осыдан келіп грамматикалық, орнетика-лексикалық құрылыстардың тіл мәдениетімен тығыз айланыста болатынын көреміз. Тілдік тәсілдерді дұрыс тапып, дұрыс жұмсай білу — адамның тіл мәдениеті жоғары болуының негізгі шартының бірі.

5. СӨЗ ТІРКЕСТЕРІН ОҚЫТУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Тілдің сөз жасау, сөйлем құрау модельдерінің ұйысқан синтаксистік біртұтас тобы — сөйлем. Сөйлем — адам ойын білдіудің ең негізгі формасы. Адам ойының әр алуандылығы, оның шы-қиры жоқ көлбеген кең теңіз тәрізді екендігі сөйлем құрамының әр түрлі болуын керек етеді. Сондықтан сөйлем қалай түрленеді? Әр сөйлем екінші сөйлемнен несімен оқшауланады? Сөз тіркесінің сөйлемнен айырмашылығы қалай болады? деген сұрақтарға бірден жауап бере салу оңай емес. Ол үшін алдымен

Әдетте сөз таптарын мағыналарына, тұлғаларына, синтаксистік қызметтеріне қарап бірін-бірінен айырамыз. Осы орайдағы қиыншылық солардың үшеуінің басын қоса білуде. Әрине *кітап, қалам, өгіз, шана, көйлек* сөздерінің зат есім екенін те мағыналарына қарап та тани беруге болады. Сондықтан сөздің мағыналары олардың ең басты грамматикалық та сипаты есебінде танылады. Ал олай болған күннің өзінде сөздердің дара оқшау тұрған қалпында мағыналарын дұрыс тани білу мүмкін бола бермейді. Мысалы, *жаз, қыс, ат, жат, түс, қала* сөздерінің қай сөз табына жатады? деп қойылған сұрақтың жауабы түрлі-түрлі болуы заңды. Өйткені олар — көп мағыналы сөздер: *жаз* — зат есім, *жаз* — етістік: *хат жаз, құлашыңды жаз, ауруын жаз*; *қыс* — зат есім, *қыс* — етістік: *қолын қыс, көзін қысты*; *ат* — зат есім: *арбаға ат жекті, балаға ат қойды*; *ат* — етістік: *мылтық ат, үйрек ат, насыбай ат* т. б.

Сөз — сөз тіркесінің, сөйлемнің құрылыс материалы тәрізді. Сондықтан сөз мағынасы сол сөздер құрамының ішінде — сөйлем ішінде айқындалады. Олай етпей, әр сөзді басқа сөздермен байланыс, қарым-қатынас орайында қарамай, жеке сөздің басына үңіліп тыраштану бал ашқанмен бірдей. Сөздің өмірі сөз тіркесінің, сөйлемнің құрамында өтетіндіктен, оларды сол табиғи айналада қарасаң ғана шын сырын ашып бере аласың.

Сөздер әр уақытта *қыс, ат, атан* сияқты сірідей сіресіп, түбір қалпында қатып қалмайды, қосымшалар жалғанып тұр-тұрпаты өзгерілген қалпында да жұмсалады. Ол немен байланысты?

Тіл байлығы бір қалыпта қатып қалмай, ілгері дамып, сөз үстіне сөз еселеніп қосылып, жаңарып, толығып жатады. Жаңа сөздер бұрыннан бар сөздер негізінде, не өзге тілден сөз қабылдау негізінде жасалады. Соның көп тәсілінің бірі — жаңа сөздердің сөз тудыратын қосымшалар арқылы жасалуы. Мысалы: *тіз — тізім, көз — көзде, бай — байлық, орын — орындық, сүз — сүзеген, қор — қорқақ, айт — айтыс, жем — жеміс*. Әдетте бір қосымшадан бірнеше сөз жасалады, **-мақ**: *сал мақ, қар мақ, ой мақ, құй мақ*; **-шақ, -шек**: *құлын шақ, кимешек, келіншек, еріншек*.

Сөз тұлғасы бір орайда осылай жаңа сөз тудыру үшін өзгерілсе, енді бірде сөз мағыналары өзгерілмей-ақ қосымшалар жалғанған қалпында жұмсалады. Ол қай уақытта, не үшін керек болады?

Сөз сөйлем ішінде өмір сүру үшін, өзара синтаксистік, мағыналық байланыста жұмсалу үшін керек болады. Сөздердің ондай байланыстары болмаса, сөздер тақыр жерге шашылған табырдай ыдырап, жеке-дарадан бүтін құралмаған машина бөлшектері сияқты тілдің пассив қоры болып қала береді. Әр сөз сөй-

лемде өз қызметін дұрыс атқаруы — оны актив қорға айналдырады. Сол үшін сөз арасын жымдастырып, сөздерді ұштастырып байланыстыруға керекті қосымшаларды — жалғаулар дейміз. Олар көптік, жіктік, тәуелдік, септік деп бөлінеді. Кейде солардың қызметін сөздердің сөйлемде орналасу тәртібі, дауыс ырғағы (интонация) атқарады.

Соларды дұрыс танып, дұрыс талдай алу үшін әрқайсысының тұлғасын да, атқаратын қызметтерін де жақсы білу керек.

Синтаксистік талдаулардың негіздері

Мектепте, жоғары оқу орындарында мұғалімдер сөйлем мүшелерін басқаларға үйрету қағидаларын олардың әрқайсысы қандай сөзден болатынын, қандай сұрақтарға жауап беретінінен бастайды да, солармен бітіреді. Дұрысында олар сөйлем мүшелерінің ғылыми негіздері емес, нәтижелерінің көрінісі. Солай екенін аңғармайтын оқытушылар оқушыларға, студенттерге сөйлем мүшелерін талдауды бастауыштан бастатады да, кім? не? деген сұрақтың біріне жауап болатын сөздерді іздетеді. Бұл сұрақтарға жауап болатын сөздер әр уақытта бастауыш қызметінде емес, толықтауыш, баяндауыш қызметінде де болуы мүмкін ғой, мысалы, *Кітап оқып келе жатқан кісі — Жағыпар* дегенде, *кітап* деген толықтауыштың сұрағы—не? *Жағыпар* деген баяндауыштың сұрағы — кім? Осылай да болатындықтан, сұрақты керемет күшке айналдырмай, сөйлем мүшелерін дұрыс тану заңдылығының қосымша талдау әдісі деп қарау керек.

Жекелеген сөз таптарының сөйлем мүшелері қызметінде жұмалуында басыбайлы тұрақтылық жоқ. Сонда да етістік көбінесе баяндауыш, зат есім көбінесе бастауыш, толықтауыш болады еп айтуымыз, басқа сөздердің де сол қызметте жұмсалатынын аңғартса керек. Сондықтан әрбір сөйлем мүшелері тек белгілі сөз табына таңулы болмайды, бірақ жеке сөздердің белгілі сөйлем мүшелері болу қабілеті мол, арнаулы, потенциалды баяндауыш, бастауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш деп қарауға болады. Соның өзінде бұл грамматикалық мағыналар жеке сөздерге тән мағыналар емес,— тек толық мағыналы сөздердің өзара тіркесуі нәтижесінде пайда болатын қосымша грамматика-синтаксистік мағыналар. Оларды жақсы білу үшін сол тіркескен синтаксистік топ құрамында қарастырған дұрыс, тек сол топ құрамындағы сөздерге дұрыс сұрақ қойып, дұрыс таңуға болады. Мысалы, *Жазға жақсы киінер қыз-келіншек, жер жүзіне өң берер гүл-бәйшешек* дегеннің салалас құрмалас сөйлем екенін танытатын белгінің бірі — бастауыш, баяндауыштары бар екі жай сөйлемнен құралғандығы. Солардың әрқайсысының бастауышын, не баяндауышын табу үшін оларды оқшау

тұрған қалпында емес, сөз тіркесі құрамында талдаса, олар бірін бірі дұрыс танытады: «қыз-келіншек киінер», «гүл-бәйшешек өң берер». Сол сияқты «жазға киінер», «жақсы киінер» деген құрамда *жазға, жақсы* сөздерінің пысықтауыш қызметте, ал *жер жүзіне* сөздерінің пысықтауыштық қызметі *өң берер* сөздерімен тіркесу орайында ғана айқындалады. Синтаксистік заңдылықты білмей тұрып, әр сөздің басына сұрақ қойғаннан тілді үйренушілердің білімі бойға жұқпайтын, үстірт болады. Бұл — синтаксистік талдауда кісіні өрескел қателерге душар етеді. Мысалы, *хат жазды, кілем тоқыды* сияқты сөйлемдерді талдаушы студенттердің біразы *хат, кілем* сөздерін «бастауыш» деп атағанын білеміз. Оның себебі — ол бастауыштың сұрағы кім?, не? екенін біледі, ал жалғаусыз тура толықтауышқа да не? сұрағын қоюға болатынын және сұрақтың сөйлем мен сөз тіркесінің мазмұнына, сөздердің өзара байланысына қарап қойылатынын білмейді. Білмегендіктен бір есептен дұрыс қойылған сұрақ теріс болып шығып оқушыны шатастырады. Мысалы, «Бүгін ауа райы жақсы» деген сөйлемге талдау жасаған мектеп оқушысы «жақсы» сөзін — баяндауыш деп дұрыс айтқанда, оған сабақ беріп тұрған практикант-студент:

— Оның дұрыс емес, «жақсы» — анықтауыш, — деп қасарып тұрып қалды. Оның дәлелі мынау: «ол қандай? деген сұраққа жауап береді, қандай? — анықтауыштың сұрағы» деп мектеп оқушысын университет студенті «жеңіп кеткенінің» куәсі болғаным бар. Ол студент баяндауыш қай сөз табынан болса, соның да сұрағы қойылатынын білмейді екен. Білсе, жоғарғы сөйлемдегі *ауа райы* — бастауыш, *жақсы* — баяндауыш, *бүгін* — пысықтауыш деп талдар еді.

Кейбір сөздер, мысалы *керек, жоқ, бар*, сөйлем мүшелері қызметінде жұмсалғанда оларға әдеттегідей оқулықтарда аталатын сұрақтардың бірін қоюға болмайды. Мысалы, «Мысыққа ойын керек, тышқанға өлім керек», осындағы «керек» сөзі баяндауыш қызметінде жұмсалған. Оның сұрағы жоқ. Сондай-ақ «Менде ұл жоқ, екі қызым бар» дегенде де *бар, жоқ* баяндауыштарына тікелей сұрақ қоюға болмайды, тек *бар* ма? *жоқ* па? деп қана сұрақ қоюға болады.

Осындай дәлелдерге қарағанда, синтаксистік талдаудың ғылыми негізі сөздердің синтаксистік қызметтерін сұрақтар арқылы айыру емес, сөздердің мағыналық қарым-қатынасын аңғарып, синтаксистік қызметін танудың методикалық тәсілі ғана.

Солардың басын құрай біліп сөз тіркесі, сөйлемдерге дұрыс талдау жасай білу ана тілінің (басқа да тілдің) табиғатын дұрыс түсінуге, оны үйренушілердің тіл мәдениетін арттыруға жол ашады, оқушы, студенттердің тілдік сана-сезімін оятады.

Сөйтіп, мектеп өмірінде грамматикалық категориялар мен олардың тұлғаларын оқушыларға таныту амалының басты тірегі — сұрақ. Мысалы, анықтауыштың сұрағы — *қандай?* (қай, қайсы), пысықтауыштың сұрағы — *қашан? қалай? қайтпін?*, бастауыштың сұрағы — *кім? не?*

Осындай сұрақтарға арқа сүйеу әбден әдетке айналғандықтан, оларсыз қазақ тілін оқып үйрену мүмкін емес сияқты. Оларды шыл дәріптеп, керемет күш деп түсініп, қателесетіндер көп. Мысалы, сын есім сөйлемде анықтауыш қана болмай, баяндауыш қызметінде жұмсалса да *қандай?* деген сұрақ қоюға болады: *Бүгін жақсы кітап сатып алдым.— Бүгін ауа райы жақсы.*

Сұраққа әбден иек артып алған кейбір студенттер баяндауыш қызметіндегі «жақсыны» қандай? деген сұраққа жауап болатындықтан, анықтауыш деп талдайды. Осылай, сұраққа бой ұру механизмі оқушыларды ойландырудың орнына топастыққа итермелейді.

Грамматиканың заңдылықтары арифметикада $2+2=4$ болады дегендей, дәлдікті керек етеді. Мысалы, грамматикалық құрылысты сұрақтар арқылы таныту — методикалық демеу ғана. Ол өздігінен еш нәрсеге ғылыми негіз бола алмайды. Зат есімнің бірқатарына не?, бірқатарына (кісі туралы) кім? сұрақтарын қою ол сөздердің лексика-грамматикалық мағыналық ерекшеліктерімен байланысты, ал сол сұрақтарды бастауышқа қою оның лексика-грамматикалық қызметімен байланысты. Соңғыда сұрақтар жеке сөздердің басына қадалып қойылмайды, олармен синтаксистік байланыста болатын баяндауыштар қатарына тіреліп қойылады. Мысалы, *Алмасы Алатаудың жұртқа мәлім...* дегенде, не мәлім? деп қойылған сұрақтың жауабы *...алмасы мәлім* болады. *Қарындасым былтырдан бері университетте оқиды* деген сөйлемнің бастауышына (қарындасым) *оқиды* (баяндауышы) сөзімен ілестіре (кім оқиды?) қойылған сұрақ бастауыштың сол сөз екенін дұрыс табуға көмектеседі. Олай етпей, тек бастауыш осы болар деген долбармен сол сөздің басына қадала қойылған сұрақ оқушыны шатастыруы мүмкін. Мысалы, *Магазиннен кітап сатып алдық* деген сияқты сөйлемнің бастауышын оқушылардың көбі *кітап* (не?) деп қателеседі (өйткені, не? — бастауыштың да сұрағы). Оқушының мұндай қателесуі душар болу себебі мынада: олар сөздің сөйлем мүшесі қызметінде жұмсалып табылған заңдылығын білмей, тек сұраққа сүйенеді.

Сөйлем мүшесі деген ұғым «сөз» ұғымын қамтығанмен, ол сөздің бұрынғы грамматикалық мағынасымен бірдей емес, «сөйлем мүшесі» — сөздің синтаксистік қызметін білдіретін оның (сөздің) қосымша, жаңа мағынасы. Мысалы, *қарындасым* — зат

есім, I жақтық тәуелдік жалғауда, жекеше, бұлар — сөздің бастапқы грамматикалық мағыналары. Ол сөздің III жақтық бастауыш қызметінде және III жақта жұмсалуды — оның жана грамматикалық мағыналары. Солай екенін білмеген студент, оқушы I, II жақтық тәуелдеулі сөздердің бастауыш болғандағы жақтық мағыналарын тәуелдік жалғауларына қарап долбарлайды. Сондай «ұқсастық» оқушы-студенттерді ғана емес, ғылым кандидаты деген кітап авторларын да шатастырады екен. Ш. Әуелбаев бастауыш мектептің 2-класына арналған байқау оқулығында¹ «көп жалғаулы сөздер» қатарында *достарымызға, дәптерлерімізді* деген сөздерде екі-екіден тәуелдік жалғауы бар деп көрсетеді: «достар-ы-мыз», «дәптерлер-і-міз». Дұрысында бұл сөздердің тәуелдік жалғаулары **-ы, -і** — III жақ, **-мыз** — I жақ емес, біртұтас **-ымыз, -іміз**. Әдетте бір сөзге екі тәуелдік жалғау жалғанбайды, сөздердің соңғы дыбыстары дауыссыз болса — оларға жалғанатын тәуелдік жалғаулары «ы», «і»-лердің бірінен басталады. Осы бір қатал ережені білмеген кісі тәуелдіктің III жағы «ы», «і» болады дегенмен шатыстырып, өзгелерді теріс оқытады. Оның ішкі сыры білмегендік болса, сыртқы көрінісі — ұқсастық.

I жақтық тәуелдік пен жіктік жалғауларында да ұқсастық бар. Кейбіреулер бұл жалғаулардың өзара ұқсастығына қарайды да, синтаксистік қызметтерінің екі түрлі болатынын білмей қателеседі. Сондықтан соқыр тауыққа бәрі бидай дегендей, *біз бақыттымыз, біздің бақытымыз* дегендердегі жақ жалғауларын бірінің орнына бірін көрсетіп адасады. Олар алдыңғы сөйлемде баяндауышты бастауышпен байланыстырса, одан кейінгі сөйлемдегі (біздің бақытымыз) жақ жалғауы жалғанған сөзді ілік жалғаулы анықтауышпен байланыстырады, меншіктілік қатынасты білдіреді. Сондықтан екеуінің формасы бірдей болғанмен заты басқа, — екі түрлі жалғаулар тобына енеді.

Оларды солай түсініп, біліп талдаған кісі еш уақытта жаңылыспайды. Бұдан шығатын қорытынды — жалғаудың қандай жалғау екендігі оның синтаксистік байланыс қызметіне қарап ажыратылады.

Сол сияқты, бір сөйлем мүшесінің «тағдыры» басқа сөйлем мүшесімен синтаксистік байланыста тұру орайында шешіледі. Өйткені «сөйлем мүшесі» деген ұғым да, грамматикалық мағына да сөз бен сөздің синтаксистік қатынасқа, мағыналық қарым-қатынасқа енуі арқылы пайда болады. Ол қатынасы, ондай байланысы болмаған сөз жеке тұрып ешқандай сөйлем мүшесі болмайды. Сондықтан сөздер мен грамматикалық тұлғалардың сөйлем ішіндегі табиғатын дұрыс түсіну үшін оларды әр уақыт-

¹ Ш. Әуелбаев. «Қазақ тілі», 2-класс, Алматы, 1984, 66-б.

та жоғарыда айтылған байланыста, басқа сөздермен синтаксистік қатынаста қарастыру керек.

Сол талап сөйлем мүшелерін сұрақ қою арқылы талдауға да қойылады.

Тұлғалық ұқсастық кейбір септік, жіктік жалғаулар мен жұрнақтар арасында да бар, мысалы, *малды колхоз, малды айда, ол жиналысқа барды*. Бұлардың қай «-ды» екені тек сырт пішініне қарап емес, мазмұн, қызметіне қарап шешіледі. *Мен* жалғаулығын көмектес септіктің *мен* жалғауынан айыру да солай: мұнда *мен, бен, пен* зат есім мен зат есімді байланыстырса, ол бірыңғай мүшелер арасындағы шылау — бөлек жазылады; ал зат есім мен етістікті байланыстырса, — жалғау болғандағысы, өзі қатысты сөзбен бірге бірігіп жазылады. Бұл арада да сұраққа жүгінудің пәлендей қерегі жоқ.

Кейбір сөйлем мүшелерінің синтаксистік қызметі белгілі грамматикалық тұлғамен үйлес келеді. Мысалы, табыс жалғауы тура толықтауыштың, ілік жалғауы анықтауыштың, жіктік жалғауы баяндауыштың көрсеткіші ғана емес, — жалғанған сөздерін өздері қатысты сөздермен байланыстырудың синтетикалық амалдары.

Ол жалғаулар жалғанбай да, анықтауыш, тура толықтауыш кейде баяндауыш бұрынғы қызметінде жұмсала береді. Мұндайда синтетикалық байланыс амалының орнын аналитикалық байланыс амалы басады. Мысалы, бұған қарағанда сөйлем мүшелері грамматикалық тұтас қалпында оларға тиісті жалғаудың жалғанып айтылуы шарт емес, байланыс амалдары мен байланыс формаларының бірінде жұмсалуды шарт. Соңғылардың негізі — мағыналық сөз сөйлем мүшесі бола алмайды.

Грамматикалық талдауға жетік болу оқушының тіл мәдениеті жоғары болуына әсер етеді. Сөйлемдегі сөздердің қарым-қатынасын, байланысу заңдылығын жақсы білген кісі еш уақытта стильдік қате жібермейді, әр сөзді өз орнында, тиісті синтаксистік орамда, өзінің тізбекті тобында жұмсайды, сөйлем мүшелерінің қиын тауып дұрыс қыстырады, артық сөз қолданбайды, керекті сөзді шеттетпейді, байланысын дұрыс шегендеп, қерегінде шешендіктің, шеберліктің, көркемдіктің амал-құралы ете алады. Тілге деген сезімін күшейтеді.

Тілді білу тілдің заңдылығын білу дегенмен бір емес. Көп оқымаған қарапайым адамдар да ана тілін жақсы біледі деуге болады, бірақ заңдылықтарын біле бермейді. Жаңа заман өмірінің талабына ой жіберсек, совет азаматтары ана тілін барлық іс-әрекеттерінің мықты, өткір құралы ету үшін оны ата-ана дәстүрі бойынша жақсы білудің үстіне оның заңдылықтарына, тіл мәдениеті талаптарына жетік болуы керек.

III. СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ШЕШЕНДІК

1. ТІЛ ДАМУЫ

Тіл дамыту дегеніміз — адамдардың белгілі дәрежеде тіл байлықтарын игеру әрекеті, әдетте оның нәтижелері әр алуан болады. Өйткені әркімнің тіл байлықтарын қабылдау қабілеттері мен оған деген ықылас, талап-талпынулары түрліше болса, соған керекті жағдайдың кезінде жасала қоюы екіталай.

Баланың тілі шығып сөйлей бастағаннан кейінгі өмірінің бәрінде адамның қоғамдағы қызметі, орны, іс-әрекеті... айналып келгенде оның ой өрісіне, тілінің дамуына әсер етпей қоймайды. Оқушының тілін ширататын табиғи орталығы (семья, айнала) оқып-үйренумен, еңбек процесімен ұласып жатса құба-құп. Адамды адам еткен, оған тіл бітірген еңбек болса, келешекте де адамның дүниетанымын, ақыл-ойын, тіл жұмсау әрекетін кеңейтетін еңбек майданы оның саналы өмірінің мектебі болса, солардың бәрімен ұштасып жататын тіл дамытуды, ана тілін, орыс тілін оқытудың басты талаптарын орындау оқу орындарына — бастауыш, орта мектептер мен жоғары оқу орындарына жүктеледі. Іс жүзінде олай болмай жүр. Тек бастауыш мектеп программасында ғана оны «Оқу және тіл дамыту» деген тақырып бойынша қамтуға болатын сияқты да, онда тексті оқу мақсаты, қалай оқу керектігі айтылады. Ал тіл дамытуға тікелей қатысты талап — сөздердің орфоэпиялық нормаларын сақтап оқу ескерілмейді.

Сөз байлығын молайту, сөз тіркестерін, сөйлемдерді дұрыс түсініп, дұрыс құрай білу, жұрт алдында сөйлей білу, сөздердің орфоэпиялық нормаларын сақтап дұрыс оқу — қазақ тілі пәнін оқушылардың бәріне ортақ, бәріне тиісті талаптар.

Осы орайда тіл дамыту жұмыстары тікелей оқушының тіл мәдениетін арттыра түсуіне қатысты, олар өзара тығыз байланысты екенін естен шығармау керек.

Сөйлеу мәдениетінің жоғары формасы — шешендік. Бұл бір-бірімен сарап әуесқойларға емес, қазақ, орыс тілдерін оқушылардың бәріне, әсіресе студенттерге қойылатын талап.

Мектепте оқушыны шешендік өнерге жетектеу тіл дамытуда басталып, тіл дамытумен аяқталып жүр. (Шешендікке үйретудің одаң басқа да төте жолдары бар екені кейін айтылады). Мектеп өмірінде тілден оқушыларға берілетін білімнің ғылым негіздеріне онша мән берілмейді. Егер оған грамматиканы бас арқау етсек, оны бөлшектеп, шымшымдап оқыту жұмысын тіл дамыту мақсатымен байланыстырудың мәні зор, бірақ ол жеткіліксіз. Қазақ мектептерінде тіл дамытуды оқушының сөз байлығын молайту деп түсіну берік орын алған. Ол да, әрине, жеткіліксіз, біржақты талап екені тіл дамытуды грамматика сабақтарымен қалай байланыстыруға болатыны айқындалмағаннан шығар... Әйтеуір, қазақ мектептерінде қазақ тілін оқытудың методикалық нұсқауларында оған пәлендей мән берілмейді. Дұрысында мектеп оқушыларының тілін дамытудың ұласқан, ұйытқы кестелерін морфологияның сөз таптарын, синтаксистің сөз тіркестері мен сөйлем мүшелерін, сөйлем құрылысын т. б. оқытумен тығыз байланыстыруға әбден болады. Солар ғана емес, қалайда тіл дамыту әрекетіміздің нәтижесінде оқушы, студент ана тілінің сөз байлығын толық игеруге, тілдің фонетикалық және сөзжасам жүйесін жақсы меңгеруге, морфологиялық, синтаксистік тәсілдерді жақсы біліп, оларды практикалық тіл жұмсау дағдысында ұтымды, дұрыс пайдалана білуге тиіс.

Сондықтан да жоғарыда аталған ғылым салалары мен тіл дамыту арасында тұрақты, әрі табиғи байланыс та болуға тиіс. Мұны естен шығаруға болмайды: оқушы, студент грамматика-лексикалық тұлғаларды тек жаттап алатын догмаға айналдырмай, олардың мағыналық мазмұндарына қанық болуға тиіс. Сонда ғана оқушы тілдегі заңдылықтар мен ережелерді біліп, оларды күнделікті өмірінде дұрыс пайдаланумен қатар, олардың сөйлеудегі стильдік, экспрессивтік, эмоциялық, көріктеу, көркемдеу қызметтерін де түсініп пайдалануға тиіс. Бұл өскен-тен жаңа өмір мұқтажы деп білеміз.

Соларды жеке-дара мысалдар арқылы емес, шоғырланған тәнді, контекстер аумағында қарастырған жөн. Мысалы, мына мең жолдарындағы сөздерге морфологиялық талдау жасау нәтижесінде тіл дамытуға қатысты жайттар да сөз болуға тиіс:

Жаздың көркі енеді
Жыл құсымен,
Жайраңдасып жас күлер
Кұрбысымен.

(Абай).

Мұндағы «жаздың» сөзі ілік жалғаулы зат есім екенін білу үшін оны тәуелдік жалғаудағы зат есім «көркі» сөзімен тіркескен топта талдау керек. Бұл екі сөздің синтаксистік тіркес еке-

нін тани білу ілік, тәуелдік жалғауларын, олардың қызметтерін дұрыс түсінуге жол ашады. Сондай-ақ «жыл құсымен» көмектес жалғаудағы күрделі зат есім «енеді» деген келер шақтық етістікпен байланыста жұмсалған. Бұлардан басқа тағы мынандай тіркестер бар: *жас күлер, жайраңдасын күлер, құрбысымен жайраңдасын*. Соңғы тіркестер құрамындағы сөздердің де қай сөз табына жататынын, қандай тұлғада екенін дұрыс тануға жөн сілтейтін де — сөздер тіркесінің табиғи топтары.

Ал, тұтас алғанда, осы төрт жол өлең нені білдіреді?— Жаз айының жайдары, қызықты күндерін суреттейді. Оны неден білеміз?— оны түгел өлең шумағынан, әсіресе *көркі, жайраңдасын, жас күлер* деген сөздердің орынды қолданылуынан байқаймыз. Ал, *жыл құсымен* деген сөздер не үшін жұмсалған?— Жаз айының табиғи бейнесін жандандыру үшін жұмсалған. Осындайды оқушыларға білдіру оларды талдаудан талғауға жетектейді.

Жеке сөзді дара тұрған қалпында емес, оның сөйлем ішіндегі, сөз тіркесіндегі, контекстегі мағыналарын, грамматикалық сыр-сипатын дұрыс тану арқылы олардың эмоциялық, экспрессивтік т. б. қызметін, мәнін тани білу тіл дамытудың, оқушының тіл мәдениетін көтерудің, ой өрісін кеңейтудің негізгі шартының бірі.

Әрине, бұл мақсатқа жетудің жолы ұзақ болуы мүмкін. Әдепкіде оңай мысалдардан басталған талдаулар жүре-бара күрделеніп, тілдің морфологиялық, грамматикалық модельдерін танып, саналы түрде оларды бөлшектей алған оқушы-студенттер ана тілін оқып-үйренудің, алған білімін баянды етудің төте жолына түскен болады.

Мектеп грамматикаларында талдауға, жаттығуға берілетін дидактикалық материалдар, әсіресе, дыбыстар заңдылығына, сөз тұлғаларына жеке сөз, жеке сөз тіркестері, жеке сөйлемдер түрінде көбірек берілетіні бар. Олардың да тіл дамытуға қатысы жоқ емес. Солай болу үшін олар да таңдамалы, сөйлемдері «ат шабады, ит қабады» сияқты болмай, мазмұнды, көркем әрі сабақ тақырыбына сай болуға тиіс.

Белгілі грамматикалық талдауға, жаттығуға, кейде тақырыпты түсіндіруді тікелей талдаудан бастау үшін әдеби тілден алынған текст тіл дамытуға қызмет ететіндей болуы үшін жатық тілде жазылған, сауатты, оқушыға тілдік және эстетикалық тәрбие беретіндей мазмұнды болуға тиіс. Оның себебі, ұтымды үзінділер, алдымен, оқушының тіл мәдениетін жақсартуға, тілдік нормаларды дұрыс танып, соларды өнеге-үлгі етуіне үлкен пайдасын тигізеді, оқушы тілдің өзгеге етер әсерлі күшін дұрыс сезінетін болады. Екіншіден, үзінді-текстерді талдау оның мазмұнын, адам ойының жалпы құрылысына тілдік

тәсілдердің қатысты екенін, грамматикалық тұлғалар мен грамматикалық құрылыстың олармен тығыз байланысты екенін аңғартады; үшіншіден, ұласқан текстер арқылы оқытушы мектеп оқушыларына білдіретін грамматикалық, лексикалық, стильдік білімдерін баянды ете отырып, оларды дұрыс сөйлеуге, дұрыс жазуға үйретеді, оқушының тілдік шеберлігін, шешендігін ұштайды. Мысалы В. Песковтың Юрий Гагарин туралы жазғанынан мына үзіндіні V класта өтілетін «Есімдіктер» деген тақырыпты өтуге талдау материалы етуге болады:

«Ол біздің арамызда өсті. Бізбен бірге жұмысқа барды, бізбен бірге бақтағы орындықта отырды, бізбен бірге суға шомылды, гүл терді. Басқалар қандай болса, ол да сондай, сондықтан оны біздің Гагарин деп мақтан етіп, қуанып қастерлейміз.

Біздің. Совет елінің. Бізге дос емесер сыпайылық білдірген болып, оның жолы болыпты деп таңданды: «орыстар кімді жіберуді білген, кімді қалауды білген». Ал бізге Гагаринді таңдап алу қиын болған жоқ. Гагарин, Петров, Иванов, Сидоров... бұлардың бәрімен біз біргеміз. Біз өзіміздің кім екенімізді он жетінші жылы көрсеттік. Бізге дос емес жандар бізді, коммунистерді, мүйізді адамдар сияқты деп түсіндірді. Енді жер бетіндегі адамдар коммунистің, совет азаматының жарқын жүзін көрді, олар бұл адамға сүйсініп құшақ жайды, қол шапалақтады, гүл тартты».

Осы үзіндіні былай талдауға болады:

Әңгіменің тақырыбын қалай атауға болады? (Бірінші совет космонавты Ю. А. Гагарин туралы). Оның негізгі мазмұны қандай? (Совет азаматының даңқын көтеру). Текст автор тағы қандай ойды қазбалап айтқан? (Гагариннің жайдары, қарапайым совет азаматы екенін аңғартады). Оны қандай сөздер арқылы білдірген? (*Ол, бізбен, ол да, біздің* деген есімдіктерді қайталау арқылы білдірген).

Әрі қарай Гагаринге деген сүйіспеншілікті автор қалай көрсеткенін айтуға, есімдіктердің грамматикалық мағыналарын айқындауға болады. Осындай талдаулардың нәтижесінде бала оның мазмұнына, тілдік ерекшеліктеріне қанық болады.

Оқушылар мен студенттердің тіл мәдениетін арттырып, тіл мүкестіктерін жойып, өнегелі өнерлік жақтарын дамыта түсу керек. Грамматикалық тұлғаларды, орфографиялық ережелерді жаттатудан олардың ой өрісі кеңеймейді, қайта топастанады, тілі дамымайды. Егер олардың мән-жайын түсініп «жаттаса», өздері соларды дұрыс түсіндіре алса, «керемет» сонда болады! Ол үшін, оқушы көсіліп сөйлеуге, сөздерді орынды қолдануға, текстерді түсініп оқуға, өлең-жырдың жақсы үлгілерін жатқа айтуға тиіс. Сонымен қатар олар жиын-топ арасында болып,

жақсылардың сөздерін тындап, радио, телевидение, кино, театр арқылы айтылып жатқан жатық сөздерге құлақтарын тосуы керек.

Солардың бәрінің тілдік тәрбиеге қызмет ететіні шүбәсіз. Сөзді дұрыс айтып, дұрыс жазуға дағдыланбаған қазіргі жастардың көбі олардың парқып айырмай, қалай айтылса солай жаза салады, не керісінше, қалай жазылса, солай айта берседі. Бұлардың арагідік бірдей болатын да, болмайтын да кездері кездеседі. Оны мына сияқты сөздерден байқаймыз:

А й т ы л у ы	Ж а з ы л у ы
қыз, қобыз,	Шәпиғыз, Шаңғобыз, Сүршағыз
ғызы (бір ғызы)	Аққұмның бір қызы бар
көз, Қали, ақ	Айнамгөз, Бейсенғали, Ағаиша
Жаңғабыл, ауышша	Жанғабыл, ауышша

Тілдегі әр алуан, кейде шатқаланды жайттарды дұрыс танып, олай болудың себептерін шама-шарқынша түсіндіре білу, олар жайында өзгелермен пікір алысу да жастардың ой өрісін кеңейтеді, тіл байлықтарын дамытуға әсер етеді. Сөйлей білген ойлай біледі, сөйлесе алған өзгелермен үйлесе алады.

Сөйлеушінің мазмұнды ойы дұрыс айтылуы керек. Бұл талап артистерге, дикторларға, лектор, баяндамашыларға ғана қойылмайды, барлық қауымға, әсіресе тіл мәдениетіне ден қойған адамдар алдына қойылады.

Барлық адамның сөйлеу мүшелері, тынысы, күш-қайраты бірдей болмайтынындай даусы да әр түрлі болады: сөйлеу әуені, даусы ашық, айқын; дауыс тембрі төмен, күңгірт, қырылдауық, гұтықпа, кекеш те болады, кейбіреулер тілін шайнап сөйлейді. Бұндай кемшіліктер патологияға жатпаса, тез арада дұрыстатылып та кетеді.

Үндс, әуенде эмоциялық бояу болуы керек. Ол болмаса жуан дауыс, қатты шыққан дауыс бос шелектің түбін темір көсеумен төмпештегендей дөрекі естіледі. Нәзіктік болмаған дыбыстауда эстетикалық күш-қуат болмайды. Сол үшін сөйлемнің тұр-тұрпатын, мазмұнын, сөйлемдегі әрбір сөздің сол мағына-мазмұнға қатысының қандай екенін жақсы білу керек. Бұлар диктордың ғана емес, жұрт алдында сөйлеушінің бәрінің тіл мәдениетінің қандай екенін көрсетеді.

Күнде көріп жүрген адамдардың жүзі ғана емес, даусы да үйреншікті, таныс болады. Сондықтан телефон арқылы сөз қатқан кісінің даусын естіп-ақ оның кім екенін айтпай танимыз. Солардың ішінде сылдырлаған, сыңкыл қаққан әдемі, нәзік, қоңыр дауыс естілсе, ол құлағыңа жағымды болады, ал даусы қырылдақ, тұтық, солғын, сылбыр, әуезсіз... болса — тындаушы-

ның көңіліне дық түсіреді. Қысқасы, бетпе-бет, алыста тұрып сөйлескен, сөзін тыңдаған адамның, басқасын былай қойғанда, бір даусының өзінің эмоциялық әсерінің ерекше екенінде күмән жоқ, олай болса, сөйлеуші адамның даусы — сөйлеу музыкасы. Ол дауыс өленді оқу, өлең айту қалпында емес, жай сөйлесу қалпында құлаққа жақсы естіліп, қарым-қатынас құралына айналса, онда тыңдаушының қабылдау әрекетіне көмектескені, сөздердің, сөйлемдердің мазмұнына лайық айтылған пікір, егер дұрыс айтылса, эмоциялық күші арта түседі.

Жазғанда, оқығанда адамның эстетикалық қабылдау сезімі жұмыс істейді, бірақ басқаша жолмен, сөйлеуде — есіту, құлақ ерекше қызмет атқарса, сөйлесуде есіту, көру сезімі, көз ерекше қызмет атқарады. Осы үшеуінің басын құрастырып сөйлеушілер — шешендер. Көп жерде сөйлемдегі сөздердің аз не көптігінің сандық өлшемінен гөрі солардың дұрыс айтылуы шешуші роль атқарады. Соған лайық сөйлемнің әрбір түрінің, олардың бөлшектерінің құлаққа қонымды музыкалық сазы болады. Мысалы, мына сөйлемдерді құбылтып айтып көріңдерші.

1. Жасымда ғылым бар деп ескермедім. 2.-Ауылдың жаны — ерең сай, Тасыған өзен күрілдеп. (Абай.). 3. Жомарттың жосқарын Жанат сегіз күн ұстады. (Ғ. Мұстафин.). 4. Мыңнан аса қылқыны үш-ақ адам бағып жүр еді. (Ғ. Мүсірепов.)

Пуччинидің «Чио-Чио-Сан» операсындағы мадам Баттерляйдің ариясы мұнды. Е. Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсындағы жоқтау әні тыңдаушылардың жан жүйесін босатаыны мәлім. Абайдың «Көзімнің қарасы», Қ. Аманжоловтың «Өзім туралы» деген әндері тыңдаушыларының көңілін босатай қоймайды. Олардың ондай әсерлілігі тек музыкалық ырғақта емес, сонымен үйлесімді, мазмұнда өлең жолдарында да бар. Ол туындыларды тек өлең қалпында, не тек музыкалық өнер қалпында тыңдасақ, онша әсерлі болмас еді.

Әр алуан осындай тұтастық шыңына көтеріліп, «құлақтап кіріп, бойды алған» өнердің түп тамыры тіл жұмсау дағдысында жатыр: ойымызды сөйлемдегі сөздердің, түгел сөйлемнің білдіретін мағынасымен ұштастырып, өз әуенімен келістіріп айтсақ, ол сөйлемдердің қиюы табылып, жымдасып ерекше мән-мазмұнға ие болады, әрі әсерлі болады.

Жазғаның, жұрт алдында сөйлеген сөзің ішінара күлкіне, әуіне қозғау салмаса, қанша мазмұнды болғанмен, тартымды шықпайды, оқушыны, тыңдаушыны жалықтырады. Жалыққан адам тез шаршайды. Қісіні шаршататын сөз көмескі болады. Дйға қозғау салмаған көмескі, күңгірт сөз — тіл мәдениеті төтен адамға тән. Тартымды сөздің тірегі — тіл байлығы. Ол хаық даналығымен әуендес болу үшін мақал-мәтелді, тұрақты

тіркестерді, өткір теңеуді, әсірелеуді, қанатты сөздерді жиі әрі орынды жұмсауды керек етеді.

Соның бәрінде қақалмай, шашалмай, көсіліп, еркін, жатық сөйлеуге не жетсін? «Тіл дамыту» тек бастауыш мектеп программасы бойынша оқытылады да, орталау, орта, жоғары оқу орындары программаларында атымен жоқ, онда да «Қазақ тілін» оқытуға арналған сағаттың бестен бірі тіл дамыту жұмысына жұмсалады»¹.

Оған қойылатын талаптар мыналар:

«Тіл дамыту ой дамытумен тығыз байланысты болады. Оқушылардың ауызекі тілін дамыту үшін, ең алдымен, олардың сөздік қорын байыту керек, екіншіден, әдеби сөйлеудің нормасын, сөйлемдерді дұрыс құрауды үйрету қажет, үшіншіден, ойларын байланыстырып айтып беру дағдылары мен шеберлігін қалыптастыруға назар аударған жөн»². Көп жылдан бері осы талап-нұсқаулар әлі өзгерілген жоқ. Мүмкін, бастауыш мектеп оқушылары үшін олардың сөздік қорын байыту, әдеби тіл нормаларын сақтап сөйлеу, ойын айтып бере алу, негізінде, жеткілікті де болар. Бірақ солармен тіл дамыту баланың барлық өмірімен тиянақталмайды. Адам тіл мәдениетіне жетік болу үшін барлық саналы өмірінде ана тілінің түпсіз терең, әрі бай мүмкіншіліктерін игеруі тиіс.

2. ШЕШЕНДІКТІҢ СИПАТТАМАСЫ

Шешендік — ой-пікірді тыңдаушыларға айқын, анық, әсерлі етіп айту (жазу) шеберлігі. Сөйлесудің, сөйлеудің әдеттегі қарапайым қызметі пікір алысу, өзгелерге сөйлеушінің ой-пікірін білдіру болса, шешендік трибунасына шыққандар нәрлі, тартымды сөздер арқылы тыңдаушылардың сана-сезіміне әсер етуді көздейді. Ол үшін ұшқыр ойлы адамның әсем сөз кестелерін пайдаланып, бар ынта-жігермен айтқандары объективті шындық, дәлелді болуға тиіс. Алдамшы, көзбояу сөздер де өзінше нақышты, біршама тартымды болуы мүмкін. Бірақ ондай бөспе, жел сөздер көңілден жай таппай, тез ұмытылады. Өзгелерді ойландыратын, көңілге қонымды, мазмұнды, дәлелді ой-пікірлер шешендік сөз орамымен, өтімді әуенмен ұштасып шындалған болса, құлақтың құрышын қандырады, адам жүрегінің түкпірінен орын алады, көпке дейін ұмытылмайды.

Көпірме бос сөзге әуес, буржуазияның мұңын мұңдаған,

¹ И. Ұйықбаев. «Оқушының ауызекі сөйлеу мәдениетін жетілдірейік» «Қазақстан мектебі», 1975, № 2, 40-б.

² Бұл да сонда.

жоғын жоқтаған шешендерді К. Маркс пен Ф. Энгельс қатты сынайды. Сондайдың бірі Дадли Стюартты олар былайша жермен-жермен етеді: «Аспапқа ұшырған шар сияқты бұл көбігін шашқан фразаларды егер сығымдап қысып жіберсең, қолыңда түк қалмайды, тіпті ауа да қалмайды...»¹.

Жұртқа қарап сөйлеуші, оған арнап жазушы тілінің қалай болуға тиіс екенін В. И. Ленин былай көрсетеді: «Көпшілікке ұғымды жазушы ойланбайтын, ойланғысы келмейтін немесе ойлана білмейтін оқушыға жазып отыр екенмін деп санамайды,— қайта жетілмеген оқушының ойлап істеуге шын ниеті бар екен деп санайды да, осы байсалды, ауыр жұмысты істеуде оған көмектеседі, оған алғашқы адымды жасауға көмектесіп, өздігінен ілгері басуға үйретіп, оны алға жетелейді»². Демек, насихатшы белгілі бір саяси мәселе жөнінде тындаушының білімін көтеріп қана қоймайды, сонымен бірге ол оны өзге де мәселелерді оқып үйренуге жетелейді.

Насихатшылық өнерде В. И. Лениннің қызметі үлгі-өнеге. Ол өзінің де, Коммунистік партияның да сан алуан қызметін, педагогиканы терең білді және оны іс жүзінде, халық алдында сөйлеген кезде аса шебер қолданып отырды. Н. К. Крупская В. И. Лениннің насихатшылық шешендігін айта келіп, ол аудиторияны еркін билеп алатын, оның білгісі келген мәселелерін егжей-тегжейлі талдап беруге тырысатын, дейді.

Әркімнің ана тілін білу дәрежесі қаншалықты аумалы-төкпелі болса, оның даму заңдылықтарын маман емес кісіге біліп түсіну — одан да қиын. Сондықтан ондай жүк кез келген тіл жұмсаушыларға емес, оқып үйренген тіл мамандарына жүктеледі. Соның өзінде тіл жұмсау тәжірибесі мол адам тіл құрылысы жұмыстарынан шеттеп қалған емес. «Шабан тіл ғылымын зерттеуші» деген сияқты өрескелдікті елемегенде, тіл білімінен хабары бар журналистер мен жазушылардың, мұғалімдер мен басқа да интеллигенттердің әдеби тілді дамытуға, оның өмірлік (мысалы, алфавит, орфография, тіл мәдениеті) мәселелерін дұрыс шешуге көп үлес қосқанын білеміз. Олар оқтын-оқтын республикалық газеттер беттерінде жарияланып келді. Негізгі тілдік материалдар — халық тілінің байлықтары (сөздер, фразалар, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, грамматикалық құрылыстар) және солардың негізінде жасалған теңеу, әсірелеу, метафора сияқты көркемдеу амалдары мен ерекше қыбын тауып, шебер қиюластырған сөз тіркестері және сөйлемдер. Тек солар ірқылы әрі жатық, әрі нақышты, өзгелер бірден түсіне қоятын

¹ К. Маркс и Ф. Энгельс. Соч., т. 9, стр. 283.

² В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 5-том, 390-б.

сөз кестелерін тіл шеберлігіне арқау еткенде ғана жұрт ықылас қойып, сүйсініп тыңдайтын болады.

Осылардың бәрі тіл шеберлігінің жалпы сипаттамасы болса, сөйлеу мақсатының орайына қарай оның мазмұны, оған қойылатын талаптар әр түрлі болуы мүмкін. В. И. Ленин жұрт алдына шығып сөз сөйлейтін насихатшылар мен үгітшілердің тіл жұмсау шеберлігіне мынандай талап қояды: «Әрбір насихатшының және әрбір үгітшінің шеберлігінің өзі де сонда, сол өзі сөйлеп тұрған аудиторияға барынша ықпал жасай білуде, ол үшін белгілі ақиқатты мүмкіндігінше неғұрлым дәлелді, мүмкіндігінше оңай түсінілетін, мүмкіндігінше көрнекі және есте берік қалатын ете білуде»¹.

Шешеннің сөзі өтімді, әсерлі болуының бір шарты — оның кім, қандай адам (атақты, беделді) екендігі, тұр-тұрпаты келіскен сүйкімді ме, киімі өзіне жарасымды ма, сырт пішіні (шашы сақал-мұрты, тазалығы) көз тартатындай ма, — осылардың бәрі шешеннің ерекше айтылмаған кіріспе сөзі сияқты. Олпы-солпы киінген, сақал-мұрты өскен, шашы таралмаған, жағасы кіркір, шалбары, көйлегі, галстугі умаждалған кісі жұрт алдына шыққанда, тыңдаушылардың оған сенімі, құрметі, айтар сөзіне ықыласы мүлде басқаша болады. Тыңдаушыларына немқұрайды қарау — айтар сөзіне өзі де онша мән бермеудің белгісі. Іштей, сырттай жинақылық — мәдениеттіліктің, ойшылдықтың белгісі. Бұларды елемейтін кісі бұл айтылғандарды лекция, баяндама алдындағы дайындық деп білмейді.

Біз ана жылы марқұм Т. Тәжібаевпен Жамбыл қаласына бардық, қарсы алғандардың ішінде облыстық газет қызметкері бар екен:

— Кешегі телефон арқылы келісіміміз бойынша журналистер қауымы сіздің лекцияңызды тыңдауға жиналып отыр, — дегеді, Төкең: — Жарайды, сәл дайындалып алайын, — деп қонақ үйге кіріп кетті. Біз әдеттегідей сөйлеу алдында кітап, қағаз конспектіге көз жүгірту болатын шығар десек, олай болған жоқ дереу киімдерін ауыстырып киіп, сақал-мұртын қырып:

— Мен дайынмын, — деген болатын. Былайша да сыпайы келбетті кісінің тартымды әуені мен мазмұнды сөзіне киген киімі, сырт пішіні, сөзінің сазы үйлесімді екені, тыңдаушылары қадір тұтып сөйлеп тұрғаны байқалды. Тыңдаушыларына немқұрайды қарамайтынын, сөйлеушінің тәкаппар еместігін жұрт алдында өзін ұстай білуінен, тұр-тұрпатынан тез байқайтын журналистер академик Төлеген Тәжібаевтың баяндамасына баянша ден қойып, ықыласпен тыңдады. Сол жолы Жамбыл қа

¹ В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 21-том, 24-б.

тасындағы біз оқыған педучилищенің басшылары студенттермен кездесуге шақырды. Олар бізді училище түлектері деп мақтан етіп, құрметтеп қарсы алды. Төлеген Тәжібаев ұзыннан-ұзақ созылған залға жиналғандар үшін, қағазға қарамай-ақ өте дәмді сөз сөйлеп шықты. Мен де сөйледім. Сөз арасында «менен гөрі сендерге Төлеген Тәжібаев жақын: ол осында оқу бітіріп, оқытушы болып қызмет атқарған, училищенің қызына үйленген. Сондықтан ол біразына күйеу бала, біразына кезде болады» деп қалжыңдап едім, жұрт ду күлді. Төкең де күлді...

Осындай күлкілер тындаушылардың көңілін көтеріп, сергек ететінін жұрттың бәрі біледі. Сондықтан ондай артық айтылған сөзге жұрт кешірім жасайды.

Әр шешеннің өзгелерден өзгеше сөйлеу мәнері, тартымды келбеті бар дегеннің өзінде, өзін өзі қысаң қыспақта ұстамай, еркін-еркін біліп сөйлейтін кісінің бәрі әлгі айтқандарды естен шығармауы керек.— Сонда, немене, лектор, үгітші, баяндамашы... артист те болуы керек пе? деушілер бар.

— Рас, лектор актер емес, бірақ онда актерлік қабілет болса, оның шешендік дәрежесіне ешқандай нұқсан келмейді, қайта сөзі өтімді болады. Әрине, олардың бәрі айтылатын ойдың мазмұнына лайық өлшеніп пішілуге тиіс.

Ел ішінде жекелеген сөздерді, тұлғаларды ғана емес, сөз тіркестерін де, сөйлемдерді де тұтамдап, кейбір сөздерін «жұтып қойып» сөйлей береді. Сондайға ертегі, батырлар жырларында кездесетін сөйлеу тілі үлгілері, диалогтар мысал болады. Елдегі қарапайым қазақтар ғана емес, қаладағы интеллигенттердің сөйлеуінде «Вечерняя Алма-Ата» — *вечерка*, метрополитен — *метро*, «Социалистік Қазақстан» — *СК*, қант қызылшасы — *қызылша*, Орталық Комитет — *ЦК*, партия комитеті — *партком* түрінде айтыла береді. Қалыптасқан аббревиатуралар, қысқарған (обком, колхоз, совхоз) сөздер болмаса, әдеби тілде әлгілердей атаулардың толық түрі жазылады.

Ал күмілжіп, «аузынан сөзі түсіп» сөйлейтін «жарымжандардың» тілдің берекесін кетіріп; «басын жарып, көзін шығарып» сөйлеуін әдеби тілге үлгі етуге болмайды.

Сөйлеу стилінің екі түрі бар: әдеби түрі, әдеби емес,— қарапайым түрі. Осыны естен шығармау керек. Уытты, өткір сөздің бәрі — мақал мен мәтел.

— Баласыз үй — панасыз үй.

— Балалы үй — базар, баласыз үй — мазар.— Баланы жасқан...

Қазақ тілінің сөйлеу стилінде сөздерді тұжырымдап, қысқар-

тып жұмсау жиі кездеседі. Сығымдап, үнемдеп шолақ қайырудан сөз мағынасына, ойға пәлендей нұқсан келіп жатпаса, көзбе-көз, ауызба-ауыз сөйлесу жағдаяты көтеретіндіктен, ондайдың сөкеттігі жоқ. Бірақ әдеби тіл нормаларын сақтап сөйлеген дұрыс.

Сөйлеу тілінде сөз мағынасына «зақым» келмеген орайда, оның дыбыс, буын құрамы тұжырымдалып, қысқартылып айтылады ғой деп: *трамбай кемеді* (келмеді) *ғой, ақшаны амады* (алмады), *бергенін аласапты* (ала салыпты), *көресап жүгірді* (көре салып...) деу дұрыс емес. Сөйлеу стилінің жоғарғы формасы — шешендіктің негізі — тереңнен толғайтын өткір тіл, сөйлеп-сөйлеп шешендікке жете алмаған кісінің айтатын ойы күрделі, уақиғаның алды-артын қамтитын мазмұнды болмауы мүмкін. Соның бәрінде сөйлеу әр уақытта сөйлесу жағдайында өтеді: дауыс ырғағы, екпін, қимыл, ым, нұсқау, қол сілтеу, көз қысу, бас изеу, күле, ызалана... сөйлеу, бәрі — ойды дәл, жеткізе айтудың қағазға түсе бермейтін қосымша амал-әрекеттері. Тыңдаушыға сөйлеушінің не айтқаны ғана емес, қалай айтқаны да қымбат. Сондықтан хат, телефон, радио арқылы, алыста тұрып сөйлескеннен де ауызба-ауыз, бетпе-бет сөйлескеннің артықшылығы да бар. Кейбіреулердің жаратылысында қырылдауық, кекеш, шіңкілдек, тұтықпа сияқты табиғи кемшіліктері болса, оларға күлуге болмайды. Бірақ сөйлеуде әрбір сөз, сөз тіркесі, сөйлем, қаратпа, қыстырма сөздер, мақал-мәтелдер, фразалар мен қанатты сөздер айтылған ойға қатысына лайық тиісті әуенмен, ырғақты үнмен дәл, анық айтылуға тиіс. Оның орнына ежіктеп, күмілжіп, қырылдап, кекештеніп айтылған сөз әсерлі болмайды.

Кезінде шешендікке әбден ықыласы ауған Демосфен атақты шешен болу үшін өз бойындағы табиғи кемшілігінен арылуға тырысқан екен. Ол кемшілігі — жастайынан тұтықпа болыпты. Басқаларға бұл елеулі кемшілік дұрыс сөйлеуге кесірін тигізер еді де, олар жұрт алдында сөйлеуге арланып, шешендікті тастар еді. Ал Демосфен олай етпеген, сөйлеу мүкістігінен арылу үшін аузына ұсақ тастарды толтыра салып алып, күнде екі сағат геңіз жағасында жүреді екен. Содан оның тұтықтығы тарқап, дұрыс сөйлейтін болыпты. Жан-тәнімен жақсы көретін іс-әрекетінің атар таңына ерінбей осылай қол созған, жанын қинап, бойында бар кемшілікті жоюға тырысқан адам атақты Демосфен сияқты жайсаң болмағанмен жұрт алдына шығуға ұялмайтын азамат болады.

Шешендікті марксизм классиктерінен, атақты жазушылардан үйрену керек. Мұхтар Әуезов жас кезінде-ақ сөз қадірін білетін шешен болған көрінеді. Оның жайсаң сөз шебері екенді-

гін алғашқы еңбегі «Қилы заманнан» байқауға болады. Ғабит Мүсірепов онымен 1929 жылы Қызылордада кездесуі туралы мынандай пікір айтады: «Мұхтар қолма-қол теңеу тауып, бейнелеп сөйлейді екен. Жаттанды, жасандысы жоқ шешен екен. Бірден бас иіп қалдым»¹. Мұхтар Әуезовтің осылай жаттанды, жасандысы жоқ, бейнелі сөз шебері екендігі оның өмірінің соңғы жылдарында да тыңдаушыларын қатты тандандыратын. Университет аудиториясында, басқа да жиын-топта Мұхтар Омарханұлының қағазға қарамай, мүдірмей, еркін сөйлеген мазмұнды, нәрлі сөздерін талай рет тыңдаған болатынбыз. Оның айтқандары өзінің кең кеудесі мен ақыл-парасатының нышаны — биік, жазық мандайына біткен табиғи қасиеті сияқты еді. Ол асқақ ойлы, кең тынысты сөздерін мүдірмей сөйлеп жатқанда, тыңдаушылары құлақтан ұрған танадай жым-жырт отырып тыңдайтын. Мысалы, студенттер оның лекциясына бар ықыласымен ден қоятын, сөзінің терең мазмұнды, ойлы екенін оның тіл мәдениетінің жоғары болуынан, тіл байлығының молдығынан деп түсініп, өздері де солай, мұхтарша, сөйлеуге талпынатын. Бірақ тыңдаушының бәрі дарынды шешен бола ала ма? Болмаса да ұқсап бағушылар, тек университет қабырғасында, мысалы диплом қорғау тұсында емес, ел арасындағы өздерінің практикалық жұмыстарында шешен сөйлей алу үшін де Мұхтар Омарханұлы Әуезовке еліктеуді естен шығармаған.

Мұхтар Әуезовтің жайдары, жайсаң шешендігінің күші кісіні таң қалдыратын. Ол қоғам өмірінің мән-жайына қатысты әр алуан мәселелерді тартымды етіп сөйлеуге де, ұнатқан адамын көкке көтеріп, алақанына салып аялауға да, ұнатпағандарын жер-жебіріне жетіп, жермен-жексен етуге де тілі жететін сөзшен адам болатын. Жиын-топта, бетпе-бет кездескенде аса тартымды сөйлейтін жазушы, қоғам қайраткерлерінің бірі — Ғабит Мүсірепов. Ол — сөз қадірін жақсы білетін сөз шебері, оның сөзі дәлдігімен, мәнділігімен тартымды. Шешен алып-ұшып алқынбай, асып-саспай, байсалды баппен сөйлейді. Соның өзінде оның әрбір сөзі сылап-сипап бәйгеге қосқан аттай екпінді, оқи алаңының алдыңғы шебінен шашау шықпай, бірімен-бірі жарыса қатар шауып келіп тынышталады.

Кейбіреулер салмақпен ширақ сөйлеп, ә дегенде, тыңдаушыларын аузына қаратады, бірақ айтқандарында пәлсіндей шындық болмаса, не көзбояу «шыншылдық» болса, ондайлар сыртты сұлу үйреншікті фразаларды, жасанды, жасық сөздерді көп қолданады. Мұндай сөзүарлық есте қалмайды, тез ұмыты-

¹ Ғ. Мүсірепов. «Дәстүр мен жанашылдық». («Соц. Қаз.», 12 февраль, 1978).

лады. Ал Ғабит Мүсіреповте мұның бірі жоқ. Ол өтірікті шын-дай, шынды құдай ұрғандай етіп айтуға жаны қарсы. Барды тек бар қалпында емес, ұтымды, сергек, жаңа ғана көз алдын-нан өткендей етіп сөйлейді. Сондықтан оның шешендігі — жай-дары, жайсаң шешендік.

Шешендік кісінің маңдайына жазылып қоймайды. Сөз өнері-не әуестенген жастың «көкірегі сезімді, тілі орамды» болуы үш-ін тек тықылдаған тілі мен жағына сүйенбей, көп оқып үйренуі, өзгелермен сөз жарыстырып сынға түсуі керек. Өзіне өзі емес, өзгелер төреші болғаны жөн. Жеңіс алаңына шыққан палуан-дай, майданға шыққан батырдай, шешен де саяси-әлеуметтік жағдайда жұрт алдына шығу кезеңінде сыналады. Қазақ «ба-тырсынған жігіт жау келгенде сыналатын болса, шешенсіген жігіт дау келгенде сыналады» деп бекер айтпаған болар, бірақ шешендік қазір дау үстінде ғана сыналмайды.

Қазіргі заманның сөйлеу алаңы да, шешендік майданы да бұрынғыдан мүлде басқа.

Жаңа өмірдің жаңалығы көп, соның бірі — сөз қадірінің артуы. Ертеде ел арасының дау-жанжалы... найзаның ұшымен, сөздің күшімен шешілетін, енді халықтардың барлық іс-әрекеті қаламның ұшымен де, сөздің қажырлы, дүбірлі күшімен де ұла-сып жататын болды. Оның майданы — пленум, конференция, съезд, сессия, совет, мәжіліс, жиылыс, жиналыс, митинг, өнер-білім аудиториялары... Солардың трибуналарында сөйлейтін кісілерді бұл күнде шешендер деп атайтын болды. Солардағы аталы сөздердің мөлдір бұлақтай негізгі арналары — марксизм-ленинизм идеялары, компартияның программалық қаулы-қарар-лары, білімдінің сөзі де өтімді.

Білегі жуан бірді жығады, білімі толық мыңды жығады.

Біліміден шыққан сөз...

3. ШЕШЕНДІКТІҢ ШЕЖІРЕСІНЕН

Тілдің қарым-қатынас жасау құралы болу тарихында ерекше қоғамдық күш алатын кездері болады: ол тілді жұмсаушылар-дың жазуы, пәлендей басқа да әсерлі құралы жоқ не тапшы ке-зінде, аталы сөздің күші ерекше болды. Қайғы-қасіретке душар болғанды сөзбен жұбатуға, дау-жанжалды сөзбен бітіруге, жау-ды найзаның ұшымен де, сөздің күшімен де жеңуге болатынын білген адам сөзді қадір тұтпай, оған тәжім стпей тұра ала ма? Таяқ еттен өтетін болғанда, сөз, тіпті, сүйектен өтеді деп түсін-ген елге қарсы дау айтуға бола ма? Сөз өнерінің сондай таби-ғи күшін сезіп білген халық оны «өнер алды — қызыл тіл» деп түсінген.

Сондай өнер қазақ халқы өмірінде аса зор қызмет атқарды. Сондықтан оны былай белгілейді:

Қас жүйріктің белгісі
Құйрығынан алдырмас,
Қас шешеннің белгісі
Топтан тұяқ шалдырмас.

Қазақ өмірінде сөз қадірін білудің тетігі — халықтың парасатты ойшыл екендігі, сөздің бейбітшілікке, әділеттікке қызмет еткендігі. Ертеде жұртты аузына қаратқан ел басқарушылар, ру, тайпа ақсақалдары әділеттігі, даналығымен ел-жұрт қамын жеп, білектің күшімен ғана емес, сөзінің күшімен беделі артып, жұртқа өктемдігін жүргізді. Ел арасында дау-жанжал, талан-тараж, ұрыс-төбелес, басқыншылық күшейген кезде, сөз алыптары — билер мен ру басы ақсақалдар тарих сахнасында ерекше қызмет атқаратын болған. Олардың қатары толығып, беделінің аузынан шыққан өнегелі сөздері адамдардың моральдық-этикалық өміріне қызмет ететін болды; олар мақал-мәтел, өсиет, нақыл түрінде жұртқа тарады. Бара-бара сөз дүкенін құрушылар — ақын-жыраулар, сал-серілер той-тамашаның мәдени өкілдері болды. Сол кездерде «кейбір ақын-серінің бір сөзі көшпелі театрдың, концерт коллективінің қызметін атқарды»¹.

Солардың сөз өнері — шешендік деп танылады. Ертеде тіл, фольклор, музыка, ойын-сауық бәрі қазақ өмірінің де ұласа тұтасқан өнері болған. Олардың әрқайсысының өнер қызметінде дербес өмір сүруін тек өзара байланыс орайында ғана тануға болады. Сондықтан ертедегі тіл өнерін қазір тарихи категория деп қарап, оны әдебиетшілер фольклордың бір түріне жатқызады, ал ертедегі музыка өнері фольклорлық музыка деп танылды. Бұл олардың өзара тығыз байланыста болғанын көрсетеді.

Қ. Жұбанов «Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы жөнінен» деген мақаласында «Алғашқы искусство орындарының бәрі де синкретизм түрінде бірімен-бірі қабаттасып жүретін»² деген пікір айтады. Соған ән мен күйдің «ертеде біртұтас бола жүріп, кейін күйдің әнінен, дауыс қосылып айтылатын сөзден бөлініп, бөлектеніп»³ шыққанын дәлел етеді. Дәл сол сияқты болмағанмен, ертеректе фольклор мен ауызекі сөйлеу тілінің жоғары формасы — шешендік сөз тұтасып, олардың тіл өрнектері негізінде белгілі жанрлық сипат алған кезі болған. Соған қарап қазақ әдебиетін зерттеушілер «шешендік сөз» де-

¹ Б. Адамбаев. Шешендік халық қасиеті, «Жұлдыз», № 8, 1974, 207-б. (Мұндағы «бір сөзі» дегенді кең мағынада түсіну керек.)

² Қ. Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1966, 317-б.

³ Сонда, 317-б.

генді ауыз әдебиетінің бір саласы деп қарастырады¹. Сөз өнері мен өлең-жыр, музыка өнерінің әрқайсысы дербес профессионалдык дәрежеге көтерілмеген кезде, олардың өзара тығыз байланыста болғанын аңғартатын тағы бір жайт — бұрыннан аты қазақ әлеміне әйгілі болған өнер қайраткерлерінің бір сырлы, сегіз қырлы болғандығы. Мысалы, кезінде Жиренше, Қаздауысты Қазыбек, Төле би сияқтылар, кейінгілер қатарындағы — Абай, Естай, Біржан, Ақан, Мұхит, Мәди, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ, Ғазиз сияқтылардың бәрі — әрі ақын, әрі әнші, әрі композитор, әрі шешен жайсаңдар. Олардың осылай танылуы сол өнерлердің өзара тығыз байланыста өмір сүргенінің айғағы болса керек. Бұрынғы өнер тұтастығы біртіндеп жұбын жазып, көп замандарға дейін тарихи даму дәстүрінің жібі үзілмей, әрқайсысы оқшауланғанмен, біріне бірі арқа сүйеп, тығыз байланыста дамыған болар. Өткен ғасырлардағы өнер қайраткерлерінің әрқайсысының бойында сөз өнерімен қатар басқа өнерлердің де сақталуы содан ба деймін.

М. Дүйсенов Қ. Әзірбаевқа арналған «Әсем әуен, сұлу жыр» деген мақаласында, оның жырау, жыршы, әнші болу себебін былай түсіндіреді: «Кенен өлеңдері оның жырларымен тақырыптас, мазмұндас. Соған қарағанда ол әнімен қоса жырын, жырымен қоса әнін егіз екі қатар алып отырған. Айтайын деген ойы ән болып төгіліп, жыр болып ағылып, жарыса қажетке жаранған»². Қазақ халқының атақты халық ақыны Жамбыл туралы да осыны айтуға болады. Оның шәкірті Кененнің бір ерекшелігі — ол әрі композитор. Осылай бір халықтың (не халықтардың) әйгілі ақындарының, тіпті олар «профессионалды халық ақындары»³ болған кезінде де әрі жырау, әрі жыршы, әрі әнші, әрі композитор болуы ол өнерлердің «тақырыптас, мазмұндас» болуын ғана емес, ескі дәстүрдің әлі ескірмегенін аңғартса керек.

Қазір Е. Хасанғалиев, Ә. Бейсеуов сияқты өзі композитор, өзі әнші, өзі орындаушы өнер қайраткерлері жоқ емес, бірақ өнер түрлері тарамданып, өзіндік дербес айырым дәрежеге көтерілген тұста, олар жайында маманданған еңбек бөлісінің мықтап орын тебуі—өресі биік ел-жұрт өнерінің, ғылымымыздың, кадрлардың, өскен өнеріміздің даму талаптары биігінен көрінуі керек.

¹ М. Әуезов. Әдебиет тарихы. 1927, 15-б.; Ж. Сейфуллин. Қазақ әдебиеті. 1-кітап, Алматы, 1932, 144-б.

² М. Дүйсенов. «Әсем әуен, сұлу жыр» («Қазақ әдебиеті», 22 июнь, 1984).

³ Е. Рахмадиев. «Тас бұлақтай таза өнер» («Қазақ әдебиеті», 22 июнь, 1984).

Осы тұста тіл өнерінің де сыр-сипаты өзгеріп, жаңа арнаға қарай ойысып дамып келеді. Қазір қазақ тілі қазақ халқының барлық іс-әрекетіне, өнер-білімге, мәдениетке, ғылымға, оқу-ағарту жұмыстарына қызмет ету орайында жұрт алдында сөйлеудің өткір құралына айналды. Оны қазір шешендік деп атауымыз бұрынғы шешен сөздермен үзегілес дамығанын көрсетсе, екінші жағынан оның мазмұны мүлде басқа. Әдебиетші Б. Адамбаев құрастырған «Шешендік сөздер» деген жинақтың алғы сөзінде былай делінген: «қазақ ауыз әдебиетінің бір саласы — шешендік сөздер... айтыс секілді қазақ ауыз әдебиетінің өзіндік ерекшеліктерін, көркемдік қасиеттерін көрсететін жанр»¹. Бұл жинаққа енген шешендік сөздер «шешендік арнау», «шешендік сын», «шешендік өсиет», «шешендік нақыл», «шешендік толғау», «шешендік дау сөздер» деп бөлінеді. Бұл тармақтарға енгендер — қисынды, өткір, көркем сөздер, ұйқас, ырғаққа құралған өлең жолдары. Шешендік бұлармен шектелмесе керек. Өмірлік қағидалардың бәрі — мақал-мәтел, нақыл сөз, идиома, фразалар, қанатты сөздер — жазу жоқ кезде, хатқа түспей-ақ, дарынды, ой-парасаты жоғары шешендер аузынан шыққан сөздер. Олар кейін халық тілі байлығына айналып, әрқайсысына бөлшек-бөлек ат қойылып, айдар тағылғанмен, бәрібір сөз өнері «шешендік» ауқымынан оқшау кетпейді.

Соларды алға ұстап сөз өнерінің тарихына көз жіберген кісіге шешендіктің фольклормен ұштаса, сол ауыз әдебиетімен бірлігі негізінде пайда болып дамығанын аңғару қиын емес. Шешендіктің фольклорлық дәрежеде болуы — оның қоғам өміріндегі алғашқы қызметі болса, кейін ел арасының саяси-әлеуметтік қарым-қатынастарының күшейген, кейде шиеленіскен кездерінде ол өнер дамып, даралана түсті. Ел арасының дау-жапжалын, ұрыс-шайқастарын найзаның ұшымен, білектің күшімен ғана емес, өткір, даналық сөздің әсерлі, түйінді болжам, келісімдерімен де бітістіретін кездерде ел билеуші ру басы, би, болыс, дана ақсақалдар жұртты аузына қаратты. Сол кезде халықтың қоғамдық-әлеуметтік істерінде шешендік өнер ерекше қызмет атқаратын болды. Бұны көркем әдебиетте кездесетін билер сөзінен аңғаруға болады. Мысалы, «Абай жолындағы», «Ұлпандағы» шешендік сөздер осыған дәлел бола алады. Сол кездегі шешендіктің үлкен тірегі мақал-мәтелдер болатын, өйткені бұлар — шешендік, тапқырлыққа құрылған халық даналығы. Жәнімен, өз орнында айтылған мақал-мәтелдер — асқақ ойлы шындықты әсерлі етіп түсіндірудің құралы. Ол шын жүрекпен шыққан «тура бидің» сөзінде жұмсалса, бір жөн. Халық

¹ Б. Адамбаев. Шешендік сөздер. Алматы, 1967, 5-б.

билерді «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп екі айырғанда, би әділетті, турашыл, шыншыл болса екен дегенді армандайды. Ерте заман билері солай болды ма? Кімнің жерін жерлесе, соның жырын жырлайтын, қай таптың уәкілі болса, сол таптың сөзін сөйлеген шешен, би, манаптар бір жақ, ертегілердегі Аяз би, Жиренше шешен сияқтылар, халықтан шыққан өткір тілді, тапқыр, әділ адамдар бір жақ дегеннің өзінде шаңыраққа, замана тілегіне лайық сөз сөйлеу тек әдептілік емес, ұшқыр ойлылық.

Шешендік — ұзын сонарлы дәстүрлік құбылыс болғандықтан, сөз шеберлерінің соңғылары бұрынғыларынан үйреніп қана қоймаған, олардың терең ойлы сөздерінің мирасқоры болған. Сондықтан Сәкен айтқандай, «бір бидің сөзін екінші би жатқа алып, өзінікі қылып айта берген. Осы күні бір рудан «пәлен бидің сөзі екен» деген сөздерді тексеріп қарасаң, ол биден талай жыл бұрын басқа бір би айтқан сөз болып шығады»¹. Билер сөзінің осылай болуы мирасқорлық тұрғыдан, олардың өнегелі сөздерінің фольклорлық қасиеті тұрғысынан да танылуға тиіс. Әдетте хатқа түспей, әркімдердің жадында сақталатын өлең, жыр қандай дәрежеде болса, солармен әуендес шешендік сөздер де сондай дәрежеде болған.

Әдеби тіл жасалмаған кезде шешендік сөздер қаншама ұтымды, тартымды болғанмен, жазба әдеби тілдің қызметін атқара алмайды. Олар тілдің алтын қоры ретінде кемелдене келіп, әдеби тіл пайда болғанда, сөйлеудің ауызекі тіл стилінің негізін құрайды. Ал әдеби тіл пайда болғанда, соның ерекшеліктерін де бойына сіңіреді. Мысалы, кітаби әдеби тіл пайда болып, қоғамдық қызметі айқындалған кезде, шешендер сонда барды пайдалануды да білімдарлық деп есептеді. Соған кезінде айтылған мына шешендік сөзді дәлел етуге болады: «Сөзді Тұрлыбек бастады... Қадірлі би-болыстар — деп бастады Тұрлыбек.— Ұлы мархабат падишамыздың жоғары дәрежелі елтифаты бойынша, ішкі Ресейден Сібір жеріне келіп орналасып жатқан орыс қара шаруалары қатарында жерге орналасуға өз тарапынан ықтиярлы мағынада еттифақ білдірген қазақ ауылдарын да отырықшыландыру мәселесін сіздердің мәслихатыңызға салуды лайхат көріп, бізді жоғары мәртебелі дала генерал-гәбернаторы жіберіп отыр...»².

Тілдің майын тамызып, сөздің балын ағызатын қас шешен болу онай да емес. Өйткені шешендік дарындылықты керск етеді. Оған сондай талап қойылатындықтан да халық «жүзден бі-

¹ С. Сейфуллин. Қазақ әдебиеті, 1-кітап, Алматы, 1932, 144-б

² Ғ. Мүсірепов. «Ұлпан», 175—176-беттер.

реу шешен, мыңнан біреу көсем болады» дейді. Шешендік от басы, ошақ қасында сыналмайды, жиын, топ алдында, сөз қадірін білетін, «көкірегі сезімді, тілі орамды» көпшілік алдында сыналады.

Шешендік — шеберлік сөйлеу өнері, жоғарыда оны сөйлеу тілінің жоғары формасы дедік. Ол — тіл мәдениетінің бір саласы. Ол құралды әр кезеңде түрліше пайдалануға болады. Тіл, шешендік тек үстем таптық құрал болмағанымен, оның ертедегі азуы алты қарыс, тоң мойын өкілдері өз мүдделерін іске асыруға жұмсады. Бірқатар шешен атанған би-болыс үстем таптың өкілі болғандықтан, бай-манаптардың мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған. Олардың мақал-мәтел аралас уытты сөздері қараңғы халыққа онша түсінікті де бола бермеген. Өйткені олар ойын дәл, тура айтпай, оралта, бүкпелеп, жұмбақтай сөйлейтін. Егер атақты Демосфен, Цицерондар өз елдерінің мұң-зарын, қоғамдық мәні бар саяси, рухани мәселелер туралы қалың көптің алдына шығып сөз жарыстырған болса, қазақ даласының шешен би-болыстары халықтан оқшауланып, «күлтөбенің басында», ауыл маңынан аулақтау жердегі көгалда бас қосып, алқа қотан отырып алып, бірін-бірі аңдыған түлкідей, қабақ шытып, сөз қатып, алыстан орағытып, қарсы жақтың тамырын ұстауға тырысатын; дауға қарсы дау айту, сөзбен бірінің бірі сағын сындыру, ел дәстүріне, әдет-ғұрыпқа негізделген уәж айтып, сөз сайысына шығу сол бір ескі заманның ұнамды-ұнамсыз дәстүрі болатын. Оларда көбіне жер дауы, жесір дауы, мал-мүлік дауы сөз болатын. Сондайға бір мысал: Мұхтар Әуезов «Еңлік—Кебек» трагедиясында Кеңгірбай бидің «ақ үйі — кең ордасы» ішінде бас қосқан найман мен тобықты руларының белді билерінің шешендік салғасу картинасын жақсы көрсетеді. Ондағы билер сөздерінің жалпы сипаттамасы мынау: «Найманның Еспембет биі «сөз ұстары» болғанда, жесір дауын сөздің күшімен ғана емес, оның артында батыр Есен бастаған жүз шақты білек күші де дайын тұрады. Сондықтан Еспембет ызалы, ызғарлы, екінің бірі деп келте қайырып, бүкпелеп, оралтып сөйлейді. Ол тобықтының биі Көбейге қарап:

— Көбей, мен билікті саған айтқызсам, өз ойдағымнан асырып түсіреді деп айтқызсам. Егер есі-дертін менің дауымды жасытпақ болсаң, жайдақтап жадағайлатпақ болсаң, мен билікті айтқызбаймын (қатты). Мен тұщы етіме ащы таяқ тиді деп отырмын. Шолақ байталдың құйрығындай тобықты, өктемдігің асты деймін. Тасқан судай кемеріңнен асып отырсың сен»¹.

Бұл дауда егескен шешендердің бәрі де ой-пікірін жаттаң-

¹ М. Әуезов. Шығармалар, 8-том, 37-б.

ды мақал-мәтел, теңеу, метафора, фраза араласқан сөйлемдермен ұшқарылайды, мысалы: *алалы жылқы, ақтылы қой, тебінгіден тер, қабырғадан қан, сыныққа сылтау, түймедейді түйедей, бас жарылса бөрік ішінде, иттің иесі болса, бөрінің тәңірі бар, оразаның түбіне мақсым жетер, азғын елдің түбіне тақсыр жетер*.

Шешендік сөздің бір нұсқасы риторикалық қаратпа байлам, риторикалық сұрақ болса, солар Қараменде бидің сөзінен ачық байқалады:

— Ағайын, көзіңе қан толып, түгінді сыртыңа теуіп, бүгінгі сөзге осынша түйіліп отырсың. Осының артынан ертеңгі сөзге, ертеңгі бәлеге көзіңді салдың ба?.. Осы отырған аламаншың маңдай алды бір туысқан бауырының қанын төгем дейсің, немесе екі ру елдің еңкейген кәрі, еңбектеген баласының қанын төгіп, жасын ағызамын дейсің. Ел шырқын бұзамын дейсің. Қай сөзінде мақұлдық бар? Қай сөзінде қасиет бар? Ненді қадір тұтайын?.. Осылай, ел қамын жейтін озық ойлы шешендердің сөздері шындықты уағыздайтындықтан, тындаушыларына әсерлі болады. Ал Еспенбет би жауыздықты билігінің арқауы етеді: «...менің билігіме тобықты баласы тоқтайтын болсаң, өз тентегің ана Кебек, қыз-атамның аруағына қастық қылған менің тентегім, екеуін шығарып бер былай, мойнына арқан таққызып, өз қолымнан өлтіремін (тым-тырыс). Қазір етем осыны. Әкпел, ұстат қолыма».

Мұнда сүйгеніне қосылған қызды «атамның аруағына қастық қылған» деп кінәласа, мұның алдамшы дәлел екенін ол білмейді емес, біледі. Бірақ ол биге керегі жауыздық.

Ондайлар бүкпелі, астарлы сөздерге бой ұрады дегенге тағы бір мысал: «...тағы бір берер таңдауым, тура тұрысатын жеріңді айт, менің қолым жасанып дайын отыр. Тобықтының жығасы жығылмайды екен ғой бұл...» дейді әлгі Еспенбет. Ол тағы бірде «ылғи кер тартып, кесір шыға беретін қарғыс атты мен-ақ ала берем бе?» дегені — өзін қарғыс атқан кертартпа би деп бағалаушылардың сөзін естіп жүргенін аңғартады.

Сөйтіп, бидің бәрі бірдей емес: әділ би, әділетсіз, бүйрегі бұрғыш би болған. Өзінің дарынды сөз өнерін халыққа, ел-жұртына адал еңбек етуге жұмсайтын шешен билер болса, енді бір-қатары қарғыс атқан кертартпа болған көрінеді. Соңғылар «үстем таптың және үстем тап ықпалындағы елдің санасын, тәжірибесін билеген, ескілік санаға күзет болған, елдің заңының, ережелерінің бұзылмауына күзет болған, елге «үлгілі», «өнегелі» сөз айтқан билер ислам дінінің дәуірлеп тұрған заманында мұсылман елінің тұрмысын, санасын, тәрбиесін билеген, шариғат, бәтуа айтқан ғалымдар тәрізді болған. не қазіргі заманда-

ғы өзіміздің заң, үгіт-насихат, білім орындарымыз тәрізді болған»,— дейді Сәкен Сейфуллин.

Бидің де биі бар, шешеннің де шешені бар. Сондай билердің биі, шешеннің шешені аталып, қазақ даласына даңқы шыққан, мысалы, Төле биді, Қаздауысты Қазыбекті, Қаражігіт Әйтеке шешенді, «көмей әулиесі» атанған Бұхар жырауды мақтаныш етпеске болмайды. Олар сөз қадірін білетін, шешендік өнерінің көрнекті уәкілдері ретінде сөз өнері төрінен ерекше орын алады.

Шешендік — сөйлеу тілінің орамды формасы. Оның қоғамдық қызметі әрбір тарихи кезеңде әр түрлі болып құбылуы қызметінің өзгеруімен байланысты. Сол орайда қазіргі шешендер және шешендік бұрынғыларға мүлде ұқсамайды. Қазіргі шешендік саясатпен, өнер-біліммен, экономикамен байланыста дамидықтан, жұрт алдында айтылған сөз дәл, мүлтіксіз болуды керек етеді. Сол үшін хатқа қарап, жазғанды оқып сөйлеу ерекше күш алды. Бірақ тыңдаушы үшін қағазға қарамай дәмді етіп сөйлеу әлдеқайда тартымды болады.

Шешендік көркем әдебиет тілінің эмоция, экспрессияға негізделген көріктеу тәсілінің бірі болуға тиіс. Аға жазушылардың (мысалы, Мұхтар, Ғабиттердің) жазғандарында сол байқалады. Соңғы жылдары жарық көрген романдардың бірі С. Смағұловтың «Елім-айында» да көркем сөздің жақсы үлгілері бар. Ондайлар тек бірер автордың стиль ерекшелігі болмай, жалпы көркем әдебиетке, сөйлеу тіліне тән сөз тұздығы болуға тиіс. Көркем сөзде автордың, не кейіпкердің шешіліп, шешен сөйлеп кеткен жолдары болмаса, шығарма тартымды болмайды, көркемдік сапасы төмен болады.

Совет тұсында шешендік өнер лениндік принциппен, шындықты дәлме-дәл, жайдары да уытты сөздермен, кестелі сөйлемдермен айтуға негізделіп дамып келеді. Совет халқының жаңа тұрмыс құру жолындағы іс-әрекетінің бәрінде сондай шешендік өнерінің тікелей қатысты болмайтын жері жоқ. Әр түрлі жиналыстарда, жоғары оқу орындарының кафедраларында, театрлардың сахналарында, радио-телевидение, сот залында, өндіріс орындарында... барлық жерде, шешендік сөзді қолданудың шегі жоқ. Сөз мәдениетіне үйір кісілер болса дейміз.

М А З М Ұ Н Ы

Сөз басы

I. Әдеби тіл және тіл мәдениеті

1. Әдеби тілдің сипаттамасы
2. Әдебиет тілі мен әдеби тіл бір ме?
3. Оқушының әдеби тілді оқып үйрену дағдысы
4. Әдеби тілдің мәдениеті туралы
5. Жастардың тіл мәдениетін дамытуға ата-ана қамқорлығы

II. Қазақ тілін оқыту талаптары

1. Тілдік норма — биік талғам
2. Сауаттылық және біріккен сөздердің орфографиясы
3. Сөздердің айтылуы мен жазылуы
4. Сөз тіркесінің жалпы сипаттамасы
5. Сөз тіркестерін оқытуға қойылатын талаптар
6. Грамматикалық талдаудың негіздері

III. Сөйлеу мәдениеті және шешендік

1. Тіл дамыту
2. Шешендіктің сипаттамасы
3. Шешендіктің шежіресінен

15-00

15r.

M